Өмірдегі мақсаттары шкаласы бойынша неғұрлым жоғары балл жинаған зерттелінуші өмірде нақты мақсаты, нақты бағдары бар, өткен өмірі мен қазіргі өмірінің мән-мағынасы бар, өміріне мән беретін, өмірлік күш-қуат алатын позиция ұстанады, бүкіл өміріне ниеті түзу, айналысатын сүйікті әрекеттері бар.

Өмірдегі мақсаттары шкаласы бойынша неғұрлым төмен балл жинаған зерттелінушінің өмірлік мәні жоғалған, алдына қойған ниеті мен мақсаттары аз немесе санаулы ғана, бағыттылық сезім жоқ, өзінің өткен өмірінен еш мән таппайды, өмірлік мән-мағынасын анықтайтын өзіндік ұстанымы жоқ немесе болашағына сенімсіз.

Өзін-өзі қабылдау шкаласы бойынша неғұрлым жоғары балл жинаған зерттелінуші өзіне позитивті қарайды, өзінің әртүрлі жақстарын, жақсы және жаман қасиеттерін біледі, және адекватты қабылдайды, өзінің өткен өмірін жағымды бағалайды.

Өзін-өзі қабылдау шкаласы бойынша неғұрлым төмен балл жинаған зерттелінуші өзіне көңілі толмайды, өзінің өткен өміріне риза емес, өзінің бірқатар тұлғалық қасиеттерін еаландаушылық байқалады, өзі қандай болса, сондай болғысы келмейді.

Зерттеу нәтижелері. Еліміздегі жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің қоршаған ортаға позитивті қатынас ($x=52,7$, $\sigma=6,52$), автономия ($x=55,9$, $\sigma=6,86$), тұлғалық өсу ($x=65,9$, $\sigma=4,94$), өмірдегі мақсаттар ($x=62,2$, $\sigma=5,16$), қоршаған ортамен байланыс ($x=56,1$, $\sigma=6,27$), өзін-өзі қабылдау шкалалары ($x=57,4$, $\sigma=6,99$) бойынша деңгейлік көрсеткіштері жалпы алғанда орташа мәнге ие. Дегенмен шкалалар ішінен тұлғалық өсу шкаласы басқа шкалалардан қарағанда орташа баллы жоғары екендігін көруге болады. Бұл дегеніміз қазақстандық студенттер өзін-өзі үнемі жүзеге асырып, өзін-өзі үнемі дамытып отырады, жаңа тәжірибелерді игеруге ашық келеді, өзінің әрекеттерін жақсартып отыруға бейім, қоғам талаптарына орай өсіп, соның негізінде жетістіктеріне сәйкес өзгеріп отырады.



Сурет 1. Студенттердің психологиялық әл-ауқат шкалалары бойынша көрсеткіштері.




Диаграмма 1. Студенттердің психологиялық әл-ауқат көріністері

Эксперименттің зерттеу нәтижесінен алынған мәліметтерге сүйенетін болсақ, студенттердің психологиялық әл-ауқат көріністері 6 шкала бойынша әртүрлі деңгейдегі мәнге ие.

Студенттердің 58% қоршаған ортаға позитивті қатынас шкаласы бойынша орташа балл жинаған. Бұл студенттердің көпшілігі адамдармен сенімді қатынаста болатынын, айналасын-

дағыларға қанағаттанатындығын, басқа адамдарға қамқорлық жасауға дайын, жанашырлық, бауырбасушылық, өзара түсіністік басымдығын көрсетеді. Қоршаған ортаға позитивтілігі төмен студенттердің 32% айналасындағы адамдарға жылу көрсетіп, ашылып әңгіме айтуға, басқа адамдарға қамқорлық көрсету қиынға соғады.

Кесте 1. Психологиялық әл-қуат шкалалары бойынша көріну деңгейлері

қ/с	Шкала атаулары	Жоғары	Орташа	Төмен
1	Басқалармен позитивті қатынас	10	58	32
2	Автономия	27	61	10
3	Қоршаған ортамен байланыс	23	74	3
4	Тұлғалық өсу	25	70	5
5	Өмірдегі мақсаттар	6	75	19
6	Өзін-өзі қабылдау	7	69	24

Психологиялық әл-ауқаттың автономиялық шкаласы бойынша студенттердің көпшілігі 61% өзбеттілігімен, тәуелсіздігімен ерекшеленеді, нақты бір ой, нақты бір әрекет орындау міндетіне қарсылық білдіре алады, өз мінез-құлқын өз бетінше реттей алады, өзінің тұлғалық, жекелік қасиеттерін адекватты бағалайды. Автономиялылығы төмен болған студенттердің 12% өзі қоршаған адамдардың берген бағасы мен пікірлеріне тәуелді болады, маңызды шешім қабылдау кезінде басқа адамдардың пікіріне бағытталып кетеді, айналасындағылардың ой-пікіріне көнгіш, бағынышты болады.

Қоршаған ортамен байланыс шкаласы бойынша студенттердің көпшілігі 74% орташа, 23% жоғары балл жинаған. Бұл олардың билікке бейімділікті, қоршаған ортаны күзіретті басқара алатын, сыртқы болып жатқан барлық әрекеттерге бақылау жасап жүретінін білдіреді. Сондай-ақ, өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мен мақсаттарына жету үшін барлық мүмкіндіктерді эффективті қолдана алады. Қоршаған ортамен байланыс шкаласы бойынша неғұрлым төмен деңгейдегі зерттелінушілер саны өте аз. Бұл деген сөз, студенттер тіпті де өзіндік өмірлік іс-әрекеттерді ұйымдастыруда қиындықтарды сезбейді, қалыптасқан жағдайды өзгертуге немесе жақсартуға қабілеттілік байқалады.

Зерттеуімізден байқағанмыздай, студенттердің психологиялық әл-ауқат шкалалары бойынша тұлғалық өсуге деген қатынасы едәуір оңтайлы. Демек, студенттердің көпшілігі 70%-ы орташа, 25% жоғары балл жинау арқылы өзін-өзі жүзеге асыру мен дамудың үздіксіздігін сезінеді, өзінің «өсіп» жатқандығын қабылдайды, жаңа тәжірибелерді игеруге дайын, уақыт ағынына орай өзінің потенциалының жүзеге асып жатқандығын сезінеді, жасы ұлғайған сайын соған сәйкес өзіндік танымы мен жетістіктері де өзгеріп жатқанын аңғарады. Аталмыш шкала бойынша да төмен деңгейлік көрсеткіш аз 5%-ды құрайды. Басқаша айтқанда жастардың өзіндік тұлғалық және кәсіби дамуы – болашақ өмірінің кепілі екендігін саналы ұғынатындығын аңғартады.

Студенттердің психологиялық әл-ауқат критерийлерінің бірі ретінде - өмірдегі мақсаттары шкаласы бойынша студенттердің көпшілігі 75% орташа, 6% орташа деңгейлікке ие. Яғни бұл студенттердің өмірде нақты мақсаты, нақты бағдары бар, өткен өмірі мен қазіргі өмірінің мән-мағынасын түсінеді, өмірлік күш-қуат алатын позициялық ұстанымға ие, өзі сүйіп орындайтын іс-әрекеттері де бар. Дегенмен, өмірдегі мақсаттары шкаласы бойынша төмен балл жинаған студенттер де жеткілікті, 19%-ды құрайды. Өмірдің мәнін іздеп жүрген, алдына қойған күрделі мақсат-міндеттерді қоюға күдіктенетін, өзінің өткен өміріне көңілі тола бермейтін, өзіндік ұстанымы айқын болмағандықтан, болашағына да сенімсіздікпен қарайтын студенттер кездеседі.


Тұлғалық өсу мен өмірдегі мақсаттар шкаласы бойынша тұжырымдайтын болсақ, студенттердің көпшілігі мансаптық өсуге жоғары ниеттілік тани бергенімен, мақсаттарын айқындау мен күрделі мақсат-міндеттер қоя бермейтіндігін байқауға болады.

Зерттеуімізге қатысқан студенттердің 69% өзін-өзі қабылдау шкаласы бойынша орташа, 24% төмен, 7% жоғары деңгейді көрсетті. Өзін-өзі қабылдау шкаласы неғұрлым жоғары болған сайын студенттердің өзіне позитивті қарайтыны, өзінің жақсы және жаман қасиеттерін білетіні, өзін адекватты қабылдайтыны, өзінің өткен өмірін оң бағалайтынын көрсетсе, неғұрлым төмен болған сайын, студенттер өзіне көңілі тола бермейтінін, өзінің өткен өміріне риза еместігін, өзінің бірқатар тұлғалық қасиеттеріне алаңдаушылығын білдіреді.

Ендігі кезекте, ресейлік және вьетнамдық студенттерге жүргізілген зерттеуді басшылыққа ала отырып, әр елдің жоғары қу орындарында оқитын білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын сипаттайтын шкалалар бойынша талдау жасайтын боламыз. Нгуен Ван Ут Ньи зерттеу мәліметі бойынша ресейлік студенттерде «Қоршаған ортаға позитивті қатынас» шкаласы » ($x=65,61$, $\sigma=7,25$), «Өмірдегі мақсаттар» шкаласы » ($x=65,42$, $\sigma=6,01$) едәуір жоғары бағаға ие болса, «Тұлғалық өсу» шкаласы ($x=62,92$, $\sigma=7,56$) және «Қоршаған ортамен байланыс» шкаласы ($x=58,05$, $\sigma=7,51$) біршеме төмен баллдық көрсеткішке ие болғанын көрсетеді.


Ал вьетнамдық студенттердегі көрсеткіште «Өмірдегі мақсаттар» шкаласы ($x=64,48$, $\sigma=7,30$), «Тұлғалық өсу» шкаласы ($x=63,57$, $\sigma=7,48$) жоғары болса, ал «Автономия» шкаласы» ($x=54,64$, $\sigma=8,49$) төмендеу көрінеді.

Біздің елде жүргізілген эксперименттік зерттеу нәтижелері көрсеткіштері бойынша қазақстандық студенттердің қоршаған ортаға позитивті қатынас ($x=52,7$, $\sigma=6,52$), автономия ($x=55,9$, $\sigma=6,86$), тұлғалық өсу ($x=65,9$, $\sigma=4,94$), өмірдегі мақсаттар ($x=62,2$, $\sigma=5,16$), қоршаған ортамен байланыс ($x=56,1$, $\sigma=6,27$), өзін-өзі қабылдау шкалалары ($x=57,4$, $\sigma=6,99$) бойынша деңгейлік көрсеткіштері анықталды. Аталмыш көрсеткіштерді жалпылай отырып кестеде көрсетейік.



Сурет 2. Вьетнамдық, ресейлік, қазақстандық студенттердің психологиялық әл-ауқат шкалалары бойынша көрсеткіштері

Сондай-ақ, жалпы осы үш елдің студенттерінің психологиялық әл-ауқат деңгейлері бойынша көрсеткіштер беріледі.



Сурет 3. Вьетнамдық, ресейлік, қазақстандық студенттердің жалпы психологиялық әл-ауқат деңгейлері

Талқылау.

Зерттеу нәтижелерінен байқағанымыздай, қазақстандық студенттердің басқа елдегі студенттердің психологиялық әл-ауқатына қарағанда өзгешелік бар екендігін көруге болады. Айталық, тұлғалық өсу шкаласы бойынша басқа елдердің алдында тұрса, автономдылығы вьетнамдықтарға қарағанда басымдылығын көрсетсе, позитивті қатынас шкаласы бойынша ресейліктермен тең келеді. Дегенмен, жалпы нәтижелерге салыстырмалы талдау жасайтын болсақ, қазақстандық студенттер арасында психологиялық әл-ауқаты жоғары деңгейдегі студенттер саны аз, ал психологиялық әл-ауқаты төмен студенттер пайызы көп. Олай болса, еліміздегі студенттердің психологиялық әл-ауқатын жақсартуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру қажет екендігі көрінеді.

С.И. Оксаничтің зерттеуі студенттің психологиялық дені сау тұлғасын сақтауға және оны қолдауға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық арнайы жағдайлар құру керектігін баса айтып кетеді. Оның пайымдауынша жоғары оқу орындарында психологиялық қызмет арнайы ұйымдастырыла отырып, ол қызмет студенттердің психологиялық дамуын қамтамасыз ету керек, білім беру ортасын психологиялық сүйемелдеу керек, психологиялық денсаулықты сақтау мен сүйемелдеудің арнайы бағдарламасы болу керектігін дәлелдейді [17].

А.В. Медведев жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби мамандану үрдісінде олардың психологиялық денсаулығын дамытудың әлеуметтік-психологиялық аспектілерін дәйектей келе, студенттің болашақ маман ретінде психологиялық тұрақтылығын өзара тұлға аралық қарым-қатынасты тиімді құру мен жетілдіру арқылы қол жеткізуге болатындығын тұжырымдайды. Оған қоса, студенттердің салауатты өмір салтын құра білуге ұстанымдарын қалыптастыруға негіз болатын өзара тұлға аралық қарым-қатынастың ролін көрсетеді [18].

Қорытынды.

Студенттердің психологиялық денсаулығы негізі болып табылатын психологиялық әл-ауқатын жетілдіру құралы ретінде өзара тұлға аралық қарым-қатынас маңызды болып табылады. Сондықтан жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби білім беру ортасы позитивті қатынасқа негізделіп, басқа адамдармен сенімді қатынаста болып, эмпатия, өзара түсіністік болуды қамтамасыз ету арқылы, өзіндік ой-пікірі мен іс-әрекеттерін тәуелсіз, автономды болуға бағыттау арқылы, қоршаған ортасымен үйлесімді байланыста болуда, мақсатына жетуде қиыншылықтарды жеңе білуде күзиреттілікті қалыптастыру арқылы, өмірлік, психологиялық

күш-куат алатын позицияларды реттей алуға бағытталған психологиялық қызмет көрсету негізінде студенттердің психологиялық ахуалын жақсарту аламыз.

References:

- 1 Bratus B.S. *Moral consciousness of personality (Psychological research)*. – M.: Knowledge, 1985. – 64 b. – (New in life, science, technology. Ser. "Ethics": No. 3).
- 2 Myasishchev V.N. *The concept of personality in aspects of norm and pathology. "Psychology of relationships"*. Moscow–Voronezh, 1995. –48-53 b
- 3 Chung Tan Lo. *The modern Vietnamese and his well-being / Chan Tuan Lo // Human research, education, development and the 21st century: Materials of scientific conference – Hanoi, 1997. – 121 p. (in Viet.yaz.)*.
- 4 Ermentaeva A. R. *the subject basis of Health Psychology //materials of the international scientific conference on the topic"psychology of human health in the world of globalization", Gumilyov ENU, Astana, 2013. – pp. 15-20.*
- 5 Nietbaeva G. B. *The development of psychological health of students at the present stage. Ready to receive a PhD degree. Diss. – Almaty, 2014*
- 6 Boniwell I. *Keys to Well-being: what positive psychology can do / I. Bonivell. – M.: Vremya, 2009. – 192 p*
- 7 *Psychology today: Collection of scientific articles of the 13th All–Russian Scientific and Practical Conference (April 20-21, 2011, Esa Edinburgh) / Ed. for the issue of A.M. Pavlov. – Yekaterinburg: FGAOU VPO "Russian State Prof.-ped. un-t", 2011. – 268 p.*
- 8 Voronina A.V. *Assessment of the psychological well-being of schoolchildren in the system of preventive and correlative work of the psychological service: Abstract. dis. cand. psychological sciences / A.V. Voronina.– Tomsk, 2002. – 25 p.*
- 9 Vodiha S.A. *Predictors of psychological well-being of students /S.A. Vodiha // Pedagogical education in Russia. – 2013. – Issue 1. – pp. 70-74.*
- 10 Kreuter, M.W. & Strecher, V. (1995). *Changing inaccurate perceptions of health risk: Results from a randomised trial. Health Psychology, 14, 55–63. <https://doi.org/10.1037/0278-6133.14.1.5>*
- 11 Slovic, P., Fischhof, B., & Lichtenstein, S. (1976). *Cognitive processes and social risk taking. In J.S. Carroll & J.W. Payne (Eds.). Cognitive and Social Behavior, 165–184. Potomac, MD: Lawrence Erlbaum Associates, Inc*
- 12 Diener, E., Sapyta, J., & Suh, E. (1998). *Subjective well-being is essential to well-being. Psychological Inquiry, 9, 33–37. <https://doi.org/10.1207/s1>*
- 13 Zotova O.Yu., Karapetyan L.V. *Psychological security as the basis of psychological well-being of the individual (analytical review). Psychology in Russia: current state, 11(2), 2018.*
- 14 *European Social Survey (2015). Measuring and Reporting on Europeans' Wellbeing: Findings from the European Social Survey. London: ESS ERIC.*
- 15 Pham Min Hack. *Methodology of research in psychology / Pham Minhak. – Hanoi, 1986. – 203 p.*
- 16 Nguyen V.U. *Psychological well-being of Vietnamese and Russian students at universities (on the example of Voronezh) // Universum: Psychology and Education : electron. scientific. journal 2019. №. 10(64). URL: <http://7universum.com/ru/psy/archive/item/7837>*
- 17 Oksana S.I. *Social activity as a condition for the preservation and maintenance of psychological health of students // World through languages, education, culture: Russia - the Caucasus - the World Community: Materials of the VI International. Congr.- Pyatigorsk : Publishing House of PSLU, 2010. – pp. 211-213.*
- 18 Medvedev A.V. *Socio-psychological aspects of the development of psychological health of students in the process of professionalization at the university. Abstract of dis k.psychol.n. Kursk, 2010. – 23p.*

М.А. Амирбекова¹, Г.Т. Ысқақ², Д.Е. Абдраманова¹

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

²Туран университеті (Қазақстан, Алматық)

КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫН АРТ-ТЕРАПИЯ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Психологиядағы басты мәселелердің бірі балалардың тұлғааралық қатынас біліктерін қалыптастыру, себебі бұл біліктердің болмауы тұлғаның социумда өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі белсендіру процесін қиындатады, конструктивті қарым-қатынас құра алмауға және кіші мектеп оқушысының мінез-құлқында ауытқулардың пайда болуына әкеледі. Психологтар тұлғааралық қарым-қатынас біліктерін қалыптастыру бойынша жұмысты кіші мектеп звенода бастау керектігін баса айтады, өйткені, дәл осы жастық даму кезеңінде тұлғалық сапалардың іргетасы қалыптасады, мінез-құлық нормалары бекиді. Зерттеу жұмысының мақсаты: кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарын қалыптастыруда арттерапияның мүмкіндіктері мен тиімділігін анықтау болды. Кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарын арт-терапия құралдары арқылы қалыптастырудың теориялық аспектілері қарастырылды. Топтық арт-терапия жаттығуларынан құрастырылған тиімді бағдарлама бойынша түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу арқылы кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарын қалыптастыру мүмкін екендігіне көз жеткізілді. Зерттеу нәтижелері кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарын дамыту мақсатында арттерапия әдістерін қолдану ерекшеліктері туралы әдебиет көздеріндегі мәліметтерді жалпылауға, жүйелеуге және толықтыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: кіші мектеп оқушысы, тұлғааралық қатынас, тұлғааралық өзара әрекеттесу, коммуникативті білік, арт-терапия, социометрия.

Амирбекова М.А.¹, Ысқақ Г.Т.², Абдраманова Д.Е.¹

¹Казахский национальный педагогический университет

²Университет Туран, (Казахстан, Алматы)

ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖЛИЧНОСТНЫХ ОТНОШЕНИЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ СРЕДСТВАМИ АРТ-ТЕРАПИИ

Аннотация

Одной из главных проблем в психологии является формирование у детей умений межличностного общения, так как отсутствие этих умений затрудняет процесс самореализации и самореализации личности в социуме, приводит к неспособности строить конструктивные отношения и появлению отклонений в поведении младшего школьника. Психологи подчеркивают, что работу по формированию умений межличностного общения нужно начинать в младшем школьном звене, ведь именно на этом этапе возрастного развития формируется фундамент личностных качеств, закрепляются нормы поведения. Цель исследовательской работы: выявить возможности и эффективность арттерапии в формировании межличностных отношений младших школьников. Рассмотрены теоретические аспекты формирования межличностных отношений младших школьников средствами арт-терапии. Было убеждено, что формирование межличностных отношений младших школьников возможно путем проведения коррекционно-развивающей работы по эффективной программе, составленной из упражнений

групповой арт-терапии. Результаты исследования позволяют обобщить, систематизировать и дополнить сведения из источников литературы об особенностях применения методов арттерапии в целях развития межличностных отношений младших школьников.

Ключевые слова: младший школьник, межличностное общение, межличностное взаимодействие, коммуникативные навыки, арт-терапия, социометрия.

M.Amirbekova¹, G.Yskak², D.Abdramanova¹

¹*Kazakh National Women's Pedagogical University*

²*Turan university (Almaty, Kazakhstan)*

THE FORMATION OF INTERPERSONAL RELATIONSHIPS OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN THROUGH THE MEANS OF ART THERAPY

Abstract

One of the main problems in psychology is the formation of interpersonal communication skills in children, since the lack of these skills complicates the process of self-realization and self-realization of the individual in society, leads to the inability to build constructive relationships and the appearance of deviations in the behavior of a younger student. Psychologists emphasize that the work on the formation of interpersonal communication skills should begin at the junior school level, because it is at this stage of age development that the foundation of personal qualities is formed, norms of behavior are fixed. The purpose of the research work: to identify the possibilities and effectiveness of art therapy in the formation of interpersonal relationships of younger schoolchildren. The theoretical aspects of the formation of interpersonal relationships of younger schoolchildren by means of art therapy are considered. It was convinced that the formation of interpersonal relationships of younger schoolchildren is possible by carrying out correctional and developmental work on an effective program composed of exercises of group art therapy. The results of the study allow us to generalize, systematize and supplement information from literature sources about the peculiarities of the use of art therapy methods in order to develop interpersonal relationships of younger schoolchildren.

Keywords: junior high school student, interpersonal communication, interpersonal interaction, communication skills, art therapy, sociometry.

Кіріспе

Қ.Б. Жарықбаев пен О.С. Саңғылбаевтың психологиялық сөздігінде: «қарым-қатынас жасай білу жалпы адами қасиеттердің аса қажет түрінің бірі. Тұлғааралық қатынастың негізінде адамда негізгі тұлғалық сапалы қасиеттері қалыптасады» делінген [1]. Қарым-қатынастың концептуалды негіздері Б.Г. Ананьев [2], Е.П. Ильин [3], В.М. Бехтерев [4], Л.С. Выготский [5], еңбектерінде баяндалған. С.Л. Рубинштейн қарым-қатынастың адам іс-әрекетінің кез-келген өрісіндегі маңыздылығын атай отырып, адам тіршілігінің әмбебап тәсілі ретінде қарастырған [6]. Қарым-қатынас іс-әрекеттің басты тәсілі ретінде әлеуметтік сферада ерекше маңызға ие. Қарым-қатынас процесінде индивидтердің рационалды, эмоционалды және еріктік өзараәрекеттесулері жүреді, сезімдердің, көңіл-күйдің, ойлар мен көзқарастардың ортақтығы қалыптасады, өзара түсіністікке қол жеткізіледі. Қазіргі ғалымдар тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары мен біліктерін дамытуда маңызды рөлді кіші мектеп жасының үлесіне береді, өйткені, олар алғаш мектепке келгенде құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу қиындықтарын бастан өткереді.

Кіші мектеп жасындағы балаларға қарым-қатынастың аса кең диапазондағы түрлі коммуникативті әрекеттер, қарым-қатынастың айқын эмоционалды қанықтығы, қарым-қатынас кезінде балалар байланыстарының стандартты еместігі мен регламенттелінбегендігі, жауап әрекеттеріне қарағанда бастамашыл әрекеттердің басымдығы тән болғандықтан, арттерапияның

әр түрлі әдістерін қолдана отырып, біз осы қажеттіліктерді қанағаттандыра және тұлғааралық қарым-қатынас біліктерін қалыптастыра аламыз.

Кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қарым-қатынасы мәселесі көптеген жылдар бойы өз өзектілігін жоймай келе жатқан психологиялық мәселелердің бірі.

Тұлғааралық қатынастар құрамында үш элементті бөліп көрсетуге болады:

- когнитивті (гностикалық, ақпараттық);
- аффективті (эмоциональдық);
- мінез-құлықтық (практикалық, регулятивті).

Когнитивті элемент тұлғааралық қатынастарда не ұнайды немесе не ұнамайды дегенді ұғынудан тұрады. Аффективті элемент адамдардың өзара қатынастар процесінде туындайтын сезімдері мен эмоцияларының (жағымды немесе жағымсыз) жиынтығынан көрінеді. Тұлғааралық қатынастарда эмоциялық элементке жетекші рөл беріледі. Ал, мінез-құлықтық компонент адамдардың бір-біріне қатысты нақты әрекеттерінен көрінеді.

Тұлғааралық қатынастар табиғаты қоғамдық қатынастар табиғатынан айтарлықтай ерекшеленеді, өйткені олардың негізінде эмоционалдық бастама жатыр, олар адамдарда бір-біріне қатысты пайда болатын сезімдердің, эмоциялардың негізінде құрылады. Сол себепті тұлғааралық қатынастарды топтың психологиялық «климатының» факторы ретінде қарастыруға болады.

Кіші мектеп жасы-бұл баланың өмірінің ерекше кезеңі. Кіші мектеп оқушыларына қазіргі мектептің 1-4 сыныптарында оқитын 6,7–10 жастағы балалар кіреді.

Д.Б. Элькониннің пікірінше, мектепте оқудың басталуымен баланың қоршаған болмысқа деген қатынастарында өзгерістер жүреді [16].

Қазіргі зерттеулерде 6-7 жасқа қарай балаларда құрдастарына, олармен өзара әрекеттесуге деген қызығушылық артатындығы, олардың тарапынан мойындалуға деген қажеттілік артатындығы айтылады. Дәл осы кезеңде «Мен – басқа» тұлғасының негізі қаланады, ол өмір бойы адам мінез-құлқының негізін құрайды.

Кіші мектеп оқушыларындағы тұлғааралық қатынастардың сипаты Кіші мектеп мектепте оқудың бүкіл кезеңінде айтарлықтай өзгеріске ұшырап отыратындығын атап өткен жөн. Қарым-қатынастың мазмұнында, қажеттіліктерінде, мотивтері мен құралдарында өзгерістер байқалады, олар біртіндеп пайда болуы мүмкін, сондай-ақ, айқын көріністері мен сапалық өзгерістер болуы да мүмкін. Бірінші өзгеріс – бұл бала өмірінде басқа балалардың маңыздылығының күрт артуы. Екінші өзгеріс біршама үйлесімді және бауыр басушылық, достық қатынастардың пайда болуынан, балалар арасындағы тұрақты және эмоционалды қатынастардың дамуынан тұрады.

Балалық шақта тұлғааралық қатынастарды қалыптастыру саласындағы қазіргі зерттеулер кіші мектеп оқушылары арасында коммуникативті дағдылардың, әсіресе, құрдастарымен тұлғааралық өзараәрекеттесу дағдыларының даму деңгейі төмен екендігін анықтады. Кіші мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік біліктілігінің жеткіліксіздігі, құрдастарымен қарым-қатынастағы дәрменсіздік қарапайым конфликтілерді шеше алмауына әсер етеді.

Кіші мектеп оқушысы тұлғасының қалыптасуы мұғалімдермен және құрдастарымен жаңа қатынастардың ықпалымен, жаңа ұжымға, жаңа іс-әрекет түріне ену арқылы жүреді. Дәл осы тұлғааралық қатынастар баланың эмоционалды байланысқа түсу, қауіпсіздікке деген, тұлға болуға деген ұмтылыс сияқты негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады.

Арт-терапия-бұл соңғы жылдары өте белсенді және қарқынды дамып жатқан психотерапияның жаңа әдісі.

Арт-терапияның практикалық мүмкіндіктері оқушылардың әлеуметтік-психологиялық дамуын оңтайландыруға мүмкіндік туғызады. Мектептегі қиындықтарды, тұлғааралық конфликтілерді, оқу процесімен байланысты мәселелерді бейнелерге айналдыра отырып, бала шығармашылық жұмыс арқылы өзінің эмоциялық сезімдері мен ішкі конфликтілерін көрнекілік арқылы топ мүшелері конфликтілі ситуацияларды жағымды түрге айналдырып, әлеуметтік қолайлы мінез-құлық модельдерін қалыптастырады. Арт-терапия арқылы топта жұмыс істеу ерекшелігі топтық бірдейлікті қалыптастыруға, топтық нормалар мен ережелерді құрып,

кабылдауға жол ашады. Жүргізілген арт-сессия барысында оқушылар коммуникативті дағдыларын жетілдіреді, өз мінез-құлқын басқаруды үйренеді, жеке жауапкершілік аймағын анықтайды.

«Арт-технологияларды тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігін дамыту құралы ретінде қолдану» атты мақаласында И.Е. Шкиль тренинг бағдарламасын жүргізгеннен кейін, психологиялық арт-технологиялардың тұлғаның коммуникативті құзыреттілігін табысты түрде дамытуға мүмкіндік беретіндігін дәлелдейтін мәліметтерді келтіреді [18].

Мамандардың арт-терапияның топтық формаларына жүгінуінің бірқатар себептері бар. Мысалы, А.И. Копытин былай деп көрсетеді: «топтық арт-терапия:

- құнды әлеуметтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді;
- топ мүшелерінің өзара қолдау көрсетуімен байланысты және ортақ мәселелерді шешуге мүмкіндік береді;
- өз іс-әрекеттерінің нәтижелерін және олардың басқаларға әсерін байқауға мүмкіндік береді;
- жаңа рөлдерді игеруге және тұлғаның жасырын қасиеттерін көрсетуге, сондай-ақ рөлдік мінез-құлықтың өзгеруі айналасындағылармен өзара қатынастарға қалай әсер ететінін байқауға мүмкіндік береді;
- өзін-өзі бағалауды арттырады және тұлғалық бірдейлікті нығайтуға әкеледі; шешім қабылдау дағдыларын дамытады» [19].

Арт-терапияның әсіресе жаңа байланыстардан қорқатын мазасыз балалармен жұмыс жүргізуде тиімді, олар құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынастан қашады, байланысқа түсу қажет болған жағдайда жайсыздықты сезінеді, олар өздеріне, өз күштеріне сенімді емес, адами қарым-қатынастардың жай-жапсарын біле бермейді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарын қалыптастыруда арт-терапияның тиімділігін эмпирикалық зерттеу мақсатында алдымен диагностикаға жүгіндік.

Эмпирикалық зерттеу жұмысы үш кезең бойынша жүзеге асырылды.

Бірінші (анықтаушы экспериментте) кезеңде кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарының даму деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыс жүргізілді.

Екінші кезеңде (қалыптастырушы экспериментте) арт-терапия техникалары арқылы кіші сынып оқушыларының тұлғааралық қатынастарын дамытуға бағытталған бағдарлама құрастырылып, тәжірибеге енгізілді.

«Біз біргеміз! Бірге бәрін еңсереміз!» түзету-дамыту бағдарламасы 10 сағатқа арналды. Ұсынылған бағдарламаның өзектілігі мынада:

- қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру;
- өзіне деген сенімділікті арттыру;
- тұлғааралық өзараәрекеттесу процесінде кедергілер мен қорқыныштарды жою;
- бір-бірінің жағымды коммуникативті және жеке қасиеттері туралы көбірек ақпарат алу, танымал емес балалардың жағымды қасиеттеріне назар аударуға көмектесетін жаттығулар қолдану шарттары қарастырылған. Бұл өз кезегінде топтың біртұтастығын арттыруға әсер етеді.

Үшінші кезеңде (бақылау эксперименті) бағдарламаның тиімділігін анықтауға эксперимент жүргізілді.

Зерттеу таңдамасы: 2 сыныптың 7-8 жастағы оқушылары.

Эмпирикалық зерттеу міндеттеріне сай төмендегідей зерттеу әдістерін пайдаландық:

1. Дж.Мореноның социометрия әдісі (Я.Л.Коломинский бейімдеген нұсқасы);
2. КОС-1 - кіші мектеп оқушыларының коммуникативті біліктерін зерттеу әдістемесі (В.В.Синявский, В.А. Федорошиннің кіші мектеп оқушыларына арнап бейімдеген нұсқасы);
3. Т.В. Безродныхтың кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық өзараәрекеттесу нормалары туралы түсініктерін анықтау анкетасы.

Зерттеуіміздің теориялық бөліміндегі талдауларға негізделе отырып, біз кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарының қалыптасу критерийлерін жіктеп алдық:

1. Интеллектуалдық критерий
2. Эмоционалдық критерий
3. Мінез-құлықтық критерий

Осыған сай зерттеу әдістемелерін таңдадық.


Кесте 1. Анықтаушы эксперименттің диагностикалық картасы

Критерийлер	Көрсеткіштер	Әдістемелер
Интеллектуалдық	Оқушылардың тұлғааралық өзараәрекеттесу нормалары туралы түсініктері	Т.В. Безродныхтың анкетасы
Эмоционалдық	Сыныптың эмоционалды-психологиялық ахуалы	Социометрия әдісі
Мінез-құлықтық	Оқушылардың коммуникативті біліктері	КОС-1 әдістемесі

Нәтижелер және талқылау

1. Дж.Мореноның социометрия әдісі (Я.Л. Коломинский бейімдеген нұсқасы)бойынша зерттеу нәтижелерін талдау барысында әр сұраққа қатысты социоматрица құрастырып, әр оқушының таңдаулар саны есептелінді.

«Социометрия» әдісінің нәтижелерін талдау бойынша біз оқушыларды анықталған социометриялық мәртебесіне қарай топтарға жіктедік. Зерттеу нәтижелері 1-суретте келтірілген.



Сурет 1. 2 сынып оқушыларының анықтаушы кезеңдегі социометриялық мәртебесінің диаграммасы

Бірінші «жұлдыздар» тобына 5 және одан жоғары таңдау алған оқушылар кірді (9,1%). Бұл сыныпта көшбасшы, эмоциялық тартымды, танымал, сыныптастарының құрметіне бөленген оқушылар. Олар көбінесе мейірімді, көпшіл, қарым-қатынасқа еркін түседі, эмпатияға бейім және әлеуметтік белсенді келеді. Сыныптастары көшбасшыларға үйір келеді, үлгі алуға тырысалы. Өз кезегінде, балалар – «жұлдыздар» басқалардың, әсіресе пікіріне құлақ асатын маңызды адамдардың тарапынан мойындалуға, құрметке бөленуге, қолдау табуға ұмтылады. Мұндай балалар өз мінез-құлқын әлеуметтік қолдауды қажетсінеді.

«Қалаулылар» тобына 3-4 таңдау алған оқушылар кірді (36,4%). Олар ұжымда маңызды орынға ие болған балалар. Басқа балалар олармен қарым-қатынасқа түсуді қалап тұрады, дос болады.

Үшінші «қабылданғандар» тобын 1-2 таңдау алған оқушылар (50%) құрады. Әдетте олар қарым-қатынасқа көп түспейді, белсенді емес балалар. Өз сыныптастарының арасында аса танымалдыққа ие емес. Олар ортақ бірлескен іс-әрекетке сирек араласады. Бұл топтағы балалардың тұлғааралық өзараәрекеттесу нормалары туралы түсініктерінің даму деңгейі жеткіліксіз. Топтық іс-әрекет процесінде олар сол аталмыш сәтте өздері үшін ең қолайлы және қалаулы

іспен айналысады, яғни, олар өз әрекеттерін өзге балалардың әрекеттерімен ұштастырмайды.


«Оқшауланғандар» тобына бірде бір таңдау алмаған оқушылар (4,5%) кіреді. Мұндай балалар сыныпта оқшауланған орын алады. Көшбасшылардан ерекшелігі, оқшауланған кіші мектеп оқушылары көбінесе әр түрлі әлеуметтік мәртебеге ие адамдардың олардың әрекет-қылықтарын қолдауларын ажырата алмайды. Олар жол бергіш, сәтсіздіктерден, конфликтілерден қашуға тырысады, көшбасшы болуға ұмтылмайды.

Оқушылардың жасаған өзара таңдауларын зерттеу социометрия нәтижелеріне айтарлықтай толықтыру енгізеді. Ол үшін біз өзара таңдау коэффициентін (ӨК) есептедік. Өзаралық коэффициенті таңдау саны - 66, өзара таңдаулар саны – 20 болғанда 30%-ды құрады, бұл өзара қалау көрсеткішінің төмендігін білдіреді. Сәйкесінше, біз өзара таңдау арқылы шағын топтарға немесе жұптарға біріккен оқушылар саны аз деген қорытынды жасай аламыз. Сыныптағы қатынастарды шашыраңқы деп сипаттауға болады.

Ары қарай біз сыныптағы тұлғааралық қатынастардың жағымдылық деңгейін анықтадық. Ол үшін жоғары және орта мәртебеге ие оқушылар (көшбасшылар мен «қалаулылар») саны (45,5%) мен төмен мәртебеге ие оқушылар («қабылданғандар», «оқшауланғандар») санын (54,5%) есептеп, салыстырдық. Нәтижесінде тұлғааралық қатынастар жағымдылығының төмен деңгейі анықталды, өйткені, төмен мәртебеге ие оқушылар саны орта және жоғары мәртебеге ие оқушылар санынан артық.

Оқшаулану индексі - 4,5% ға тең («оқшауланған» оқушылар саны). Осыған орай сыныпты айтарлықтай жайлы деп санауға болады.

2. КОС-1 - кіші мектеп оқушыларының коммуникативті біліктерін зерттеу әдістемесінің (В.В.Синявский, В.А.Федорошиннің кіші мектеп оқушыларына арнап бейімдеген нұсқасы) нәтижелерінің графикалық көрінісі 2 суретте келтірілген.



Сурет 2. Кіші мектеп оқушыларының коммуникативті біліктерінің даму деңгейі

Сонымен, кіші мектеп жасындағы оқушылардың 9%-ы коммуникативті біліктердің төмен деңгейін көрсетті. Бұл балалардың коммуникативті немесе ұйымдастырушы біліктері өте әлсіз.

Коммуникативті біліктердің орташадан төмен деңгейі сыналұшылардың 40,9%-да байқалды. Бұндай балаларға қарым-қатынасқа ұмтылудың төмендігі, ұжымда өзін жайсыз сезіну, уақытын өзгелерден бөлек, оңаша өткізуді қалау тән. Достары көп емес, басқалармен байланыс орнатуда қиындықтары бар, таныс емес жағдайға бағдарлануы нашар, өз пікірін қорғауға ұмтылыс жоқ десе де болады. Қоғамдық іс-әрекетте бастама таныту өте төмен, әдетте, олар өз бетінше шешім қабылдаудан қашады.

Респонденттердің 27,3%-ы коммуникативті біліктердің орташа деңгейін көрсетті. Бұндай балалар адамдармен байланыс орнатуға ұмтылады, таныстарының аясын шектемейді, өз пікірін қорғай алады. Алайда бұл бейімдіктердің әлеуеті жоғары тұрақтылыққа ие емес.


Сыналұшылардың 18,2%-ы коммуникативті біліктердің орташадан жоғары деңгейін көрсетті. Бұндай балалар жаңа ортаға тез бейімделеді, тез дос табады.

Зерттелушілердің 4,6%-ы коммуникативті біліктердің жоғары деңгейін көрсетті. Бұл балалар ұйымдастырушы және коммуникативті іс-әрекетке белсене ұмтылады, оған деген қажеттілікті сезінеді. Қиын жағдайларға тез бағдарланады, ұжымда өздерін еркін ұстайды. Қиын жағдайға тап болғанда өз бетінше шешім қабылдай алады, өз пікірін қорғай алады және оны жолдас-тарына қабылдата алады. Ортаны жандандырып, әр түрлі ойындар, іс-шаралар ұйымдастыр-ғанды ұнатады, өзі ұнатқан іс-әрекетте табанды. Өздерінің коммуникативті және ұйымдастыру-шы іс-әрекетке деген қажеттіліктерін қанағаттандыратын істерді өздері іздеп жүреді.

Сонымен, бұл зерттеу нәтижелері бойынша коммуникативті біліктері төмен және орташадан төмен деңгей көрсеткен кіші мектеп оқушыларының саны айтарлықтай. Бұл балалар тиісті психологиялық түзету жұмысын қажетсінеді.

3. *Кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық өзараәрекеттесу нормалары туралы түсінік-терін анықтау үшін Т.В. Безродныхтың анкетасын қолдандық.*

Құрдастар арасындағы тұлғааралық өзараәрекеттесу нормалары туралы түсініктердің қалыптасу деңгейінің нәтижелері 3 суретте көрсетілген.



Сурет 3. *Кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық өзараәрекеттесу нормалары туралы түсініктерінің қалыптасу деңгейінің пайыздық көрсеткіштері*

Анкета нәтижелері бойынша кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық өзараәрекеттесу нормалары туралы түсініктерінің қалыптасуының жоғары деңгейі оқушылардың 31,8%-ын құрады. Бұл балалардың өзара қолдау, өзара жауапкершілік қатынастары, өзараәрекеттесу процесіндегі құрмет, достық туралы, сыныптағы балалардың ынтымақтастығының қажеттілігі туралы түсініктері бар. Оқушылар арасында тұлғааралық өзараәрекеттесу нормалары туралы түсініктердің қалыптасуының орташа деңгейі басым - 45,5%. Бұл балалардың көпшілігінің топ-тық ынтымақтастықтың қажеттілігі, өзараәрекеттесу процесіндегі өзара жауапкершілік қатынас-тар, құрмет, достық өзара көмек туралы түсініктерінің әлі де жеткіліксіз екендігін білдіреді. Яғни, респонденттер қоғамдағы мінез-құлық нормалары мен ережелерінің маңыздылығын әлі де жете түсіне бермейді, бірақ өз жауаптарында сыныптастарының жағымсыз әрекеттеріне белгілі бір төзімділік танытуға дайын екендігін көрсетеді. Алайда, бақылау барысында байқағанымыз, қарым-қатынас процесінде олар айналасына қатысты агрессияны жиі көрсетеді, құрдастарының мінез-құлықтарына жағымсыз қатынас танытады.

Кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық өзараәрекеттесу нормалары туралы түсініктерінің қалыптасуының төмен деңгейі оқушылардың 22,7%-ында анықталды. Балалар достық қатынас-тарын, өзара жауапкершілікті, өзара қолдауды, бір-бірімен үйлесе әрекет ету, сыныптың ынты-мақтасу қажеттілігін түсінбейді, тұлғааралық қатынастар туралы адамгершілік түсініктері әлсіз.

Зерттеу нәтижелерін талдау барысында кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынас-тарында мынандай қиындықтар анықталды: сыныпта жағымсыз психологиялық ахуал мен сыныптастар арасында жағымсыз қатынастардың болуы; өзараәрекеттесіп, бірлесіп жұмыс істей алмау; мінез-құлық нормаларын жете білмеу, сыныптастарының жағымсыз қылықтарына төзімсіздік танытудың кездесуі (дөрекілік, қызбалық, дұшпандық).

Сонымен, диагностика нәтижелері оқу іс-әрекетінде құрдастарымен тиімді өзараәрекеттесу дағдыларын дамытуға, сондай-ақ, тұлғааралық қатынастарды дамытуға мүмкіндік беретін конструктивті өзараәрекеттесуді ұйымдастыру қажеттілігі туралы қорытынды жасауға негіз болды:

- анықталған төмен мәртебелі топтағы оқушылар саны сыныпта тұлғааралық қатынастарды гуманизациялау қажеттілігін, сондай-ақ, сынып оқушыларының мәртебесін арттыру қажеттілігін көрсетеді;

- өзара таңдаудың төмен коэффициенті сыныптағы оқушылардың көпшілігінің қарым-қатынасқа қанағаттануы жеткіліксіз екендігіне дәлел болады;

- сыныпта қабылданбауына, оқшаулануына байланысты эмоциялық жайсыздықты сезінетін оқушылар бар;

- төмен мәртебелі оқушылар санының жоғары мәртебелі оқушылар санынан артық болуы сыныптың мәртебелік құрылымының жайсыз екенін және тұлғааралық қатынастар дамуының жағымсыз екенін білдіреді.

Осы қиындықтарды шешудің тиімді жолын іздеу барысында талдау жасалған әдебиеттер мен диагностикалық мәліметтердің негізінде біз қалыптастырушы эксперименттің бағдарламасын құрастырдық және сол бойынша түзету жұмысын жүргіздік.

Бағдарламаның мақсаты - арт-терапия техникалары арқылы кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарын дамыту.

Міндеттері:

- тұлғааралық құзыреттілікті дамыту – айналасындағыларды түсіне білу, қабылдай білу, олармен конструктивті өзараәрекеттесу, тұлғааралық қатынастарды жақсарту;

- оқушылардың мінез-құлық ережелері туралы білімдерін тереңдету;

- жағымсыз эмоцияларын тежей білуге машықтандыру;

- құрдастарымен конструктивті өзараәрекеттесуді үйрету;


- әр топ мүшесінің ұжымдағы мәртебесін жоғарылатуға жол ашу;

сыныптастарына мейірімді қатынас, эмпатия сезімін дамытуға мүмкіндік беру.

Қалыптастырушы эксперимент нәтижелерін талдау.

1. Дж. Мореноның социометрия әдісі (Я.Л. Коломинский бейімдеген нұсқасы) көрсеткіштерін салыстыру нәтижесінде екінші сынып оқушыларының тұлғааралық қатынастарынан жағымды динамиканы байқадық. «Қалаулылар» мәртебесіне ие оқушылар саны 36,4%-дан 59,1%-ға артты. Сондай-ақ, «қабылданғандар» мәртебесіндегі оқушылар санының 50%-дан 31,8%-ға азайғанын байқаймыз, «оқшауланғандар» мәртебесіне ие болған оқушы анықталмады. Бұл анықтаушы кезеңге қарағанда сыныптың социометриялық картинасында жағымды динамиканың бар екендігін көрсетеді.

Оқушылардың басым көпшілігі барлық құрдастарымен жақсы қатынастар орнатады, біршама көпшіл, конфликтілерге жиі түспейді.




Сурет 4. 2 сынып оқушыларының социометриялық мәртебелерінің өзгеру динамикасы

Сондай-ақ, өзара таңдаулар саны да 20-дан 22-ге дейін артты. Өзара таңдау коэффициенті (ӨК) 3,3%-ға жоғарылап, жалпы 33,3%-ды құрады, бұл өзара таңдау коэффициентінің орта көрсеткіші болып табылады. Оқушылар арасындағы өзара таңдаулардың анықталған тұрақтылығы кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарының дамуы үшін жағымды негіз болады.

Біз тұлғааралық қатынастардың жағымдылығының жоғары деңгейде екенін анықтадық, өйткені екінші сынып оқушыларының көпшілігі «жұлдыздар» мен «қалаулылар» (68,2%) мәртебесіне ие.

Социометриялық диагностиканың нәтижелері балалар арасындағы қатынастардың жақсарғанын көрсетеді: достық қалаулардың тұрақтылығы, өзара қызығушылық таныту, ал бұл кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарының дамуына қажетті негіз.


2. *КОС-1 коммуникативті біліктерді зерттеу әдістемесі* бойынша қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі зерттеу нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері 5 суретте келтірілген.



Сурет 5. КОС-1 әдістемесі бойынша ҚЭ дейін және кейінгі нәтижелер

Байқап отырғанымыздай, КОС-1 әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейін кіші мектеп оқушыларында коммуникативті біліктердің төмен деңгейі ешкімде байқалмайды. Орташадан төмен деңгей 40,9%-дан 36,4%-ға кеміді. Коммуникативті білік деңгейі орташа балалар қатары 27,3%-дан 32%-ға артты. Ал орташадан жоғары деңгей 18,2%-дан 27%-ға дейін жоғарылады. Бұл балалар үшін белгілі бір алға басуды, балалардың ұжымда өздерін еркін сезініп, сенімді түрде бастамашылдық танытып, айналасындағылармен байланыстар орнататын балалар қатарының көбейгендігін білдіреді. Кіші мектеп оқушыларының коммуникативті біліктерінің дамуындағы жағымды динамика түзету бағдарламының оң ықпал еткендігін дәлелдейді.

3. *Т.В. Безродныхтың «Кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық өзараәрекеттесу нормалары туралы түсініктері» анкетасы* бойынша түсініктерінің даму деңгейі төмен оқушылар саны қалыптастырушы эксперименттен кейін 22,7%-дан 4,5%-ға азайғанын көрсетті. Өз кезегінде түсініктерінің дамуы жоғары және орта деңгейдегі балалар саны 31,8%-дан 40,9%-ға және 45,5%-дан 54,6%-ға дейін артты. Бұл қалыптастырушы кезеңде оқушылардың тұлғааралық өзараәрекеттесу нормалары туралы түсініктерінде оң өзгерістер болғанына дәлел болады.



Сурет 6. Кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық өзараарекеттесу нормалары туралы түсініктерінің динамикасы

Қорытынды

Зерттеуімізде кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастар мәселесінің теориялық аспектілерін зерттеу аясында біз тұлғааралық қатынастар түсінігін, кіші мектеп жасындағы оқушылардың ұжымдағы тұлғааралық қатынастарының ерекшеліктерін, тұлғааралық қатынастарды арт-терапия арқылы қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастырдық. Нәтижесінде тұлғааралық қатынастар мәселесі өзектілігін ешқашан жоймайтын мәңгілік тақырып деген қорытындыға келдік. Себебі қазіргі кезде кіші мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік құзыреттілігі жеткіліксіз, олар құрдастарымен қатынастарда дәрменсіз, қарапайым конфликтілерді шешуге қабілетсіз, дәл осы себептерге орай балалар қатынастар құруда айтарлықтай қиындықтарға кездеседі. Кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарын қалыптастыруда арттерапия үлкен рөл атқарады.

Қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі жүргізілген барлық зерттеу нәтижелерін салыстырмалы талдау кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарында жағымды динамиканың байқалғандығын көрсетті. Балалардың бір-бірімен достығы нығайып, сыныптың топтасу деңгейі жоғарылады, оқушылар дұрыс коммуникация құру мен конструктивті қарым-қатынас жасауды үйренді, басқаларды түсініп, достары үшін уайымдап, жанашырлық сезім білдіру, эмпатия таныту деңгейлері артты, өз-өздерін және өзгелерді түсіне бастады. Бұл жағымды көрсеткіштер арт-терапия арқылы кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарын дамытуға арналған түзету бағдарламасын қолданудың тиімділігін растайды.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында кіші мектеп оқушыларымен өткізілген сабақтар арнайы ұйымдастырылған тұлғааралық өзараарекеттесу арқылы, тұлғааралық қатынастарда шығармашылық пен еркіндік таныту арқылы, балалармен жұмыста арт-терапия әдістерінің кең спектрін қолдану арқылы балаларға құрдастарымен қарым-қатынастың жаңа тәжірибесін алуға мүмкіндік берді. Жалпы сынып ұжымындағы қатынастар жақсара түсті. Өзара сенім пайда болды, айналасындағылармен мейірімді қатынас жасауға дайын тұру байқалды. Жалпы алғанда, конструктивті өзараарекеттесуде қиындықтары бар оқушыларда тұлғааралық қарым-қатынас біліктерінің даму деңгейінің арту тенденциясы байқалды.

Демек, кіші мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастарын арт-терапия арқылы дамытуға бағытталған психологиялық түзету бағдарламасы бойынша жүргізілген жұмыстар сыныптың социометриялық келбетінің сапалық өзгеруіне, оқушылардың тұлғааралық өзараарекеттесу нормалары туралы түсініктерінің кеңеюіне, кез-келген баланың бірлескен іс-әрекетке еркін енуіне, жағымды эмоцияларының артуына, коммуникативті дағдыларының (тыңдай білу, серіктесін түсіне білу, эмпатия, басқаның пікіріне құлақ асу, өз пікірін қорғай алу, т.с.с.) дамуына жол ашты. Балалар құрдастарымен конструктивті қатынастар құра бастады, қарым-қатынас құзыреттіліктерін арттырды, өздерін таныды.

References:

1. Jariqbaev Q.B., Sañgilbaev O.S. *Psixologiya: Énciklopediyalıq sözdik./ Bas red. B.Ö. Jaqır. – Almatı: «Qazaq énciklopediyası», 2011. – 624 b.*
2. Anan'yev B.G. *Chelovek kak sub'yekt poznaniya. Spb.: Piter, 2018. – 288 s.*
3. Il'in Ye. P. *Psikhologiya obshcheniya i mezhlchnostnykh otnosheniy. Sankt-Peterburg:Piter, 2012. 576 s.*
4. El'konin, D. B. *Psikhologiya igr // D. B. El'konin. – M.: Kniga pospros, 2013. 228 s.*
5. Shkil' I.Ye. *Primeneniye art-tehnologiy kak sredstva razvitiya kommunikativnaya kompetentnost' lichnosti // Aktual'nyye problemy psikhologicheskogo poznaniya. № 3. 2013 g. – S. 99-111.*
6. Kopytin A. YA. *Art-terapiya dlya detey i podrostkov / A. – M.: Kogito-Tsentr, 2014. – 197 s.*

МРНТИ 15.41.21

10.51889/1728-7847.2023.1.74.014

Медетбекова А.А.¹, Нурадинов А.С.¹, Ильева С.Е.²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Софийский университет имени Климент Охридский, София, Болгария

ОПРОСНИК ОЦЕНКИ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО БЛАГОПОЛУЧИЯ PERMA-PROFILER: СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ МУЖЧИН И ЖЕНЩИН

Аннотация

В последнее время возрос интерес исследователей к изучению психологической теории благополучия. Проведены многочисленные исследования благополучия человека. Проблема счастья и благополучия в научной литературе и бизнес-сообществе в последние время стала очень популярной. Целью данной работы является психометрическая проверка и стандартизация шкал опросника PERMA-Profilер на казахстанской популяции. Для реализации поставленной цели нами был переведен опросник PERMA-Profilер на казахский язык. Для точности перевода оригинальную версию опросника и его русскоязычный вариант, изданный ранее, сравнивали с версией на казахском языке. Окончательный вариант перевода был предъявлен респондентам казахстанской популяции. Общий объем выборки составил 619 человек (от 18 до 38 лет), проживающих на территории Республики Казахстан. Внутренняя согласованность опросника PERMA-Profilер на казахстанской выборке соответствует психометрическим требованиям (альфа Кронбаха=,806). Опросник PERMA-Profilер можно использовать как психометрически обоснованный диагностический инструмент для исследования благополучия человека.

Ключевые слова: психологическое благополучие, счастье, процветание, субъективность, мужчины и женщины, PERMA-Profilер.

Medetbekova A.A.¹, Nuradinov A.S.¹, Ilieva S.E.²

¹ L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

² Kliment Ohridski Sofia University, Sofia, Bulgaria

PERMA-PROFILER PSYCHOLOGICAL WELL-BEING ASSESSMENT QUESTIONNAIRE: A COMPARATIVE STUDY OF MEN AND WOMEN

Abstract

Recently, the interest of researchers in the study of the psychological theory of well-being has increased. Numerous studies of human well-being have been conducted. The problem of happiness and well-being in the scientific literature and the business community has recently become very popular.

The purpose of this work is psychometric verification and standardization of PERMA-Profilер questionnaire scales on the Kazakh population. To achieve this goal, we have translated the PERMA-Profilер questionnaire into Kazakh. For the accuracy of translation, the original version of the questionnaire and its Russian-language version, published earlier, were compared with the version in Kazakh. The final version of the translation was presented to the respondents of the Kazakh population. The total sample size was 619 people (from 18 to 38 years old) living on the territory of the Republic of Kazakhstan. The internal consistency of the PERMA-Profilер questionnaire in the Kazakh sample meets the psychometric requirements (Cronbach's alpha =,806). The PERMA-Profilер questionnaire can be used as a psychometrically based diagnostic tool for the study of human well-being.

Keywords: psychological well-being, happiness, prosperity, subjectivity, men and women, PERMA-Profilер.

А.А. Медетбекова¹, А.С. Нурадинов¹, С.Е. Илиева²

¹ *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

² *Климент Охридский атындағы София университеті, Болгария, София*

ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУДЕ: ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҒЫН БАҒАЛАУДА PERMA-PROFILER САУАЛНАМАСЫ

Аңдатпа

Соңғы жылдары зерттеушілердің психологиялық саулық теориясын зерттеуге деген қызығушылығы артты. Адамның психологиялық саулығы туралы көптеген зерттеулер жүргізілді. Бақыт пен психологиялық саулық тақырыбы соңғы жылдары академиялық ортада да, іскери қоғамдастықта да танымал бола бастады. Бұл жұмыстың мақсаты қазақстандық популяциядағы PERMA-Profilер сауалнамасының шкалаларын психометриялық тексеру және стандарттау болып табылады. Қойылған мақсатты іске асыру үшін біз PERMA-Profilер сауалнамасын қазақ тіліне аудардық. Аударманың дәлдігі үшін сауалнаманың түпнұсқа нұсқасы және оның бұрын жарияланған орыс тіліндегі нұсқасы қазақ тіліндегі нұсқамен салыстырылды. Аударманың соңғы нұсқасы қазақстандық халықтың респонденттеріне ұсынылды. Іріктеменің жалпы көлемі Қазақстан Республикасының аумағында тұратын 619 ерлер мен әйелдер (18 жастан 38 жасқа дейін) құрады. Қазақстандық үлгідегі PERMA-Profilер сауалнамасының ішкі келісімділігі психометриялық талаптарға сәйкес келеді (альфа Кронбаха =,806). PERMA-Profilер сауалнамасын ерлер мен әйелдердің психологиялық саулығын зерттеу үшін психометриялық негізделген диагностикалық құрал ретінде пайдалануға болады.

Кілттік сөздер: психологиялық саулық, бақыт, өркендеу, субъективтілік, ерлер мен әйелдер, PERMA-Profilер.

Введение

The psychologist works with the child in the direction of forming the skills of constructive interaction, the development of cognitive processes, intuition, and confidence; corrects anxiety states, not success. If possible, it prevents problems by timely identifying and eliminating the causes that give rise to them, and provides preventive prevention of various kinds of negative phenomena (moral, physical, social, etc.), and behavioural deviations. Children with speech disorders are engaged with a speech therapist teacher. The main tasks of a speech therapist teacher are to organize work on the diagnosis of the level of development of speech activity and the implementation of individually oriented development programs taking into account the structure of the speech defect [15].

References:

1. Hammond, R., Cheney, P., & Pearsey, R. *Sociology of the Family Textbook*. Rocky Ridge Press. [Electronic resource] 2015 URL: <http://freesociologybooks.com/>. (accessed 15.11.2022)
2. <https://www.sciencedirect.com/topics/medicine-and-dentistry/family-systems-theory> (accessed 15.11.2022)
3. Panova Elena Vasilevna. *The role of the family in the development of a child with hearing impairment*. Materials of the XXVII International Research Competition, Held on February 25, 2020. Penza. Pp.232-235
4. <https://www.disabledparent.org.uk/research/understanding-deaf-parents-with-hearing-children> (accessed 11.11.2022)
4. Simon Thompson (1993) *WFD Survey of Deaf People in the Developing World*, *Disability, Handicap & Society*, 8:4, 443-445
5. <https://inva.gov.kz/ru/highcharts> (accessed 10.12.2022)
6. Zinoveva Liudmila Vasilevna, Mokhonko Daria Andreevna. *Communication specificity within the "deaf parents – hearing children" dyad*. SMALTA international scientific-practical and methodical journal. ISBN 2312-1580. Section: *Current experimental studies of psychology and related sciences*. №. 1 2020. Pp.40-45.
7. Ginger Bianca Pizer, B.A.; M.A. *Sign and Speech in Family Interaction: Language Choices of Deaf Parents and their Hearing Children*. Dissertation:2008. Pp 26-30
8. Singleton J. L., Tittle M. D. *Deaf Parents and Their Hearing Children* [Electronic resource] // *Journal of Deaf Studies and Deaf Education*. 2000. URL: <https://lookingglass.org/pdf/Deaf-Parents-and-their-Hearing-Children.pdf> (accessed 08.01.2023).
9. Smirnova E.O., Savina E.A. *Parents and children: the psychology of relationships*. - M.: Cogito - Center, 2000. Pp. 167-187.
10. Eva Klimentová, Vít Doč ekal & Kristina Hynková. *Hearing children of deaf parents – a new social work client group?* ISSN: 1369-1457 (Print) 1468-2664 *Journal homepage*
11. K. S. Igembayeva. *Psychological features of child–parent relations in the family*. ISSN 2410-6070 *International scientific journal innovative science*. No2 / 2019
12. Levchenko I.Yu., Tkacheva V.V. *Psychological assistance to a family raising a child with developmental disabilities*. – M.: Publishing house "Enlightenment", 2008 – 240 p.
13. Venger L.A., Mukhina V.S. *Psychology*. – M.: Enlightenment, 2008. – 375 p.
14. Bogdanova T.G. *Sign Language psychology: Textbook for students*. higher. ped. studies. *Institutions*, M.: Academy, 2002. – 203 p.

15. Prilepko Yulia Vladimirovna. The system of assistance to deaf parents raising a hearing person: a young child. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sistema-pomoschi-neslyshaschim-roditelyam-vozpityvayuschim-slyshaschego-rebenka-rannego-vozrasta/viewer>

МРНТИ 15.01.21

10.51889/1728-7847.2023.1.74.020

Т.К. Болоев¹, Ш.Т. Турдалиева², Г.Т. Топанова³

¹Ш.Мұртаза ат. Халықаралық Тараз инновациялық институты (Тараз)

²М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (Тараз)

³Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, (Алматы)

ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПРОЦЕСІНДЕ СУИЦИДТІК КӨРІНІСТЕРДІ АЛДЫН АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада жасөспірімдердің суицидтік көріністерін алдын алу ерекшеліктері ретінде қарым-қатынас процесінің маңыздылығы қарастырылған. Жалпы мағынада қарым-қатынас – бұл іс-әрекет, оның нысаны қарым-қатынас жасаумен ақпарат алмасудағы басқа серіктес адам. Қарым-қатынас екінші адаммен диалог құру арқылы мінез-құлық, индивидуалды-психологиялық ерекшеліктерін танып білуге, онымен араласуға мүмкіндік туғызады. Екінші адамнан маңызды ақпарат алу қарым-қатынастың негізгі мақсаты болып табылады. Сондықтан, жасөспірімдермен қарым-қатынасқа түсу олардың өздеріне қол жұмсаудың алдын алудың бірден бір жолы. Өйткені осы жас кезеңінде жасөспірімдер өте сезімтал келеді. Олар отбасы мен мектептегі келеңсіз жағдайларды, құрдастарының арасындағы қатынастардың бұзылуын жылдам қабылдауымен сипатталады. Бұл қарым-қатынас процесіндегі мінез-құлықтағы оқшаулану, қарсыластық, еліктеушілік. Суицидтік тәуекелге бейімділік, өзіне қол жұмсау көріністері сыртқы келбеттегі өзгерістермен қатар сөйлеудің тежелуі, сұраққа қысқа жауап беру немесе тұлғааралық байланыстан қашу, жанама немесе тікелей сөздер арқылы да белгі беріледі. Осы жағдайда ең алдымен қоршаған ортамен байланыс орнатуға деген қажеттілігін ояту, қарым-қатынас ұйымдастыру.

Түйін сөздер: коммуникация, қарым-қатынас, жасөспірім, өз-өзіне қол жұмсау, суицидтік көрініс, суицидтік тәуекелге белсенділік.

Т.Boleyev¹, Sh.T. Turdaliyeva², G.Topanov³

¹International Taraz Innovation Institutenamed after Sh. Murtaza, (Taraz)

²Taraz Regional University namedafter M.Kh.Dulaty,(Tara)

³ Kazakh National Women's Pedagogical University(Almaty)

FEATURES OF PREVENTION OF SUICIDAL MANIFESTATIONS IN THE COMMUNICATION PROCESS WITH ADOLESCENTS

Abstract

The article examines the importance of the communication process as a feature of preventing suicidal manifestations of teenagers. In a general sense, communication is an activity, the object of which is another partner in communicating and exchanging information. Communication, through dialogue with the second person, creates the opportunity to recognize behavioral, individual-psychological characteristics, to communicate with him. Getting important information from the other person is the main purpose of communication. Therefore, getting involved with teenagers is one of the

ways to prevent them from committing suicide. Because teenagers are very sensitive at this age, they are characterized by quick acceptance of negative situations in the family and school, disruption of relations between peers. This is isolation, opposition, imitation in behavior in the process of communication. Suicidal risk tendencies, suicidal manifestations are indicated by changes in appearance as well as speech inhibition, short answers to questions or avoidance of interpersonal contact, using indirect or direct words. In this case, the first thing to do is to awaken the need for communication with the environment and to organize communication.

Keywords: communication, relationship, adolescent, suicide, suicidal manifestation, suicidal risk activity.

Болеев Т.К. ¹, Турдалиева Ш.Т. ², Топанова Г.Т. ³

¹Международный Таразский инновационный институт им. Ш.Муртазы (Тараз)

²Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати (Тараз)

³Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы)

ОСОБЕННОСТИ ПРОФИЛАКТИКИ СУИЦИДАЛЬНЫХ ПРОЯВЛЕНИЙ В ПРОЦЕССЕ КОММУНИКАЦИИ С ПОДРОСТКАМИ

Аннотация

В статье рассматривается важность коммуникативного процесса в профилактике суицидальных проявлений у подростков. В общем смысле коммуникация – это деятельность, где главным объектом выступает другой человек, как партнер по обмену информацией и общению. Процесс коммуникации дает возможность в ходе диалога выявлять поведенческие, индивидуально-психологические особенности другого, а также эффективно взаимодействовать с ним. Основной целью общения является получение важной информации от второго собеседника. В отношении подростков, при установлении контакта важно учитывать, что они в силу возраста, очень ранимы и чувствительны. Неблагоприятная ситуация в семье, школе, нарушения межличностных контактов со сверстниками могут спровоцировать возникновение суицидального поведения, а грамотно выстроенный процесс общения-стать эффективным способом его предупреждения. Склонность к суицидальному риску, суицидальные признаки могут проявляться в изменении во внешности, заторможенностью речи, краткими ответами на вопросы или наоборот, избеганием межличностного контакта. В таких случаях, в первую очередь, необходимо пробуждать потребность в установлении конструктивного контакта с внешней средой.

Ключевые слова: коммуникация, общение, подросток, суицид, суицидальные проявление, активность суицидального риска.

Кіріспе

Бүкіл әлем көтерген өзіне-өзі қол жұмсау мәселесі, ғылыми зерттеуде суицид феноменінің өзектілігінің ауқымы күннен күнгі тереңдеп келеді. Бұл феномен адамның өмір сүруінің мәнін жоғалтуы, ортаға бейімделе алмауындағы қиындықтар, әлеуметтік мәртебесінің бұзылуы, жақынынан немесе қамқоршысынан айырылуы, өзінің жасаған іс-әрекетіне қанағаттанбауы, қарым-қатынас кедергілері және т.б. сияқты мәселелерден пайда болған мидағы өмірден қоштасу туралы ойлар. Сонымен қатар, адамның жаман ауру түріне шалдығуы, психикасының бұзылысы, денесінің жарақат алуы сияқты медициналық бағыттағы жағдайлар да суицидтік белсенділік көріністерінің де жоғары болуының себептерінен туындауы мүмкін.

Адамзат тарихында суицид (өзін-өзі өлтіру) жасау әрекетінің сипаттамасы әртүрлі бағытта талданады. Мәселен, Еуропа елдерінде өзіне қол жұмсайтын адамдар - вампирға айналады деген. Ал көне Грекия, Спарта, Афинада мұндай әрекетпен өзін өлтірген адамдардың мәйітін отқа салған. Сол сияқты орта ғасырда Парсы елдерінде ондай адамдарды діни көзқарас бойынша – қылмыскерлер деп санаған. Қазіргі таңда осы мәселе туралы зерттеулерден мінез

құлықтағыөзіне өзі қол салу, суицидалды белсенділік көріністерінің формасы, ескерту мен көмек сұрау белгілерінің болатыны, тәуекел факторлары да анықталды. Мәселен, жасерекшелігі, жынысы, кәсіби іс-әрекеті, өмірлік жолының ерекшелігі, отбасы қатынасы, әлеуметтік статусы т.б. да әсер етеді.

Жасерекшелік өлшемдегі суицидтік көріністердің себебінің бірі отбасылық қарым- қатынас мәселесі. Бұл жасерекшелік дамудағы дағдарысты кезеңдегі әлеуметтік мазасыздығынан пайда болған жағымсыз ойлар. Мұнда отбасы идеологиясындағы балаға қойылатын жоғары талаптар, отбасылық қатынасқа әсер ететін перфекционистік құндылықтардың болуы [1]. Осындай отбасында тәрбиеленген жасөспірімдердегі жағымсыз ойлардың негізгі түрткісі өзіне деген сенімсіздік, басқалардан теріс бағалану, қорқыныш пен үрейдің басым болуы.

Өзін-өзі өлтіруге ниеттенген адамдар жоспарлаған әрекетінің амбивалентті қатынасына қарамастан, қоршағандарды өзінің ниетінің кілтімен қамтамасыз ете отырып оған араласуын, әрі құтқару мүмкіндігін саналы немесе бейсаналы түрде түрлі әрекеттері арқылы белгі береді. Өзін-өзі өлтіру кезіндегі жалпы коммуникативті әрекет – бұл оның ашулы кезіндегі сөзі, тұйықтық мінез-құлқы немесе депрессияға түсуі емес, ол өзінің суицидтік ниетін сөз арқылы жеткізуі. Бұл өзінің әрекетін мінез-құлық көрінісімен қатарауызшы хабарлауы жиі жанама сипатта болады, бірақ зейінді адам оны байқай алады.

Зерттеу шарттары мен әдістері

Суицидалды коммуникация - адамның суицидтік әрекет жасауын ескертетін белгісі ретінде қарастырылып, оның тұлғааралық қарым-қатынасында көрінетін өзіне-өзі қол жұмсау ниеттері [2]. Ол 5 белгіні ерекшелейді:

- формасы бойынша: вербалды емес, жазбаша түрдегі;
- характері бойынша: тікелей (ашық) немесе жанама (жабық, бүркемелі);
- мазмұны бойынша: аффекттердің көрінісі (кінәлі немесе айыптау сезімі), басқаларға өзінің әрекетін, тапсырма немесе өтінішін түсіндіру әрекеті;
- нысаны: нақты топ немесе адам;
- мақсаты: көмек сұрау туралы (құтқару туралы өтініш), дұшпандылық көрінісі (басқаларды және өзін кінәлау).

Суицидалды белсенділігі жоғары адамның коммуникациясы оқшаулану, жалғыздықты қалау, көп сөйлемеу, үнсіздік, тұңғыққа кету т.б. сияқты адамдармен қарым-қатынас жасаудан қашады. Оның ақпарат алмасуы өзінің бір жаққа асығуы, ескерту белгісі немесе «Менсіз ...», «Мен жоқ болып қалсам ...», «Мен кетіп қалсам ...» - деген сияқты сөздермен беріледі.

Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені қоғамнан алшақтау оның салыстырмалы түрде өзіндік адами қасиеттері мен жаңа ортада әлеуметтенуін жылдам жоғалтуына түрткі болады. Әсіресе қазіргі таңда жасөспірімдердің виртуалды өмірдегі шынайы деп санайтын оқшаулануы мен олардың әлеуметтік желідегі кибер кеңістігінде өмір сүруі бірден бір мысалы. Нәтижесінде, олар өздерінің әлемінің шынайылығын түсіндіру үшін адамдармен қарым-қатынасқа түсу қиындықтарына соқтығысады, ақырында өмірін мәнсіздікке айналдырады, психикалық ауытқуларға ұшырауы да мүмкін. Олай болса, адамның адами қасиеттерін сақтауға, өмірлік қиын жағдайдан шығуға, адамға психологиялық қолдау көрсетуге, психикалық дамуына қарым-қатынас тікелей ықпал етеді.

Ғылыми нәтижелерді талқылау және теориялық-әдіснамалық негіздері.

Соңғы жылдары жасөспірімдер арасында өзіне қол жұмсауына алаңдаушылық қазіргі таңда олардың көзқарасы мен өмір сүру қажеттіліктерін ересектердің түсінбеуі немесе ересектік өмірге қанағаттанбауының себептері де болуы мүмкін. Әлеуметтік жағдайы толық қамтамасыз етілген отбасында да мұндай жағдайлар жиі кездеседі. Мұнда зерттеушілердің пікірінше, отбасындағы жасөспіріммен қарым-қатынастың жетіспеушілігі де себеп болуы мүмкін. Жасөспірімдер өздерімен қарым-қатынасты интернет-ресурстар арқылы іздейді. Өзінің виртуалды кеңістігіндегі қарым-қатынас ортасын табады. Интернет-ресурстар жағымсыз жақтарының әсерімен қатар, жасөспірімдер үшін ол қарым-қатынас ортасы ретіндегі психологиялық қолдау алатын терапиялық ресурс құралы.

Қарым-қатынас – адамның басқа адамдармен өзіндік өзара әсерлесуі және біріккен іс-әрекетте өзара қатынасының дамуы ретінде көрініс береді. Қарым-қатынас - адамзат қатынасының күрделі түрі. Кез-келген қарым-қатынас адамдар арасындағы жай байланыс қана емес, біріккен іс-әрекет процесінде адамдардың бірін - бірі қабылдауы және ақпарат алмасуы болып табылады. Сондықтан, өзіне қол жұмсау ниетінің көрінісін алдын алу бұл қарым-қатынас процесінде тұлғааралық өзара байланыстарды орнату және қарым- қатынастың маңыздылығы арқылы анықталады.

Қарым-қатынас – бұл ақпарат алмасу құралы ретінде вербалды және вербалды емес болып екіге бөлінеді. Вербалды сөз арқылы, ал вербалды емес ым-ишара тілі немесе қимыл қозғалыс арқылы берілетін хабарлама. Суицидалды мінез-құлықты адамдармен қарым-қатынас орнату, олармен вербалды байланыс орнату сұрақтың құрылымын дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Жалпы ақпарат алмау процесіндегі қарым-қатынас бірнеше кезеңнен өтеді:

- адамдармен байланыс орнату > қарым-қатынас қажеттігі;
- байланыс орнатқысы келетін адамды таңдау, бағдарлау > қарым-қатынастағы мақсаты;
- айтатын сөздерін анықтау, сөз құрастыру > қарым-қатынаста берілетін ақпараттың мазмұны;

- ақпаратты айту, ойын жеткізу > қарым-қатынастағы мінез-құлық ерекшеліктері, өзін ұстау;

- екінші тараптан жауап күту, жауап алу > қарым-қатынастың нәтижесінің бағалануы;
- жауаптың түсініктілігі, тиімділігі немесе болмауы > қарым-қатынастың бағытын анықтау.

Қарым-қатынас түсінігі коммуникация ұғымымен шарттасқан. Адамдар арасында ақпарат алмасуға бағытталған әрекет сезім, эмоция, құндылықтар, ойлар, идеялар.

Г.Лассуэлл бойынша коммуникация процесі келесідей топтастырылады:

- Кім? → коммуникатар;
- Не? → ақпарат;
- Қалай? → қарым-қатынас каналы;
- Кімге? → тыңдаушы аудитория;
- Тиімділік нәтижесі? → байланыс тиімділігі [3].

Г.М.Андрееваның зерттеуінде, жасөспірімдердің өзара қарым-қатынасының әлеуметтік сипатын коммуникация немесе топ арасында ақпарат алмасу ретінде қарастырған. ол тұлғааралық қабылдау мен түсіну. Бұл кең көлемде адамдардың өзара түсінісуінен туындаған бірін-бірі қабылдауы [4].

Сонымен, коммуникатордың (ақпарат беруші) позициясы:

- коммуникатор өзін айтылған көзқарасты жақтайтынын ашық жариялайды, осы көзқарасты растайтын әртүрлі фактілерге баға береді;
- коммуникатор айқын бейтарап, қарама-қайшы көзқарастарды салыстырады, олардың біреуіне бағдарлануды жокқа шығармайды, бірақ ашық айтылмайды;
- коммуникатор өз көзқарасы туралы үндемейді, кейде тіпті оны жасыру үшін арнайы шараларға жүгінеді.

Тұлғааралық қарым-қатынас - адамның ішкі дүниесінің өзгеруіне түрткі болатын, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқын реттейтін, өмір сүру ұстанымын қалыптастыратын, жағымсыз ойын өзгертетін немесе жақсы ой салатын үрдіс [5]. Олай болса, өмірлік қиын жағдайларда адамның көзқарасын бір ғана сөзбен әсер ету арқылы өзгертуге болады екен.

Әлеуметтік психологиялық зерттеулерде Г.М.Андрееваның пікірінше, жасөспірімдер өздерінің коммуникативтік іс-әрекеттері нәтижесінде нәрселер мен болмыстардың сыр-сипатын, даралық ерекшеліктерін, мінез-құлықтағы көріністерін саналы түрде өзінің рухани танымы мен біліміне айналдырады [4, 14-15 б.]. Ал, В.Е.Абаев әлеуметтік өзара әрекеттесудің семантикалық аспектісі мен оның құралы ретінде коммуникацияның хабарламаны тікелей немесе жанама таратын қызметін қарастырды [6]. Коммуникацияның қызметіндегі ақпаратты жеткізу ауызша (сөз, дауыс, дыбыс құралдары арқылы) және паралингвистикалық (адамның бет

әлпеті, ым-ишара қимылы т.б.) деп екіге бөліп көрсетті. Коммуникация ұғымы ғылымның әр саласына байланысты қолданылады.

Психологияда адамдардың бір-біріне вербалды және вербалды емес өзара әсер ету құралы болып табылады. Сондықтан, коммуникация бір адам екінші адамның мінез-құлқына әсер еткенде туындайды. Бұл олардың арасында вербалды қарым-қатынас болмаған жағдайда да хабар берушінің хабарламасына жауап беруін қажет етеді.

А.Н. Леонтьев жеке адамдар арасындағы қарым-қатынасты кең мағынада оның тиімділігін арттыруда коммуникативтік іс-әрекетке психикалық дайындығы мен ұйымдастырушылықтың бүтін және бөлшек құрылымдарының қатынасын ерекшеледі [7]. Ол коммуникативтік іс-әрекеттің өзін өзара бірлескен байланыстың ортақ мақсатқа қол жеткізуі деді. Бұл өмірлік қиын жағдайға шалдыққан тұлғалардың қарым-қатынастағы қажеттілігінің өзіндік ерекшелігі басқа адамдарды тану мен бағалауға, сол арқылы байланыс орнатуға, ақпарат алмасуға ұмтылу дегенді білдіреді. Коммуникативтік сурет индивидтің қарым-қатынасқа түсуіне көмектесетін қарым-қатынас құралдары болып есептеледі.

С.Ю. Головиннің психологиялық сөздігінде қарым-қатынасқа мынадай сипаттама берілген: «Қарым-қатынас – адамдардың қажеттілігінен туындаған бірлескен іс-әрекеттегі ақпарат алмасу, байланыс құру және оны жүзеге асыру процесі. Осы процессте қажеттіліктен туындайтын өзара мінез-құлықтық және эмоционалды аспектіде бірлескен әрекеттің біріңғай стратегиясы құрылады. Ол ақпаратты қабылдау және өңдеу» [8, 435–439 б.]. Сондықтан, қарым-қатынас үдерісі өзге адамның жеке дара ерекшеліктерін танып білуге, оның ойын есту мен тыңдау.

Қарым-қатынас үдерісінде вербалды және вербалды емес кедергілер біздің қоршаған ортадағы құбылыстарды дұрыс қабылдауымызға, оны өңдеуімізге әсер етеді. Олар әртүрлі сатыдағы бөгеттер. Мәселен, айтылатын сөздің жанама берілуі, екінші тараптың сөзді бөлуі, сөзбен талас-тартыс, жабық түрдегі сұрақтардың болуы, әңгімелесу барысында көздің ойнамалы күйде болуы, арақашықтық, асығыстық белгі беру және т.б. Бірақ адамның мұндай әрекетінің барлығы қарым-қатынаста кедергі бола бермейді. Сондықтан, екінші адамның шынайы ойы мен сөзінің арасындағы байланысын вербалды емес коммуникация құралдары арқылы танып білуге болады. Ол оның екінші әңгімелесушіге ақпарат беріп тұрған әсттегі дене қимылы мен көз қарасы.

Коммуникация процесінде басқаның пікірін тыңдау мен есту ұғымдарының арасында үлкен айырмашылық бар. Бұл жақсы сөйлеу, екінші адамның сөзін тыңдау, бірақ оның айтқанын естімеу. Тыңдау барысында оның эмоционалды күйі қабылданып, ал ақпараттың негізгі түйіні жанама қалуы мүмкін. Мұндай жағдайында тыңдау адамның екінші адамды қабылдауының белсенділігі мен бірлескен іс-әрекетті орындауының нәтижесімен байланысты. Белсенді тыңдау өзіне, біріншіден, сенсорлы деңгейде ауызша сөздік ақпаратты қабылдау, екіншіден, перцептивті деңгейде сөздің құрамындағы белгі дыбыстарды бөлшектеу және оларды тану болса, үшіншіден, когнитивті деңгейде – сөйлемнің және бүтіндей ақпараттың мағынасын анықтау мәселелерін қояды. Осыдан тыңдауда сөздің мағынасын қабылдау мен түсіну тыңдаушының индивидуалды тұлғалық ерекшеліктеріне байланыстылығын сипаттайды. Бұл диалогтік қарым-қатынаста тыңдаушы ретінде серіктесіне айтуға мүмкіндік беру, әрі тыңдаушы бола білу, шыдамдылықпен тыңдау.

Екінші адамның міне-құлық ерекшеліктерін танып білу диалогты бірлескен іс-әрекет шартында өзара ықпалмен қарастырылады. Ал бірлескен іс-әрекетті құрушы фактор С.М. Джакуповтың тұжырымынша қарым-қатынас болып саналады [9]. Осы жас ерекшелік кезеңінде үлкендер тарапынан эмоционалды байланыстың маңыздылығы да анықталады.

И.Л. Шелехов, Т.В. Каштанова, А.Н. Корнетов мен Е.С. Толстолестің зерттеулерінде, жалғыздық, оқшаулану, достық қарым-қатынасқа түсудегі қиындық пен кедергілер жасөспірімдік кезеңдегі өзіне қол алудың типтік мотивтерінің бірі ретінде қарастырған [10]. Жасөспірімдердің қарым-қатынасқа қабілеттілігін белсендіру өзін қоршаған басқаларға ықпал ету арқылы таныту, қабылдау.

Екінші адаммен диалог құру оны тыңдау, бет әлпеті арқылы сөздің шынайылығы немесе қиялдауын, дауысының ырғағын есту арқылы танып білу. Диалогты қарым-қатынас шарты мен оның тиімділік факторы ретінде субъектілердің тиімді диалогтік қарым- қатынасын қамтамасыз ететін жағдайларымен анықталады. Олар: мотивациялық (ұстаным, қызығушылық, инициатива көрсетуге талпыныс, шығармашылық); адамгершілік (парыз және жауапкершілік, такт, талап ету және т.б.), танымдық (іс-әрекетті табысты орындауға қажетті жалпы мәдени ой-өрісі, қабылдауға бағыттылығы, ес, зейін, ойлау, кәсіби қабілеттері; әрекет, операция, әдіс), эмоционалды-еріктік (эмоционалды қабылдағыш, оптимизм, инициативтілік, табандылық, өзін-өзі меңгере алу, өзінің және басқалардың көңіл-күйін басқару қабілеті және т.б.), психофизиологиялық (іскерлік, қабілеттілік, бастаған істі соңына дейін жеткізу, белсенділік және өзіндік реттелу, бірқалыптылық және шыдамдылық, ептілік темпі және т.б.). Бұл суицидалды белсенділігі жоғары адамдармен диалог құру «сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою» әдісі қолданылады.

Г.А. Денисенконың пікірінше, диалогтік қарым-қатынас орнату, сұрақ-жауап жүргізу екі адамның өзара әрекеттесуінің тиімді көрсеткіші. Олар бір-бірімен ақпарат алмасу, жауап қайтару, пікір білдіру, тыңдау үдерісінде тең құқығылы. Нәтижесінде мәселенің ортақ шешімін немесе екінші тарапты қабылдауына әкеледі [11].

Жасөспірімдер мен олардың ата-аналары арасындағы қарым-қатынас әрқашан өзекті. Ересектер балалары үшін шешім қабылдайды, кейде тыңдау мен естудің арасында да үлкен алшақтық болады. Өйткені жасөспірімдердің мінез құлқын осы кезеңде танып, әрі не қалайтынын білу олармен достық қарым-қатынаста ғана нәтиже береді [12]. Бұл баланың дағдарысты кезеңі мен девиантты мінез-құлық көріністерінде өзіне зиян келтіруді алдын алу.

Екінші адамның ойын тыңдау мен ақпаратты қабылдау процесінде тыңдаушы үшін серіктесінің даусының ырғағы мен айтылатын сөздерінің анықтығын, оны түсінгенін белгі ретінде жеткізу. Айтушы мен тыңдаушының өзара әрекеті қарым-қатынастағы екі жақтың да бір-біріне деген кері байланысын білдіреді. Суицидальді коммуникация айтушы мен тыңдаушы үшін сөзді қалай ұғынып, қабылдап түсінетіндігі маңызды. О.М. Копыленко екінші адамның ойын түсіну процесінің үш құрылымын ерекшелеп көрсетті. Олар: 1) қабылдау; 2) қабылдағанды түсіну, оның мәні мен мазмұнын қабылдау; 3) өзінің түсінігінде ақпаратты реттеу [13]. Бұл жасөспірімдердің іс-әрекеттеріндегі өмір сүру ұстанымдары мен қоғамды қабылдауындағы ересектермен өзара қарым-қатынасындағы кедергілер, түсінбеушілік шиеленістер.

Жас ерекшелік даму үдерісіндегі психологиялық өзгерулерге сәйкес коммуникативтік кедергілер кездеседі. Бұл үдерісті шешудегі негізгі фактор - бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру, оған қатысушылардың субъект-субъекттік байланысты өзара үйлесімді психологиялық жағдайлармен қаруландыру арқылы тұлғалық дамудың нәтижелігін арттыру туралы С.Жақыповтың тұжырымдамасы негіз болып табылады [10, 37-45 б.]. Осыған сәйкес қарым-қатынас процесіндегі білім, мотив, қабілеттілік компонентінің негізіндегі өлшем белгілерінің жасөспірімдік кезеңдегі маңыздылығы анықталды.

Н.Тоқсанбаеваның зерттеулерінде, қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетті жүйелендіру факторы ретіндегі тұлға дамуындағы оның психологиялық ерекшеліктеріне сипаттама беріледі [5, 16-29 б.]. Адамның көңіл-күйі тек қоғамдағы жағдаймен байланысты емес. Мұнда ең алдымен адамды қоғамдық ортадан алшақтатпаудың маңыздылығы айтылады. Осы туралы ұжым арасында күнделікті қарапайым қарым-қатынас үйлесімін тұрақтандыруға психологиялық бірнеше кеңес береді:

- байқамай сөз айтпаңыз;
- күлімсіреуді тықпаңыз;
- жағымды жаңалықты ашық айтып, басқаның қуанышын шын көңілмен бөлісіп, жылы сөзбен ойыңызды анық айтуға талпыныңыз;
- екінші адамға айтылатын мақтау мен мадақтау сөздерінің мазмұнына да ерекше мән беріңіз, өйткені ойында шешілмеген қиын мәселесі бар адамға кері әсері болуы мүмкін;

- қайғы-мұң жылы сөзді айту арқылы басылуы мүмкін, оны айтудың алдында адамның сіздің вербалды көмегіңізді қалай қабылдайтынын бақылап алу маңызды.

Суицидтік тәуекелге бейім тұлғалармен қарым-қатынас құру аспектілері.

Суицидтік тәуекелге бейім тұлғалардың өзіне қол жұмсауға баратындығы туралы белгілері тікелей немесе жанама сөздермен айтылады. Мәселен: «Мен өміріммен қоштасайын деп жүрмін», «Бұл өмірде өмір сүруден қатты шаршадым», «Өле салғаным артық», «Бітті, ойыннан шығамын», «Өмір сүрдім, болды жетеді» және т.с.с. Оның болашақта немесе жақын арада болмайтыны, өмірмен қоштасуға дайындалып жүргені туралы белгілері жанама түрде де болады. Ол: «Келесі жылы бұл жерде мен болмаймын»,

«Біз соңғы рет көрісіп тұрмыз», «Мені енді көрмейсіздер», «Мен жақын арада Сіздерді және өзімді қинамайтын боламын», «Менсіз өмірде енді қиындықтар болмайды». Осы сияқты белгілермен қатар, оның өлім, басқа өмір, оның ішінде біреу сөйлейтіні, құлағына тапсырма беретіні туралы да жиі айтуы мүмкін. Мысалы: «Адамға басқаның жаны қонуы мүмкін бе?»,

«Мен бұл әлемге әйтеуір бір келетін боламын».

Адамның өзіне қол жұмсауға дайындығы туралы белгілер вербалды сөздің астарында жасырын мінез-құлықтық белгілер арқылы да көрінуі мүмкін. Мәселен, адамның үйреншікті мінез-құлқының күрт өзгеруі. Бұл оның жылпы әлеуметтік нормаға жатпайтын қылық-әрекеттерінің орындалуымен сипатталады [14]. Сонымен қатар, суицидтік әрекетке баратындардың 10 пайызға жуық тұлғалары өздерінің болашақ әрекеттері туралы мүлдем белгі бермейді. Қалыпты жоспарлы әрекетін жасап жүреді, ешқандай сөздерінде өзгеріс ауытқуы болмайды. Адамның мінез-құлқындағы өзгерістері әр түрлі:

- ұйқының бұзылуы (адам күні бойы ұйықтайды немесе мүлдем ұйықтай алмайды);
- жұмыста немесе білім беру мекемелеріндегі жетістігі мен белсенділігінің бірден төмендеуі;

- адам өзінің сырт келбетіне қарауды тоқтатады;
- өзін сыйлаудан қашады;
- мұңлы, қайғылы әуендер тыңдайды;
- үйден кетіп қалу;
- өлім, екінші өмір туралы өлеңдер құрастырады;
- өзінен қашу, оқшаулануды қалау;

Коммуникативтік қажеттілік ерекшелігі адамның тануға ұмтылысы және басқаларды бағалауға негізделген, ал ол арқылы және олардың көмегімен өзін-өзі таниды және өзін-өзі бағалайды.

Өзіңді және басқа адамдарды тануда әрбір адамда үнемі жалпылау қалыптасады, ол тұлғаның мінез-құлқының ерекшеліктері мен оның ішкі әлемінің өзара байланысын дұрыс белгілеуінен көрінеді. Мұнда үш жақты схеманы қолдануға негізделген «субъект-әрекет-объект» және «Мен-осы жерде-қазір» принципінде сана және бейсаналы, қарым-қатынас, кәсіби карьера және тб. түсінігі. Бұл тұжырымның маңыздысы, ажырамайтын жаны мен тәні, субъект пен әрекет бірлік, тұтастық принципі болып табылады. Осы тұжырымды негіз ете отырып қарым-қатынас жасау әрекетінің психологиялық құрылымы құрастырылды:

а) қарым-қатынас орнатуға ықылас білдіруі, дайындығы;

ә) қарым-қатынас жасауға ұмтылыс, бірлескен әрекетті дамытуға бағдарлануы; б) мақсатталған ойын жеткізуді жүйелі жоспарлау;

в) өзара қатынас орнатып, байланысқа түсу;

г) тұлғааралық қарым-қатынаста бірін-бірі жағымды қабылдау.

Психологиялық қызмет көрсету жүйесінде жасөспірімнің тұлғалық қалыптасуында оның өмірлік ұстанымын, дүниетануы, қызығушылығы, қоршаған ортаға сезімталдығын үйлесімді қарым-қатынастық байланыс орнату бірінші кезекке алынуы қажет. Мұнда «Субъект-объект», «субъект-субъект» схемасында арнайы бағдарлама негізінде тренингтік жаттығулар, тестік тапсырмалар, әдістемелер, ойындар жүргізіледі. Әрбір топта қарым-қатынас процесінің

өзгешелігі сол тұлғалармен ұйымдастырылған іс-шаралардың жүйелі құрылуына байланысты.

Демек, қарым-қатынасты кезеңдерге бөліп жоспар бойынша төмендегі 1-кестеде берілгендей сипатталады:

Кесте –1. Қарым-қатынас кезеңдері мен мазмұны.

№	Қарым-қатынас кезеңдері	Мазмұны
1	Қарым-қатынасты модельдеу	Дайындық кезеңі: берілетін ақпарат, айтатын сөзді нақтылау.
2	Тікелей қарым-қатынасты ұйымдастыру	Топпен бастапқы байланыс, «біз» сезімін қалыптастыру, топты бір мақсатқа жұмылдыру
3	Қарым-қатынасты меңгеру	Коммуникативтік міндеттерді шешу
4	Жүзеге асырылған қарым-қатынасты талдау	Қарым-қатынасқа түсушілердің көңіл күйі, белсенділігі

Суицидалды белсенділігі жоғары адамдармен диалог құру арқылы психологиялық көмек көрсету ерекшеліктері

Сұхбат жүргізу принциптері:

- *Шұғыл.* Бұл тұлғаның суицидтік тәуекел туралы белгі көрінісінде онымен әңгімелесуді «кейінге қалдыруға» болмайды дегенді білдіреді. Басқа клиенттерге қарағанда оған ерекше, әрі көбірек көңіл бөлу.

- *Эмпатиялық қатынас.* Эмпатия – бұл басқа адамның эмоционалды жағдайының ерекшелігін анықтау, өзін оның орнына қою және оған жанашырлық таныту мүмкіндігі. Эмпатия клиентке деген шынайылықты, бірге уайымдауды білдіреді.

- *Сұрақтардың ашық және тікелей қойылуы.* Әңгімені «ашық» сұрақтардан бастау қажет. Бұл сұрақтарға әңгіме, монолог түрінде жауап алуға мүмкіндік болады. Мысалы:

«Өзіңіз туралы айтып берсеңіз», «Сізді не мазалап жүр?». Әңгіме барасында нақты жауап алу үшін «тікелей», «жабық» сұрақтар санын көбейту қажет. Мысалы: «Сіз зарығу сезімін басыңыздан кешірдіңіз бе?», «Сізде өзіңізге зиян келтіру туралы ой болды ма?».

- *Моральдық баға беруден аулақ болу.* Суицид тақырыбы моральдік, адамгершілік және діни контексте қарастырылады. Суицидтік актіні жалпыадамзаттық тұрғыда бағалау оны жасаған адамды немесе оның айналасындағыларды кіналау болып табылады. Мұндай жағдайдағы әңгіменің мәні кәсіби баға берілмейтін көмек.

- *Жауапкершілікті бөлу.* Клиентке дер кезінде және мәселеге сәйкес көмек беру, оның психикалық күйін және суицидтік тәуекелдің көрінісін бағалау, клиентке және оның туыстарына ұсыныстар жасау, кеңес беруді ұйымдастыру маманның (психолог, дәрігер және т.б.) жауапкершілігінде. Маман терапиялық іс-шаралардың нәтижесі үшін барлық жауапкершілікті мойнына алмайды. Ол клиенттің суицидтік әрекет жасауына жауапкершілік алмайды. Сондықтан, жауапкершілікті әңгімелесудің алғашқы күнінен бастап клиент, оның туыстары және көмек беретін мамандар арасында нақтылап бөліп алу маңызды.

- *Орындалмайтын уәдеден қашу.* Клиентпен қарым-қатынаста шынайылықтың принципі ұстану маңызды. Адам қиын жағдайға түскенде көмек беретін маманның тұлғасын және оның мүмкіндіктерін идеал ретінде қабылдайды. Сондықтан, көмек беретін маман өзінің мүмкіндіктерінің шекарасын анықтап алу қажет.

- *Психопатология.* Маманның міндетіне (психолог, дәрігер) клиенттің бастапқы психикалық деңгейін бағалау және алғашқы диагнозды қою кіреді. Бірақ патология қандай деңгейде болмасын, адамның психопатологиялық белгілері оның күйзелісі мен қиын жағдайдағы күйінің көрінісі екенін ұмытпау керек. Сондықтан, оны бірден «психикалық ауру» қатарына дейін төмендетуге болмайды. Мысалы, «дауыстарды есту» галлюцинациясы мен сандырақтау адам-

ның қатты қорқуынан болады, ал психикалық бұзылыстың көрінісі адамның ұят, кінәлі, әлеуметтік кемшілік, сол сияқты депрессияның көрінісі қайғы-қасірет, үміттің жоқтығы және т.б.

- *Коммуникативті байланыс орнатудан қашу.* Депрессивті клиенттерде коммуникативтік қабілеттер деңгейі жиі бұзылыста болады. Бұл сөйлеу қарқыны, жауаптардың қиын берілуінен көрінеді. Сондықтан, әңгімеге тарту үшін маман өзінің дауыс ырғағын, сөйлеу қарқынын клиенттің сөйлеу ерекшелігімен сәйкестендіреді.

- *Ақпаратты нақтылау.* Әңгіме барысында кейбір тақырыптарды, оның ішінде суицидтік ойлар мен әрекеттер туралы тақырыптарды жиі нақтылау маңызды. Бұл туралы сұрақтар жабық, жанама түрде әр түрлі формада қойылуы қажет.

Суицидалды белсенділік әсіресе ер балаларда басым болады. Депрессиялық бұзылысы көрінісі бар немесе тәуекел топтағы ер адамдармен ең алдымен эмоционалды байланыс орнату арқылы қарым-қатынасқа тарту маңызды [15].

Қойылатын сұрақтардың бірізділігі да сақталады.

1. Сізде сағыныш, дәрменсіздік, үмітсіздік сезімдері жиі мазалайды ма?
2. Ешкімді Сіздің қызықтырмайтынын сезесіз бе?
3. Өмірді жалғастырудың қажеттілігі жоқ деп ойлайсыз ба?
4. Өлім туралы қиялдарңыз болады ма?
5. Өзіңізге зиян келтіру туралы ойлас кездеседі ме?
6. Кейде өзіңізді өлтіргіңіз келетін жағдайлар болады ма?

Егер адамнан осы сұрақтарға түгел қанағаттанарлық жауаптар алынса, онда төмендегі сұрақтар арқылы оның жауаптарын нақтылау қажет:

- Өзіңізге зиян келтіру туралы ойлар қаншалықты жиі болады?
- Нақты қандай жағдайларда кездесті?
- Өміріңізде кездескен қиындықтарда Сізді жаман ой мазалады ма?
- Осы ойларға қарсы тұратын Сізде қабілет бар. Ол қандай қабілет?
- Сізге көмек беретін жақындарыңыз кімдер?

Қорытынды.

Адамның өмірлік қиын жағдайлардан шығу кезеңінде жаңа өмірге қайта бейімделіп, алға қойған өзіндік мақсатына жетуімен қатар жеке бас ерекшеліктерінде де бірқатар өзгерістер болады. Мысалы, сана сезімі, өзіндік бағалауы, мінез құлық ерекшеліктері тұрақталынады. Осы орайда қарым-қатынас мәселесінің мән-маңызына, жалпы тұлғаның қоғамдағы рөліне айрықша ден қоюды талап етеді. Ол қарым-қатынас дағдысын кеңейтуге бағытталған іс-шаралармен қамтамасыз ету.

Мақала АР09259839 «Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқын психологиялық бейіндеу және түзету жүйесін ұйымдастыру» тақырыбындағы ҚР Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын ғылыми жоба аясында жүргізілген зерттеулердің нәтижелері негізінде жазылған.

References

[1] *Taşımova F.S., Mazıtova D.E. Jasöspirim űaqtağy äleumettik mazasyzdyqıyñ zamanauı teorialary /Abai atyndağy QazŪPU-nıñ HABARűYSY, «Psihologia» seriasy №1(66) 2021. <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7847.14>*

[2] *Edvin S. űneidman. Psihikalyq auru retinde suisid: özın-özi joiuğa klinikalyq közqaras. - 1995 jylдың 1 säuur*

[3] *Lassuell Garöld D. Psihopatologia i politika: Monografıa / Per. s angl. L 26 T.N.Samsonovoi, N.V.Korotkovoi. - M.: İzdatelstvo RAGS, 2005. - 352 s. (Seria «Antologia zarubejnoi i otechestvennoi mysli»*

[4] *Andreeva G.M. Psihologia sosiälного poznania: Uchebn. Posobie dlä studentov vysshih zaevdeni. – M.: Aspekt Pres, 2000. – 288 s.*

[5] Toqсанбаева N.Q. *Psihologiadaғы qarym-qatynas мәselesi. // Bilim беру jüiesinde adam resurstaryn basqarudyñ qazirgi tendensialary: Halyqaralyq ғылыми-praktikalyq konferensia materialdary. - Almaty, 2005.*

[6] Abaev V.E. *Praktikum po nauchnomu stilü rechi dlä studentov, izuchaiuëshih mejdunarodnye otnoşenia i mejdunarodnoe pravo. – Almaty: «Äreket–Print», 2010. – 131s.*

[7] Leontev A.N. *Problemy razvitiia psihiki. - M.: Moskovski universitet, 1972*

[8] Golovin S.İu. *Slovär psihologa-praktika. - Minsk: Harvest, A: AST, - 2001. – 974 s.*

[9] Jakupov S.M. *Metodologicheskie probelmy izuchenia sovmestnoi deiatelnosti // Metodologicheskie problem obşei psihologii: Uchebnoe posobie-Almaty: İzd-vo “Qazaquniversiteti”, 2003.-S.114-149*

[10] Şelehov İ.L, Kaştanova T.V., Kornetov A.N., Tolstoies E.S. *Suisidologia: uchebnoeposobie / İ.L Şelehov, T.V. Kaştanova, A.N. Kornetov, E.S. Tolstoies – Tomsk: Sibirski gosudarstvennyi medisinski universitet, 2011. – 203 s.*

[11] Denisenko G.A. *Dialogovoe obşenie uslovia i faktory ego effektivnosti: avtoref. dis. nakand.psihol.nauk.:. 19.00.05 – M., 1992–21 s.*

[12] Aqajanova A.T. *Deviantologia. - Almaty: Nür-pres, 2009. - 126 b.*

[13] Kopylenko O.M. *Stupeni vospriatia i ponimania rechi. Voprosy issledovania reche-myslitelnoi deiatelnosti. // «Psihologia» (vypusk VII) - Alma-Ata, 1977.-100 s.*

[14] Qülmağanbet, Ä.Q t.b. *Jasöspirimder arasyndaғы suisidalды minez-qülyq jäne onyñ aldyn alu jümystary (ädistemelik qüral) Qostanai q., (QR), 2016. 51 b.*

[15] *Vyivlenie pasientov s suisidalnym riskom v obşemedisinskoi praktike: Ucheb. - metod. posobie / E.V. Lasyi, O.İ. Parovaia. Mn.: BelMA-PO, 2012.–34 s.*

МРНТИ 15.41.39

10.51889/1728-7847.2023.1.74.021

А.Т. Акажанова¹, Ә.Д. Қасымханова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.)

ОҚУ ҮРДСІНДЕ ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТТЕРІНІҢ ДАМУЫН ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Тұлғаның коммуникативтік қабілеттерін зерттеуге арналған жұмыстардың едәуір санына қарамастан, бүгінгі таңда ЖОО-да оқыту процесінде техникалық мамандық студенттерінің даму ерекшеліктері мен детерминанттары ұсынылатын зерттеулер жеткіліксіз.

Адамның коммуникативтік саласының дамуы мен қызмет етуі қарым-қатынас, тұлғааралық өзара әрекеттестік және кәсіби қатынастар мәселелерімен тікелей байланысты. Коммуникативтік қабілеттерін дамытудың жеткіліксіз деңгейі техникалық мамандық студентінің практикалық қызметіндегі көптеген маңызды проблемаларға әкеледі. Осыған байланысты тұлғаның коммуникативтік саласын зерттеу психологиялық ғылымда ерекше назар аудару тақырыбына айналады. Қазіргі кезеңде психологиялық детерминантты анықтау және болашақ техникалық мамандық студенттерінің коммуникативтік қабілеті мен құзыреттілігін мақсатты дамыту қажеттілігі өзекті болып отыр.

Түйін сөздер: техникалық мамандық студенттері, коммуникативтік қабілет, қабілет.

Акажанова А. Т.¹, Касымханова А. Д.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Казахстан, г. Алматы)

ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация

Есть большой объем работ по изучению коммуникативных навыков личности, но на сегодняшний день хватает исследований про особенности и детерминанты коммуникативных навыков студентов технических специальностей в процессе обучения в университете.

Развитие индивидуальной сферы напрямую связано с проблемами взаимодействия и профессиональных отношений. Недостаточный уровень развития коммуникативных способностей студента технических специальностей создает много серьезных проблем в его практической работе. В связи с этим изучение коммуникативной среды личности является предметом особого внимания в психологической науке. На современном этапе становится актуальной необходимость выявления психологического детерминанта и целенаправленного развития коммуникативных способностей и компетенций будущих студентов технических специальностей.

Ключевые слова: студенты технических специальностей, коммуникативные способности, способности.

Akazhanova A.T.¹, Kassymkhanova A.D.¹

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai
(Republic of Kazakhstan, Almaty)*

EXPERIMENTAL STUDY OF THE DEVELOPMENT OF COMMUNICATIVE ABILITIES OF STUDENTS OF TECHNICAL SPECIALTIES IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Abstract

Despite a significant amount of work on the study of the communicative abilities of the individual, to date there are not enough studies that present the features and determinants of the development of students of technical specialties in the process of studying at the university.

The development and functioning of a person's communicative sphere is directly related to the problems of communication, interpersonal interaction and professional relations. Insufficient level of development of communicative abilities leads to many serious problems in the practical activity of a student of a technical specialty. In this regard, the study of the communicative sphere of personality becomes the subject of special attention in psychological science. At the present stage, it becomes urgent to identify the psychological determinant and purposeful development of communicative abilities and competencies of future students of technical specialties.

Keywords: students of technical specialties, communication skills, abilities

Кіріспе

Әлемдік экономиканың жаһандануы, әлеуметтік процестер мен мемлекеттік саясат техникалық университеттің жас мамандарына жаңа талаптар қояды. Мемлекеттің қолдауымен жоғары оқу орындары экономикалық жағдайды және мемлекетті дамытудың негізі болып табылатын білікті инженерлер шығаруға міндетті. Жоғарғы оқу орындарында студенттерге кәсіби білім

берудің негізгі компоненті іскерлік коммуникацияны дамыту және жетілдіру болып саналды. Іскерлік қарым-қатынас саласында білімі жеткілікті заманауи маман өзін жоғарғы деңгейде таныстыра алады, кәсіби үрдісті, өзін-өзі басқару, дағдарыс жағдайында жауапкершілікті алу, адамдармен тиімді байланыс орнату, кәсіби келіссөздер жүргізу, серіктестерге психологиялық әсер ету, жұмыс орнының оң имиджін қалыптастыра алады.

Техникалық ЖОО студенттері – бұл болашақ инженерлер, ал инженерлік мамандықтар жоғары білімді, сұранысқа ие және бұқаралық мамандықтар қатарына жатады. Инженерлер кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында жұмыс істейді. Мысалы: ғылым, авиация, құрылыс, әскери сала, ғарыш, IT-орта және т.б. Қазірге таңда техникалық мамандықтар иелері – жоғарғы мәдениетке ие, заманауи техника мен технологиялармен, экономикамен, өндірісті ұйымдастырумен жақын таныс маман болуы керек. Алайда, жоғары техникалық білімі бар жас мамандар іскерлік қарым-қатынас жағынан үлкен қиыншылықтарға тап болуда. Бұл коммуникативтік қабілеттердің төмен деңгейі, тиімді кәсіби қарым-қатынасты құра алмау, ауызша және жазбаша сөйлеудегі қиындықтар және көпшілік алдында сөйлеу қорқынышы және т.б. Аталған себептер техникалық мамандық студенттерінің коммуникативтік қабілеттерін дамытудың өзекті проблема екендігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Техникалық мамандық студенттерінің коммуникативтік қабілеттерін эксперименталды зерттеу үшін біз төмендегі әдістемелерді қолдандық.

1. *«Коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділік» әдістемесі (А.Н. Сухов, А.А. Деркач).* Бұл әдістеме тұлғаның коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділігін анықтауға арналған, мысалы, адамдармен іскерлік және жолдастық қарым-қатынас орнату, қарым-қатынасты кеңейтуге ұмтылу, топтық іс-шараларға қатысу, адамдарға әсер ету, бастамашылық және т.б. көрсетуге ұмтылу [1].

Әдістеме тиісті бейімділікті анықтауға және бағалауға мүмкіндік береді, өйткені олар жеке тұлғаның қажеттіліктерімен, оның мүдделерімен және қызметке деген талғамды-жігерлік қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Әдістеме сыналушының әр түрлі жағдайларда өз мінез-құлқының кейбір ерекшеліктерін көрсету және бағалау қағидатына негізделген. Сыналушыларға жеке тәжірибесі бойынша таныс және тиісті қабілеттердің индикаторы бола алатын жағдайлар таңдалған.

Сауалнамада жеке тұлғаның коммуникативтік және ұйымдастырушылық қасиеттеріне байланысты сұрақтар кезекпен қойылады.

Сонымен қатар, осындай кезектілік олардың теріс және оң модулі бойынша мәселелерді орналастыруға бағынады. Әдістеме екі шкаладан тұрады: коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттер және 40 сұрақтан тұрады, олардың 20-ы коммуникативтік қабілеттерді және 20-ы ұйымдастырушылық қабілеттерін зерттеуге бағытталған. Коммуникативтік: қарым-қатынас жасауға ұмтылу немесе жалғыздықты артықшылық, жаңа адамдарға, жаңа ұжымға тез үйрену қабілеті, бейтаныс адамдармен байланыс орнату қабілеті, аудиторияға сөйлеу қабілеті. Ұйымдастырушылық қабілеті: күрделі жағдайларда бағдарлаудың жылдамдығы, тапқырлық, бастамашылдық, табандылық, талапшылдық, ұйымдастырушылық қызметке бейімділік, дербестік, өзін-өзі бақылау, шыдамдылық, көпшілдік.

Деректерді сандық өңдеу үшін «дешифратор» қолданылады, онда коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті барынша көрсететін тамаша жауаптар берілген.

Коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділіктің жоғары деңгейі студент қиын жағдайларда тез бағдарланатынын, жаңа ұжымда өзін еркін ұстайтынын, шешім қабылдауда және таңдауда өзін-өзі ұстайтынын көрсетеді. [2] Орташа деңгей үшін жаңа байланыстарға ұмтылу, жұмысты жоспарлау кезіндегі дербестік тән, бірақ қабілеттің әлеуеті тұрақтылығымен ерекшеленбейді. Төмен деңгей қарым-қатынасқа бейімділіктің болмауымен, бейтаныс жағдайда ұялшақтық сезімімен сипатталады.

2. *Л.Мильхельсонның «Коммуникативті іскерлік» тесті (Ю.З. Гильбуха модификациясы).* Жетістіктер тестінің бір түрі болып табылады, яғни дұрыс жауабы бар тапсырма түрі бойынша құрылған. Тестте құзыретті, сенімді, серіктестік стиліне сәйкес келетін мінез-құлықтың кейбір эталондық нұсқасы ұсынылады [4]. Қалыптыға жақындау деңгейін дұрыс жауаптар саны бойынша анықтауға болады. Сауалнамада 27 коммуникативтік жағдайдың сипаты бар. Әрбір жағдайға мінез-құлықтың 5 нұсқасы ұсынылады. Сыналушыға осы жағдайда өзіне тән мінез-құлық тәсілін таңдау керек, екі немесе одан да көп нұсқаны таңдауға немесе сауалнамада көрсетілмеген нұсқаны жазуға болмайды. Кілтпен дұрыс және дұрыс емес жауаптар саны таңдалған жауаптардың жалпы санына пайыздық қатынаста есептеледі. Өңдеу нәтижесінде коммуникативтік біліктіліктің 10 түрі бөлінеді:

1. Құрдастарынан назар (комплименттер) көрсету және қабылдау қабілеті;
2. Әділ сынға ден қою;
3. Әділетсіз сынға жауап беру;
4. Өңгімелесуші тарапынан мінез-құлыққа әсер ету;
5. Өтініш бере білу;
6. Бөтен адамның өтінішіне жауап бере білу, « жоқ»;
7. Құрдастары тарапынан Өзін-өзі сезу және қолдау көрсете білу;
8. Құрдастары тарапынан Өзін-өзі сезіну және қолдау қабылдай білу;
9. Басқа адаммен байланыс жасай білу, Байланыс;
10. Сізбен қарым-қатынас жасауға әрекет ету.

3. *Т.И. Ильинаның «ЖОО-да оқу мотивациясын зерттеу» әдістемесі.*

Бұл әдістеме жоғары оқу орнында білім алу мотивациясын зерттеуге арналып, үш шкаладан тұрады: білім алу, мамандықты меңгеру, диплом алу. Тиісінше ЖОО-да білім беру мотивациясының үш деңгейін бөліп көрсетеді: жоғары деңгей - білім алуға ұмтылу, кәсіби білімді меңгеруге ұмтылу; орташа деңгей – білім алуға деген қызығушылықтың және кәсіби білімді меңгеруге деген қызығушылықтың жеткіліксіздігі; төмен деңгей – білімді формалды меңгеруде диплом алуға бағдарлану. [5]

Сауалнамаға, бүркемелеу үшін әдістеме авторы одан әрі өңделмейтін бірқатар фондық тұжырымдарды енгізген.

4. *Б.Басстың тұлғаның бағыттылығын айқындау әдістемесі (бағдарлы сауалнама)* 27 тармақ-пікірден тұрады, олардың әрқайсысы бойынша тұлға бағыттылығының үш түріне сәйкес жауаптардың үш нұсқасы болуы мүмкін.

Өзіне бағыттылық (Ө) – тікелей сыйақы алуға бағыттылық, мәртебеге қол жеткізудегі агрессивтілік, билік, бәсекелестікке бейімділік, тітіркендірушілік, мазасыздық, интроверттілік. [6]

Қарым-қатынасқа бағытталу (Қ) – кез келген жағдайда адамдармен қарым-қатынасты қолдауға ұмтылу, бірлескен қызметке бағдарлану, бірақ жиі тапсырмаларды орындау немесе адамдарға шынайы көмек көрсетуге қарсы келу, әлеуметтік мақұлдауға бағдарлау, топқа тәуелділік, адамдармен қарым-қатынас және бауыр басу қажеттілігі.

Іске бағытталу (І) – іскерлік проблемаларды шешуге мүдделілік, жұмысты мүмкіндігінше жақсы орындау, іскерлік ынтымақтастыққа тарту, ортақ мақсатқа жету үшін пайдалы өз ойын іс мүддесінде қорғау қабілеті.

Жалпы біз сипаттаған ұйымдастырушылық факторлар, жұмыс кезеңдері, әдістер мен іріктелген әдістемелер зерттеу міндеттерін кешенді шешуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Техникалық мамандық студенттерінің коммуникативтік қабілеттерінің дамуын эксперименталды зерттеу үшін Алматы технологиялық университеті «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» мамандығының 1,4 курс студенттері жалпы саны 82 адам зерттеуге алынды. **Алынған нәтижелерді егжей-тегжейлі қарастырайық.**


Б.Басстың тұлғаның бағыттылығын айқындау әдістемесін жүргізу нәтижесінде келесі нәтижелер алынды: 1 курс 38 студентінің 23-і «өзіне» бағытталған, бұл топтың жалпы санының

60,53% құрайды; 7 студент (17,04%) «іске» бағытталған, ал 8 студент (19,32%) «қарым-қатынасқа» бағытталған.

4 курста 23 студент «өзіне» бағытталуымен ерекшеленеді, бұл топтың жалпы санынан 52,27% құрады.; 9 адамда «қарым-қатынасқа» бағыттылығы басым (20,46%) және 12 студент «іске» бағыттылығымен сипатталады (27,27%). Деректер 1-диаграммада көрсетілген.

Б. БАССТЫҢ ТҮЛҒАСЫН ДИАГНОСТИКАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІН ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕСІ

1-диаграмма. 1 және 4 курс сыналушылар тұлғасының бағыттылығы (%)



Бұдан әрі студенттердің коммуникативтік біліктерін диагностикалаудың нәтижелерін (Ю.З. Гильбухтың модификациясындағы Л.Мильхельсонның әдістемесі) көрсетеміз және сипаттаймыз. Деректер 1 – кестеде көрсетілген.

1-кесте

Коммуникативтік жағдайлардың түрлері	Деңгейлер	1 курс	4 курс
		Жалпы саны мен %	Жалпы саны мен %
1. Жағымды пікірлерге реакциялар	Тәуелді	18 (47,37%)	16 (36,36%)
	Білікті	16 (42,11%)	25 (56,82%)
	Агрессивті	4 (10,53%)	3 (6,82%)
2. Теріс пікірлерге реакциялар	Тәуелді	12 (31,58%)	14 (31,82%)
	Білікті	17 (44,73%)	19 (43,18%)
	Агрессивті	9 (23,87%)	11 (25%)
3. Өтінішке реакциялар	Тәуелді	19 (50%)	24 (54,55%)
	Білікті	9 (23,68%)	16 (36,36%)
	Агрессивті	10 (26,32%)	4 (9,09%)
4. Өңгімелесу жағдайы	Тәуелді	18 (47,37%)	19 (43,18%)
	Білікті	10 (26,32%)	19 (49,18%)
	Агрессивті	10 (23,87%)	6 (13,64%)
5. Эмпатия көрінісі	Тәуелді	20 (52,63%)	21 (47,73%)
	Білікті	9 (23,68%)	22 (50%)
	Агрессивті	9 (23,68%)	1 (2,27%)

Коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділіктерді диагностикалау әдістемесін жүргізу нәтижесінде коммуникативтік бейімділіктердің даму деңгейі анықталды: 1 курс студенттерінің жоғары деңгейі мен орташадан жоғары деңгейі әрбір көрсеткіш бойынша топтағы студенттердің жалпы санының 7,89%-нан (3 студенттен) 1 курс студенттерінен анықталды; 7 студент коммуникативтік бейімділіктің орташа даму деңгейімен сипатталады (18,42%); 15 студенттердің басым бөлігі коммуникативтік бейімділіктердің даму деңгейімен орташадан төмен (39,47%) ерекшеленді; студенттер санының көптігі коммуникативтік бейімділіктің төмен деңгейі анықталды (10 адам - 25%).

Коммуникативтік бейімділіктің жоғары деңгейі 4 курс 4 студентінде ғана байқалады (9,09%); 5 студенттерде коммуникативтік бейімділіктің даму деңгейі орташадан жоғары, бұл топтың жалпы санының 11,36% құрайды; 11 студенттерде орташа деңгей анықталды (25%); ал орташадан төмен коммуникативтік қасиеттердің даму деңгейін 17 адам көрсетті (38,64%); 4 курс 7 студенттерде төмен көрсеткіштер анықталды, бұл аталған топта сыналушылардың жалпы санының 15,91% құрады. Деректер 2-кестеде және диаграммада көрнекі түрде көрсетілген.

2-кесте

№	жоғары	Орташадан жоғары	Орташа	Орташадан төмен	Төмен
1-курс	7,89	7,89	18,42	39,47	26,32
4-курс	9,09	11,36	25	38,64	15,91

Бұдан әрі біз Т.И. Ильинаның «ЖОО-да оқу мотивациясы» әдістемесі арқылы студенттерді жоғары оқу орнында оқу мотивациясын зерттеп, келесі нәтижелерге қол жеткіздік. Деректер 3-кестеде көрсетілген. 1 курс студенттерінің көпшілігі үшін (25 адам – 65,79%) ЖОО-да оқудың басты мотивациясы диплом алу болып табылады; 9 адам үшін (23,68%) мамандықты меңгеру маңызды; тек 4 студент үшін ғана білім алу оқытудың негізгі мотивациясы болды, бұл аталған топта тексерілушілердің жалпы санының 10,53% құрайды.

3-кесте

	Білім алу	Мамандықты игеру	Диплом алу
1-курс	10,53	23,68	65,79
4-курс	47,73	29,55	22,72

Қорытынды

Өзінің кәсіби қызметінде техникалық мамандық студенті, кәсіби білім мен шеберліктен басқа, тұлғаның коммуникативтік қасиеттеріне, коммуникативтік құзыреттілікке, қарым-қатынастың коммуникативтік дағдыларына, яғни дамыған коммуникативтік қабілеттерге ие болуы тиіс. Болашақ техникалық мамандық иелерінің коммуникативтік қабілеттерінің дамуына ықпал ететін коммуникативтік біліктері мен дағдылары кәсіби қызметтің кіші жүйесінің басты компоненті.

Осылайша, коммуникативтік бейімділіктің, қабілеттердің және негізгі тұлғалық сипаттамалардың дамуының өзара байланысын көрсететін анықталған корреляциялық байланыстар психологиялық қолдаудың тиімді моделін құрудың негізін және техникалық мамандық студенттерінің коммуникативтік қабілеттерін дамытудың аса маңызды мақсаттарын, міндеттерін, бағыттарын және басымдықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

References

1. Golubeva E. A. *Personality, Personality, individuality*. - Dubna: "Phoenix+", 2005. - 512 P.
2. Maslow A. G. *Dalnie predellikal psychics / transition. with the English*. A.m. Tatlybaevoy. *Nauch. Ed., vstup. articles and comments*. H.H. Akuli-Noah. - SPB.: Eurasia, 1999. – 432p.
3. Rogers K. *looking into psychotherapy*. "I don't know," he said. - M.: Progress, 2004.
4. Batarshhev A.B. *Psychodiagnostics help the public or how to improve the organizational and communicative quality of the personality*. -M.: izd-Vo VLADOS, 2001. - 175 P.
5. Muravyova O. I. *communicative competence as a problem of public psychology // Siberian psychological Journal*, 2001. - No. 14-15. - pp. 21-28.
6. Kabardov M. K. *communicative and cognitive content of the language: individual-typological subgroup: diss... the doctor is crazy*. *Nauk.* - Moscow, 2000. - 295 P.

7. Mikhailova O.V. *personality of communicative competence of students in the PolyCultural environment: abstract.* Kand. psych, Nauk, St. Petersburg, 2009. - 22 p.

8. Abulkhanova-Slavskaya K. A. *The problem of the personal aspect of society //in KN.: Problems of society in psychology / Ed. B. F. Lomova. - M.: Nauka, 1981. - p. 19-45, P. 218-241.*

9. Bodalev A.A. *Psychology of society: individual psychological works-M.: Moskovsky psychological and Social Institute, Voronezh: NPO "MODEK", 2002. - 256 P.* limov E. A. *psychology of professional self-confidence. - Rostov-On-Don: "izd-Vo "Phoenix", 1996. - 512 P.*

10. Abeuova I. A. *psychological activity in the field of education: methodology, technology, practice. - Almaty: Evero, 2011 pp. 67-78.*

11. Anikeeva Yu. V. *Psychological determinants of the development of communication skills of students-psychologists: diss... Kand. psychedelic. Nauk. - Stavropol-2012. - 236 p.*

12. *Psychology. Humanity is a treasure of the mind. T. 10. - Almaty: Taimas, 2005-520 P.*

МРНТИ: 15.81.99

10.51889/1728-7847.2023.1.74.022

С.Асқарқызы¹

¹Қазақ Ұлттық Өнер университеті (Астана, Қазақстан) samal050191@mail.ru

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-1325-2146>

СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚТАРЫН САҚТАУДЫҢ ОҢ ТӘЖІРИБЕСІН ДАМУДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН БОС УАҚЫТТЫҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Бос уақыт адамдардың өмірлерінің маңызды бөлігі болып табылады. Бос уақыттың дұрыс ұйымдастырылуы, қалыпты өмірдегі, қайғы, жүйке жүйесінің тозуы, стресс, депрессия сияқты психологиялық ұғымдардың алдын алуға мүмкіндік беріп, студенттердің білімдері мен танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруға жағдай жасалынады. Мақаланың тақырыбына сәйкес жоғары білім беру мекемесінде білім алушыларының арасында зерттеу жүргізілді. Шағын зерттеу барысында сауалнама көмегімен келесідей сұрақтарға жауап беруге тырыстық: 1) Студенттер бос уақыттарын қалай ұйымдастырады? 2) Ұйымдастырылған бос уақыттарының көңіл күйлеріне әсері қандай? 3) Күнделікті білім алу кезінде ұйымдастырылған бос уақыт үнемі жоспардағыдай іске асырылады ма?

Қазіргі таңда студенттер арасында суицид, кекілжіндер, қылмыс сияқты іс-әрекеттердің орын алуы, бос уақыттың дұрыс ұйымдастырылмағандығының салдарынан дүниежүзілік деңгейдегі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Дұрыс ұйымдастырылған бос уақыт көптеген қоғамдық қиын мәселелерінің болуына жол бермейді, себебі шағын зерттеу барысында анықталғандай бос уақыт көбінесе студенттің қызығушылығына қарай ұйымдастырылады, өз қалауымен іс-әрекетті орындаған студент толықтай өз уақытын сол бағытта жұмсайды. Шағын зерттеуде қарастырылған сұрақтар бойынша, білім алушы жастардың бос уақыттарын ұйымдастырылуын зерттеп, танысуға мүмкіндік алдық.

Түйін сөздер: білім алушы жастар, уақыт, жоғары білім, бос уақыттың ұйымдастырылуы, басқару.

Асқарқызы С. ¹

¹ *Казахский национальный университет искусств*

ВЛИЯНИЕ ОРГАНИЗОВАННОГО ДОСУГА НА ФОРМИРОВАНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ЗДОРОВЬЯ СТУДЕНТОВ

Аннотация

Свободное время – важная часть жизни людей. Правильная организация свободного времени позволяет предотвратить такие психологические понятия, как горе, изнашивание нервной системы, стресс, депрессия в обычной жизни, создаются условия для формирования знаний и познавательных интересов учащихся. По теме статьи было проведено исследование среди студентов высшего учебного заведения. В ходе небольшого исследования мы попытались с помощью анкеты ответить на следующие вопросы: 1) Как студенты организуют свое свободное время?

2) Как организованное свободное время влияет на настроение? 3) Всегда ли свободное время, организованное во время ежедневного обучения, проводится по плану?

В наше время суициды, ссоры, преступления среди студентов из-за неправильной организации свободного времени становятся одной из актуальных проблем мирового уровня. Правильно организованное свободное время предотвращает возникновение многих сложных социальных проблем, так как, как выяснилось в ходе небольшого исследования, свободное время часто организуется по интересам учащегося, осуществляющий деятельность по собственной воле, проводит свое время именно в этом направлении. У нас была возможность изучить и ознакомиться с организацией свободного времени образованной молодежи по вопросам, рассмотренным в небольшом исследовании.

Ключевые слова: молодежь, время, высшее образование, организация свободного времени, управление.

Askarkyzy S. ¹

¹ *Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)*

INFLUENCE OF ORGANIZED LEISURE ON THE FORMATION OF PSYCHOLOGICAL HEALTH OF STUDENTS

Abstract

Leisure time is an important part of people's lives. Proper organization of free time helps to prevent such psychological concepts as grief, wear and tear of the nervous system, stress, depression in everyday life, creates conditions for the formation of knowledge and cognitive interests of students. On the topic of the article, a study was conducted among students of a higher educational institution. In the course of a small study, we tried to answer the following questions using a questionnaire: 1) How do students organize their free time? 2) How does organized free time affect mood? 3) Is the free time organized during daily training always carried out according to the plan?

In our time, suicides, quarrels, crimes among students due to improper organization of free time are becoming one of the urgent problems of the world level. Properly organized free time prevents the emergence of many complex social problems, since, as it turned out in the course of a small study, free time is often organized according to the interests of the student, carrying out activities of his own free will, spends his time in this direction. We had the opportunity to study and get acquainted with the organization of free time of educated youth on the issues discussed in a small study.

Keywords: student, time, higher education, organization of free time, management.

Кіріспе. Қоғамда ертеден «уақыт» ұғымына адамдар тарапынан көп көңіл бөлінуде. Адамдардың дамуында, қалыптасуларында, білім мен оқиғаларды қабылдауда «уақыт» ұғымы маңызды рөл атқарады. Уақыттың тиімді басқарылуы жылдар бойы зерттелініп, «бос уақыт» түсінігін қарастыруға алып келді. Бос уақыт – көптеген ғылым салаларының тұрғысынан кеңінен зерттелінген құбылыс. Адамдардың қоғамда тарихи қалыптасып, бейімделіп, уақыт-тарын өз бетінше басқара алулары «бос уақыт» ұғымын қалыптастырды. Осы түсінік аясында қоғамда іскерлік өмір, қарым-қатынастар, бос уақытты пайдалану әдеттері сияқты үдерістер орын алды [1].

Әр адамның өмірінің басталуы мен аяқталу мерзімі уақыттың белгілі бір қайталанбайтын бөлігі ретінде бағалануы мүмкін. Дәл осы қайталанбайтын уақыт аралығында ешкімге тәуелді болмай, тұлғаның өз қалауымен орындаған іс-әрекеті бос уақыт бөлігін ұйымдастырып, әр тұлғаның өз бетінше және еркін әрекет ете алатын уақыт бірлігін құрайды [2]. Дәлірек айтқанда, бос уақыт жеке тұлғаның өз қалауы мен қажеттіліктеріне сәйкес демалуы, көңіл көтеруі немесе өзін-өзі дамытуға, сондай-ақ осы уақыт аралығында міндетті өзіне ала отырып, белгілі шешімдерді қабылдауға арналған уақытты білдіреді.

Қоғамда бос уақыт ұғымына көп көңіл бөлініп келгендігіне көзімізді жеткізіп, қоғамның ажырамас бөлігі студент жастарының бос уақыттарының ұйымдастырылу көрінісін айқындау мақсатында осы мақаланың негізінде шағын зерттеу жүргізуге шешім қабылдадық. Университет студенттері бір қауымдастықтың мүшелері болса да, олардың бос уақыттарының ұйымдастырылуына көптеген факторлар әсер етіп, психологиялық күйлерін қалыптастырады [3]. Психологиялық күй «белгілі бір уақыт кезеңіндегі психикалық іс-әрекеттің нақты болмысын бейнелейтін, құбылыстардың бастапқы қалпы мен тұлғалық қасиеттеріне байланысты психикалық процестер ағымының өзіндік ерекшелігін көрсететін тұтас сипаттама [4]. Демек, мұндай сипаттамалар өмірлік ағымдағы әрекеттерге жауап беру барысында көрініс табады. Адамдар қандай да бір іс-әрекетті орындауда, тұлғалық қызығушылығы мен ниеті, жігері, қысқа уақытта ынтасы болмаса зерігуге алып келеді делінген.

Уақыт ұғымын зерттеген ғалымдардың пайымдауынша бос уақыттың үш негізгі функциясы бар [5]. Атап айтқанда: демалдыру функциясы, дамыту функциясы, сергіту немесе ойын-сауық функциясы.

Демалдыру функциясы: әртүрлі қызметпен айналысатын тұлғалардың өз өмірлерінде стресс пен күйзеліс, шаршау сияқты сезімдерден арылу мақсатында бос уақыттарын ұйымдастыратын функциясы.

Дамыту функциясы: бос уақыттың дұрыс ұйымдастырылуы тек, адамдарды демалдырып қана қоймай сонымен қатар белгілі бір бағыттарда қызығушылықтарға негізделе отырып тұлғаны дамытады, әлеуметтік ортаға көзқарасын қалыптастырып, адамды қоғамға бейімдейді.

Сергіту функциясы: күнделікті өмір айналымының тіршілігінен бөлек ұйымдастырылатын бос уақытта көрініс табатын функция. Сергіту немесе ойын-сауық функциясы адамның кәсіби жауапкершілігін талап етпей, адамға еркіндік пен бостандықты сезуге мүмкіндік беріп, психологиялық денсаулығын жақсартуға бағытталған уақыт.

Бос уақытта ұйымдастырылған сауықтыру шараларына қатысу арқылы адамдар психологиялық қалыптарына белгілі бір әсер алады. Яғни, эмоционалды күйлері өзгереді, қоғамға әлеуметтенеді, көшбасшылық қасиеттерге ие бола бастайды, өзіне деген сенімділіктері артады, командалық ойындар барысында өзіне және өзгеге жауапкершілікпен қарай бастайды. Ұйымдастырылған бос уақыт барысында адамдар жаңа достарды, жаңа ортаны танып біледі. Мұндай кезеңде тәжірибе алмасып, ортақ құндылықтар пайда бола бастайды. Осының барлығы ескере отырып, студент жастарының бос уақыттары қаншалықты ұйымдастырылғанын анықтауға шешім қабылдадық.


Әдебиет шолу. «Бос уақыт» сөз тіркесі алғаш рет ХХ ғасырдың басында әлеуметтанушылардың зерттеулері мен статистикалық зерттеулер нәтижесінде қалыптасқан. Дүниежүзі бойынша көптеген елдерде «бос уақыт» ұғымының орнына «демалыс» ұғымы қолданылады.

В.М. Рич былай дейді: «Уақыт – бұл ұғым бізді қоршаған әлемде болып жатқан кез келген дерлік процесті өлшейді, бар нәрсенің ұзақтығы мен реттілігін білдіреді, уақыт үздіксіз, тұтастай табиғатқа мәңгілік, дегенмен материяның кез келген нақты формасы уақыт бойынша шектеулі және өтпелі. Уақыт жеке адамның және жалпы адамзат қоғамының өмірін де өлшейді. Демек, «бос уақыт», «демалыс» белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің жиынтығы [6]. Уақыттың мәнін анықтауға қатысты диалектикалық-материалистік ұстанымды Ф.Энгельс былайша көрсетеді – «кез келген болмыстың негізгі формалары кеңістік пен уақыттың мәні болып табылады». Уақыт барлық материалдың, соның ішінде әлеуметтік кеңістіктің және оны мекендейтін адамдардың атрибуты болып табылады [7]. Үшінші концептуалды тәсілді жақтаушылар Ю.Н. Лобанов, А.В. Мяскин өндірістегі еңбектен тыс бос уақытты қарастырып, оны іс жүзінде жұмысшылардың демалуы мен дамуына арналған жұмыстан тыс уақытқа дейін қысқартады [8]. Бос уақыт – бұл материалдық қажеттіліктен емес, адамның өз рахатына, көңіл көтеруіне, өзін-өзі жетілдіруіне немесе өз таңдауы бойынша басқа мақсаттарға жетуіне арналған әрекет. Бос уақыт – бұл адамдар тек ұнағандықтан жасайтын әрекет. Сонымен қатар, ғалымдар бос уақыттың басты мақсаты демалыс екенін жоққа шығармайды. Бұл бос уақытты өткізу қажеттілігін анықтайтын физиологиялық және моральдық-психологиялық күшті қалпына келтіру қажеттілігі. Неміс ғалымы Г.Клут былай деп есептейді:

«Бос уақыт еңбекке қарама-қарсы, өзіндік құндылықтары мен талаптары бар әлемді құру мүмкіндігі бар жерде басталады, мұндай әлемде адам қызметі демалуға, стрессті жеңілдетуге арналған уақыт» [9]. Б.А. Трегубов бос уақытты жеке тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуына бағытталған жұмыстан тыс уақыт бөлігі ретінде анықтайды» [10]. Ұйымдастырылған бос уақыт – әлеуметтік уақыттың бір түрі немесе басқаша айтқанда, әлеуметтік уақыт бірлігі. Ол жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына, мәдени жетістіктерді меңгеруге және мәдени құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған уақыт жүйесі [11].

Материалдар мен әдістер. 2022 жылы қыркүйек айында Қазақ ұлттық өнер университеті (бұдан әрі - ҚазҰӨУ) (105 адам) және Тұран-Астана университеті (бұдан әрі - ТАУ) (80 адам) I курста білім алып жатқан студенттердің бос уақыттарын ұйымдастырулары бойынша сауалнама әдісімен зерттеу жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде бірінші курс білім алушыларының таңдалу себебі, бұл кезеңде бірінші курс студенттері ересек өмірге бейімделу кезінде еді. Олардың мектеп бітірулеріне бірнеше ай ғана болғандықтан, студенттік кезеңде қандай бағытта өздерін көретіндіктерін, және сабақтардан тыс бос уақыттарын қалай ұйымдастыратындықтары және бос уақыт ұғымын қандай бағытта түсінетіндіктері зерттеушілік қызығушылықты туғызды.

Нәтижелер. Ұйымдастырылған бос уақыттың үш негізгі функциясына қарай сауалнамамыздың сұрақтары құрылды. Атап айтқанда, демалдыру функциясына сәйкес спорт, кино көру, балық аулау, саяхатқа шығу сияқты параметрлер негізінде сұрақтар ұйымдастырылды. Дамыту функциясына сәйкес құрылған сұрақтар кітап оқу, хобби, кітапханаларға саяхат, музыка жазу, тыңдау, би үйірмесіне қатысу сияқты тізбекті құрды. Сергіту функциясына сәйкес ұйымдастырылған сұрақтар клубтарға бару, жарыстарға қатысу, шопинг, сауда саттықпен айналысу сияқты сұрақтардан құрылды. Зерттеудің нәтижелерін төмендегі 1 суреттен таныса аласыздар.



1-сурет. Бірінші курс студенттерінің бос уақыттарының ұйымдастырылу көрсеткіші

ҚазҰӨУ-і мен ТАУ студенттерінің 60%-ы күн сайын кино көруге уақыттарын бөледі. Спортпен айналысуға ҚазҰӨУ-нің 40% күніне бір сағаттан астам уақыт бөледі, сауалнамадан өткен ТАУ студенттері тек 30% спортпен айналысатындықтарын көрсетті. Кітап, журналдар, ақпараттық мәліметтерді оқу бойынша ҚазҰӨУ-і 40% көрсетті, ТАУ студенттері 50% көрсеткішті көрсетті. Бос уақыттарын әлеуметтік желілерде, интернет желісіндегі платформа-ларында уақыттарын өткізетін студенттер пайыздық көрсеткіші ҚазҰӨУ-і студенттері 60% құрды, ТАУ студенттері 65% болды. Сергіту функциясына сәйкес құрылған сұрақтар бойынша нәтиже келесідей, бос уақытын шопинг сияқты іс-әрекетке жұмсайтын ҚазҰӨУ-і студенттері 30%, ТАУ студенттері 20% көрсетті. Сауалнаманың қорытындысы бойынша зерттеуге қатысқан студенттердің басым бөлігі бос уақыттарын әлеуметтік желілер мен интернет жүйесінде өткізетіндіктері анықталды. Түрлі әлеуметтік платформалар көмегімен электронды кітап оқу, музыка тындау, сурет салу, кино көру, ойындар ойнау, бір бірімен хабарласу, сөйлесу және т.б. іс-әрекеттердің барлығын интернет көмегімен іске асырып, бос уақыттарының сол бағытта ұйымдастырылатындығы анықталынды.

Қорытынды.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде «білім мен бос уақыттың» байланысы өзекті мәселелердің бірі екендігіне шағын зерттеу жұмысымыздың барысында көз жеткіздік. Бос уақыт адамның дамуына, қалыптасуына, эмоционалды көңіл күйіне әсер ететіндіктен, студенттер арасында жүргізілген сауалнаманың қорытындысы да аталынған іс-әрекеттерді дәлелдеді. Студент жастарының арасында бос уақыт интернет желісімен, әлеуметтік желілер мен интернет ойындарда ұйымдастырылатындығы анықталынды. Әрине ХХІ ғасыр технологиялар ғасыры болғанымен, көзді ұзақ уақыт бойы көгілдір экрандар мен үзілмей интернетте отыру денсаулыққа кері әсері бары сөзсіз. Интернет ағымындағы саны шексіз, қол жетімді, психологиялық денсаулыққа кері әсері бар ақпараттың көптігі студент жастарының дамуларына кері әсерін тигізетіндігі сөзсіз, алайда бұл тақырып келесі зерттеу жұмысымыз болмақ.

References:

1. Badric, M., Prskalo, i Matijevic, M. (2015). *Primary School Pupils' Free Time Activities*. *Croatian Journal of Education*, 17(2), 299-332.
2. Ajoì, T. A., Gran, S. S., Kanyan, A., & Lajim, S. F. (2021). *An Enhanced Systematic Student Performance Evaluation Based on Fuzzy Logic Approach for Selection of Best Student Award*. *Asian Journal of University Education*, 16(4), 10-20.
3. Akyüz, H. (2015). *Examination of University Students' Attitudes Towards Leisure Activities the Case of Bartın University, [Examination of University Students' Attitudes Towards Leisure Activities Bartın University Case Study]*. (Unpublished Master's Thesis). *Bartın University / Institute of Educational Sciences*.
4. Korzhova Elena *Psychology of personality. Tutorial. third generation standard*. - St. Petersburg: Peter. 2020. 544 p.
5. Kara, F. M. & Ayverdi, B. (2018). *Is the perception of being bored in leisure time determining the reasons for alcohol consumption among university students? [Is the perception of being bored in free time determining the reasons for alcohol consumption among university students?]*. *Gazi Journal of Physical Education and Sport Sciences*, 23 (1), 35-42.
6. Rich V.M. *Leisure culture and cultural formation of personality / Rich V.M.// Vestnik Mosk. State. University of culture and arts*. - 2011. - №. 1.
7. Marx K. *The Poverty of Philosophy // Marx K., Engels F. Soch. 2nd ed. T. 4*. - M.: State publishing house of political literature, 1955.
8. Lobanov Yu.N. *Sociology of leisure and sociology of culture: the search for a relationship / Lobanov Yu.N. // Sociological research*. - 2006. – №. 12
9. Klut G. *Emergency remote teaching during the COVID-19 pandemic: Parents experiences and perspectives // Education and Information Technologies*. 2021. Vol. 26. № 6. P. 6699–618. DOI:10.1007/s10639-021-10520-5
10. Tregubov B.A. *The concept of development of the system of psychological support (psychological service) of education in the Russian Federation for the period up to 2015 // Psychological science and education*. 2008. V. No. 1. S. 69–82.
11. Reynolds D.L., Garay J.R., Deamond S.L., Moran M.K., Gold W., Styra R. *Understanding, compliance and psychological impact of the SARS quarantine experience // Epidemiology & Infection*. 2009. Vol. № 7. P. 997–1007. DOI:10.1017/S09502688070091

Г.Ш. Сейдалиева ^{1*}, М.П. Оспанбаева ¹, А.Қ. Умбетова ², Н.Қ. Байкенже ²

¹ М.Х. Дулати ат. Тараз мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, Тараз

² Қ.А. Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан

*seydalieva1964@mail.ru

МЕНТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Мақалада қазақстандықтардың әлеуметтік өмір салтына дендеп еніп келе жатқан менторлық қызметтің психологиялық астары қарастырылды. Мәселені зерттеу бірнеше міндеттерді қамтыды: менторлық қызмет сипаты талданып, оның қалыптасу үрдісіне шолу жасалды; менторлықтың негізгі мұраты – қолдау-сүйемелдеу міндеттерінің психологиялық мазмұны анықталды; менторлық құралдарды психологиялық қызметте қолдану мүмкіндіктері мен ерекшеліктері қарастырылды.

Тұлға табыстылығын қамтамасыз ететін маңызды шарт оның құндылықтары және пайымдарының жүйесі болса, оларды теңестірудің мамандандырылған жолы менторлық қызмет болып табылады. Қазақстандықтардың рухани жаңғыру бағдарламасы аясында, жаңа сапаға көтерілуіне ықпал ететін заманауи ағым бола отырып, менторлық қызмет танымдық үрдісті трансформациялауға бағытталады. Оның кәсіби құралдары тұлғаның ой өрісі мен сана-сезімі ауқымының кеңеюінің, болмысты барынша шынайы әрі нақты қабылдауының алғышарттары. Адам табиғатындағы ресурстарға сүйене отырып, оларды жарқырата ашу, сондай-ақ оған тән қабілеттер мен іс-әрекеттерді қарқындыру үшін, тұлғаның құндылықтары мен пайымдарының жүйесін өзара сәйкестендіру нәтижелілігі жоғары. Сондықтан да менторлық қызмет құралдарын психологиялық тәжірибеде қолдану тұлға дүниетанымын кеңейтіп, оның даму қарқынын жылдамдататыны туралы болжамды тексеру өзектілігі басым.

Қазақстан Республикасында тұлғаны кәсіби сүйемелдеу – жаңа сала. Оның объективті себептері, менторлық қызметтің психологиялық аспектілерінің жете зерттелмеуінде және оның академиялық білім мазмұнына ендірілмеуінде. Осыған байланысты менторлық үрдіс елімізде ресми танылмай отыр, сондай-ақ міндетті коммерциализациялау да оның кең қанат жаюына кедергі келтіруде. Осы жағдайлар Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған заманауи парадигмалардың шеңберінде, менторлық құралдарды психологиялық тәжірибеге интеграциялаудың қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан, осы мақалада адамдардың өзін-өзі танып, мақсат-мұраттарын нақты ажырата білетін, ұмтылыстарын шыңдайтын, жетістіктерге үлкен жауапкершілікпен, саналы түрде жетелейтін менторлық құралдардың тиімділерін іріктеп, психологиялық тәжірибеде қолдану мәселелері зерттелді.

Түйінді сөздер: менторлық қызмет, менторлық құрал, ой-сананы трансформациялау, сүйемелдеу, құндылықтар, пайымдар, шектеулер, сенім, психологиялық тәжірибе.

Сейдалиева Г.Ш. ^{1*}, Оспанбаева М.П. ¹ Умбетова А.К. ², Байкенже Н.К. ²

¹ Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан, г. Тараз

² Международный казахско-турецкий университет им. Х.Яссави, Казахстан, г. Туркистан
*seydalieva1964@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ АСПЕКТОВ МЕНТОРСТВА

Аннотация

В статье рассмотрены психологические аспекты менторской деятельности, которая в значительной степени интегрируется в социальный образ жизни казахстанцев. Исследование проблемы включало несколько задач: проанализирован характер менторской деятельности и проведен обзор процесса ее формирования; выявлен психологический контент задач поддержки и сопровождения, как основной цели менторства; рассмотрены возможности и особенности применения менторских инструментов в психологической деятельности.

Важным условием, обеспечивающим успешность личности, является система ее ценностей и убеждений, а способом их гармонизации является менторская деятельность. Менторство, являясь современным течением, в рамках Программы "Рухани жаңғыру", способствует качественному подъему уровня жизни казахстанцев, а также направлена на трансформацию познавательной сферы. Профессиональное использование специальных менторинговых инструментов способствуют экспрессивному расширению сознания личности, как условие наиболее реального восприятия бытия. Высокая результативность взаимного отождествления системы ценностей и убеждений личности, раскрытие ресурсов человеческой природы, их освещение, а также интеграция способности и действия. Поэтому доволна актуальна проверка рабочей гипотезы о том, что интеграция менторских инструментов в практическую психологию, расширяет мировоззрение личности и ускоряет темпы ее развития.

Профессиональное сопровождение личности в достижении своих желаний, является новой сферой деятельности в Республике Казахстан. Поэтому психологические аспекты менторства недостаточно изучены и еще не включены в содержание академического образования. В связи с этим, менторинговая деятельность официально не признана в стране, а широкому распространению его, препятствует искусственно созданный коммерциализационный вакуум. Данная ситуация свидетельствуют о необходимости скорейшей интеграции менторинговых инструментов в психологическую практику, в рамках современных парадигм, направленных на улучшение благосостояния казахстанцев. Именно поэтому в данной статье были изучены проблемы выбора наиболее эффективных инструментов менторской деятельности, способствующих пробуждению, познанию себя, четкому обозначению своей цели, осознанному выбору пути к успеху, для применения их в практической психологии.

Ключевые слова: менторство, инструментарий, трансформация, сопровождение, ценности, убеждение, ограничивающие установки, ответственность, психологическая практика.

G.Sh. Seidalieva ^{1*}, Ospanbayeva M.P. ¹, A.K. Umbetova², N.K. Baikenzhe ²

¹ M.H. Dulati Taraz State University, Republic of Kazakhstan, Taraz

² International Kazakh-Turkish University named after H.Yasavi, Turkestan
*seydalieva1964@mail.ru

RESEARCH OF PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF MENTORING

Abstract

The article examines the psychological aspects of mentoring, which is largely integrated into the social lifestyle of Kazakhstanis. The study of the problem included several tasks: the nature of mentoring activity was analyzed and the process of its formation was reviewed; the psychological

content of support and support tasks as the main goal of mentoring was identified; the possibilities and features of using mentoring tools in psychological activity were considered.

An important condition that ensures the success of an individual is the system of his values and beliefs, and the way to harmonize them is mentoring. Mentoring, being a modern trend, within the framework of the "Spiritual modernization" Program, contributes to a qualitative rise in the standard of living of Kazakhstanis, and is also aimed at transforming the cognitive sphere. Professional use of special mentoring tools contribute to the expressive expansion of the consciousness of the individual, as a condition for the most real perception of being. High efficiency of mutual identification of the system of values and beliefs of the individual, the disclosure of the resources of human nature, their illumination, as well as the integration of abilities and actions. Therefore, it is quite relevant to test the working hypothesis that the integration of mentoring tools into practical psychology expands the worldview of the individual and accelerates the pace of its development.

Professional support of a person in achieving their desires is a new field of activity in the Republic of Kazakhstan. Therefore, the psychological aspects of mentoring have not been sufficiently studied and have not yet been included in the content of academic education. In this regard, mentoring activity is not officially recognized in the country, and the artificially created commercialization vacuum hinders its wide spread. This situation indicates the need for the speedy integration of mentoring tools into psychological practice, within the framework of modern paradigms aimed at improving the well-being of Kazakhstanis. That is why this article has studied the problems of choosing the most effective tools of mentoring activities that contribute to awakening, self-knowledge, a clear designation of their goals, a conscious choice of the path to success, for their application in practical psychology.

Keywords: self-awareness, awareness, decision, catalyst, cognitive activity, responsibility, coaching process, coaching technologies.

Кіріспе

Менторлық қызмет Америка құрама штаттары, Ұлыбритания және батыс еуропа мемлекеттерінде тәжірибе барысында сыналып, кеңінен тараған тиімді үрдіс. Оның ұтымдылығы – уақыт және шығындарды үнемдеуге бағытталғандығында. Адамдардың жаңа сатыға көтерілу үрдісінде мамандандырылған қолдау немесе сүйемелдеу қызметі болып табылатын менторлық аясы күннен-күнге кеңейіп келеді.

Жаңа қазақстан жағдайында менторлық қызметтің танымалдылығы артып келеді. Мәселен, оның бизнес-стартаптарды өркендету жолындағы аяқ алысы қарқынды дамуда. Мұның басты себебі, елімізде банкроттықты жоюды белсендендіру мақсатында қолданылуында болып отыр. Тағы бір маңызды аспект – қазіргі қазақстан нарығындағы жастар жұмыссыздығының көптігіне байланысты. Айтарлықтай әлеуметтік-психологиялық мәселеге айналған бұл жағдайдың шешімі де менторлық қызметтің араласуымен жеңілдей түсуде. Мысалы, еңбек ұжымындағы жас маманның кәсіби құзыреттілігін шыңдау үшін жүзеге асырылатын тәлімгерлік жол. Еңбек өнімділігіне оң әсер ету мақсатында, өндірістің ішкі жұмыстары шеңберінде атқарылатын мұндай менторлықтың тиімсіз жақтарын атап өткен жөн: қосымша жүктеме түрінде жүргізілетін бұл үрдіс, менти – жас маманға ментордың өз көзқарасын таңуымен астасуы мүмкін. Сондықтан, кәсіби ұйымдастырылған менторлық қызметті қолдау дұрыс болып табылады [1].

Қызметкерлерді өсіру, дамыту және сақтай білу – кез-келген ұйым құндылығы. Осы ретте менторлық қызмет соңғы уақытта білім беру саласында, сот жүйесінде, денсаулық сақтау мекемелері сынды мемлекеттік құрылымдарда да қолданыла бастады. Мәселен, педагогикада менторлық оқытудың белсенді әдісі түрінде, жаңартылған білім беру бағдарламасына енгізілген. Мұндағы ұтымдылық «өз бетінше оқу» тұжырымдамасын жандандыру болып табылады; және ол оқушылардың бірінен бірі үйренуі нәтижесінде, сыныптың белсенділігін арттыруға бағытталады [2].

Менторлық қызмет – кәсіби іс-әрекетте жетістікке жетуге ықпал ететін мамандандырылған сүйемелдеу үрдісі; кісінің жеке жаттықтырушымен бірлескен әрекеті. Оны тәлімгерлік қырынан

қарастыру – адамның кәсібiлiгiнен тыс, iшкi әлеуетiнiң ашылуына қозғау салатыны анық. Өзара бiрлескен iс-әрекет барысында кiсiнiң жалпы дүниетанымының өзгеруiне ықпал ететiндiктен, менторлық қызметтiң психологиялық мазмұнын зерттеу маңызы зор. Мәселен, екеуара сұхбат үстiнде аяқастынан келген тың ойлар мен жаңа түсiнiктер кiсiге кәдуiлгiдей серпiлiс берiп, оның бұрын-соңды болмаған, тiптi өзi де күтпеген шешiмдер қабылдауына түрткi болады; жүзеге асырылуы қажет iс-әрекеттердiң шеңберiн айқындайды. Мiне, осындай салмақты себептерге байланысты менторлық қызметтiң негiзiнде психологиялық бiлiм жатқандығын және сондықтан да оның белсендi құралдарын психологиялық тәжiрибеге интеграциялаудың қажеттiгiн зерттеу маңызды.

Зерттеу материалдары мен әдiстерi

Менторлық қызмет жастардың кәсiптiк даярлығын арттырудың тиiмдi түрi ретiнде, өткен ғасырдың ортасынан берi қарай қарастырылып келедi. Оның себебi шәкiрттердi дайындау институтының пайда болуымен байланыстырылады. Менторлар кәсiби дайындығы жоғары, кiсiлiгi мол, тәжiрибелi де беделдi қызметкерлер арасынан iрiктелетiн болған.

Екi мыңыншы жылдардан бастап, кәсiби тәжiрибе алмасу үрдiсiне «Менторлық 2.0» формасы ендiрiлiп, қарқынды дами бастады. Бұл ментор мен ментидiң арасындағы бейресми қарым-қатынастың жаңа түрi болып табылады. Оның мәнiсi саяхат, конференция, форумдар, тимбилдинг немесе трансформациялық ойындарға қатысу аясында, жаңа технологиялар мен заманауи инновацияларды бiрлесе үйрену арқылы алға жылжу, даму, iлгерiлеу дегендi бiлдiредi. Менторлықтың осындай заманауи аспектiлерiн қолдайтын Э.Эдмондсон, М.Аткинсон, У.Тимоти сынды зерттеушiлердiң бiр тобы тәжiрибе алмасу мен үйренудiң бұл түрiнiң тиiмдiлiгiн атап көрсетедi [3-5].

Тұлға жаңа ортаға түскенде, сол ортаның тәртiбiне енедi: ұйымда қалыптасқан құндылықтар мен нормаларды меңгере отырып, жаңа рөлдi қабылдайды, өзара қарым-қатынастар жүйесiне төселедi; осылайша әлеуметтiк-психологиялық бейiмделу үрдiсi жүзеге асады. Мұның барлығы кiсiнiң iшкi ресурстарын, яғни танымдық белсендiлiк, ырықты-эмоциялық сфера, ынта-зейiн-қабiлет сынды жеке қасиеттерiн жұмылдыруды талап етедi. Бұл кей адамдар үшiн жеңiл өтетiн болса, ал қайсы бiреулер үшiн тым нәзiк уайымдар мен iшкi күйзелiспен қосарлана жүредi. Менторлық қызметтi керек ететiн – мiне, тап осындай жағдайлар. Жаңа ортаға жылдам үйренiп, тез бейiмделуге ықпал ететiн өте икемдi, әрi ұтқыр, кәсiби жүйе.

Ал, ендi осы менторлық қызмет қалай өрбидi, оны кiм жүзеге асырады деген сауалдардың бiр парасына жауапты тарихи мысалмен ұсыналық. Ұлы Қазақияда бұл әлмисақтан берi қалыптасқан мектеп-тiн. Оның айқын мысалы Маханбет батырдың хан Жәңгiрдiң мұрагерiне аталық қызметiнен көруге болады. Демек, менторлықты тәлiмгерлiк, жол көрсетушi, шәкiртке бағдар берер ұстаз деп қабылдау ләзiм. Қазiргi заманғы менторды ерекшелейтiн қасиеттер оның тәжiрибелiлiгi, кендiгi, даналығы, шеберлiгi, бiлiмдiлiгi, адалдығы, шынайылығы, ұстамдылығы және адамдарға құрметi мен өз iсiне сүйiспеншiлiгi. Бұдан өзге кәсiби құндылықтары – батылдығы, жауапкершiлiгi, жылдам шешiм қабылдай алуы және демеу бола бiлуi. Заманауи ментор, бейнелi тiлмен айтқанда, жастардың өсiп-өркендеу және даму жолындағы бағдаршам iспеттес. Ол сондай-ақ, тығырыққа тiрелген жанға демеу болатын, қандай да бiр iстi бастап кете алмай жүрген жанға қолдау көрсете алатын, екiойлы, әрi-сәрi күйдегi жасқа жөн сiлтей бiлетiн кәсiби маман [6].

Дж. Максвелл, И.О. Вагин, С.В. Баранова зерттеулерiнде менторлық қызметтiң басқару стилiне шарттастырылғанымен, басқарушылыққа жатпайтыны негiзделедi. Себебi, ментор үшiн өзара қарым-қатынастағы директивалықты барынша әлсiрету асқан сезiмталдық пен шеберлiктi талап ететiн күрделi мiндет. Менторлық үрдiске психологиялық бiлiм мен дағдылардың қажеттiлiгiнiң көрiнер тұсы да осында. Нәтижелi қызмет көрсету үшiн, ментор практикалық психология негiздерiнен хабардар болуы керек. Себебi, менторлық қызметтiң негiзгi тәсiлдерi бағыттау, қолдау, сүйемелдеу, ынталандыру сынды кәсiби-психологиялық дағдылар болып табылады. Осындай бiрлескен iс-әрекет барысында ментор жеке тәжiрибесiмен бөлiсе отырып, ментидi

дербес түрде ойлана білуге, жеке көзқарастарымен бөлісуге және өзіндік пікірлерін ашық білдіруге баулиды. Менторлықтың ұнамдылығы мынада – менти қызығушылықтары мен уайымдарымен бөліскенде өзін мұқият тыңдап отырған маман барын сезінеді және осыдан қуаттанады; сондай-ақ ментордың қандай жағдай болмасын, соңына дейін баратынына көзі жетіп, оның ерік-жігеріне тәнті болады. Менторлық қызметтегі осындай ашықтық пен сенімге негізделіп, өзара теңдік ахуалына құрылған қарым-қатынастар, тиімділігі жоғары болуымен қатар, нәтижелі де [7-9].

Менторлықтың психологиялық қыры қандай да бір сұрақтарға дайын жауап ұсынбай, ментидің таным аясына сәйкес шешім қабылдап, өзіндік таңдау жасауына жағдай туғызуынан да көрінеді. Мұндай кезде менти ментордың үлесі зор екенін және сонымен қатар өз шешімінің де маңыздылығын сезінеді. Яғни, өзара бірлескен танымдық іс-әрекет ментор мен менти арасында көзге көрінбейтін, екеуара нәзік байланыстың орнығуына әкеледі. Терең сезіну мен жете түсінісуге құрылған мұндай синергетикалық үрдіс тұлғалық даму қарқынын жылдамдатады. Мысалы, табысты көшбасшылар мен үздік ұйымдар ұжым жұмысында менторлық қызметке жиі жүгінеді. Себебі, олар менторлықтың нәтижелілігіне іс жүзінде талай мәрте көз жеткізген.

Менторлық қызметте нақты жағдайға байланысты іс-қимыл аясы тура айтылмайды, өйткені «жеке шекараны сақтау» деп аталатын психологиялық қағида негізгі ұстаным болып табылады. Ментордың өз ментиіне «ақыл айтып», оған өзінің субъективті танымынан туындаған жеке пайымдарын тықпалауы, немесе өзіндік тәжірибесі негізінде іс-әрекет жасауға итермелеуі кәсіби әдепсіздік, сондай-ақ ментидің өзіндік ой-өрісінің дамуын тежеуге әкелетін кері үрдіс. Ментидің өзі өсіп-дамуы үшін, оның жеке ресурстарына қол сұқпай, қайта барынша ынталандыру шарт: дербес шешім қабылдау, іс-әрекеттеріне жауапкершілік ала білу сынды қасиеттерді қалыптастыру. Осыған орай, қандай да бір мәселелерді қалай шешу қажеттігіне байланысты таңдауды ментидің еркіне қалдырған дұрыс. Мұндай жағдайда менторда бақылаушылық құзыреттілік қалыптасуы керектігі, және бір ескеретін жайт – бақылауды қадағалаумен шатастырып алмау маңызы Дж.Харви, Ф.Сесно, Ф.Савочка еңбектерінде айтылады [10-12].

Менторлықтың дәстүрлі психологиялық қызметпен астасатын тағы бір қыры – сұраныс мәселесіне қатысты. Мәселен, тәжірибелік психологияда кеңес беру қызметі клиент сұранысы аймағында жүргізіледі. Менторлық қызметте де осы секілді, нақты мәселе, тақырып шеңберінде сұраныс айқындалып, соның төңірегінде кәсіби менторлық сүйемелдеу үрдісі жүзеге асырылады. Кейде, менторлық қызмет барысында, сұраныстан басқа да жағдайлар туындайды, мұндайда ментор оларды талқылаудан бас тартпауы керек. Тағы бір ескеретін жайт – қабылданар шешімнің оңтайлылығын арттыратын мүмкіндік, кейде осы шақтағы мәселелер ғана емес, осыған тиесілі өткен шақтағы оқиғалардың және оның болашақтағы көрінісінің де талқылануы тиістігі. Тәжірибеде мұндай сәттер кездескенде, М.А. Құсаинованың пікірінше, тұлғаның өткен шақтағы оқиғаға эмоционалдық қатынасын мәселені шешу ресурсы ретінде қолдану ұтымды [13].

Ментор іс жүзінде бір мезгілде бірнеше ментилерді алып жүруі әбден мүмкін. Бұл уақыт ұтымдылығына әкелетін маңызды фактор. Менторлық қызмет аясында кәсіби дағдыларды меңгеру үрдісін жандандырумен қатар, жеке-психологиялық мәселелердің шешілуі оның құндылығын арттыра түседі. Мәселен, ментидің күйзеліске төзімділігі, жеке эмоциялық интеллекті, жеке шекарасын сақтай алуы және ұйымның миссиясын анықтау, мақсаттарды нақтылау, тұлғааралық қақтығыстарды шешу, т.б. мәселелерді атауға болады. Осылайша алғашында өндіріспен байланысты, ұйымның кадрлар әлеуетіндегі мұқтаждықтарды шешуге бағдарланған менторлық үрдіс, бертін келе жаңғырып, мазмұны жағынан сапалық өзгерістерге ұшырады.

Менторлықтың даму барысында дүниеге әлі талай тың идеялардың келетіні және олардың іске асырылу үрдісінде айтарлықтай нәтижелер алынатыны да сөзсіз. Әйтсе де, адам дүниетанымын оң өзгерістерге бағыттау жолында, орынды әрі нақты көмек көрсетуге бағдарланған, кешенді түрде жүзеге асырылатын осы игілікті қызметтің өміршеңдігі маңызды-ақ. Осы орайда, менторлық қызметтің психологиялық қырларын эксперименталды зерттеу арқылы, оның тиімділігін тәжірибеде негіздеу жолдары қарастырылды. Ол үшін құндылықтар мен пайымдар-

ды өзгертуге арналған менторлық құралдарды іріктеп, тәжірибеде сынақтан өткізу арқылы, олардың ой-сананы дамыту әлеуетінің деңгейін анықтауға болады деген зерттеу болжамы жасалды.

Нәтижелер және оларды талдау

Менторлық құралдардың психологиялық қырларын зерттеуге байланысты тәжірибелік-сынақ жұмыстары М.Х. Дулати ат. Тараз өңірлік университеті мен Қ.А. Иасауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университетінде жүзеге асырылды. Эксперименттің дайындық кезеңінде білімгерлерді шартты түрде тіркеуден өткізіп, зерттеу мақсатын түсіндіріп, сыналушылардың сұраныстарын анықтадық. Ол «Кездесу жаднамасы» әдістемесі арқылы ұйымдастырылды. Эксперименттің алғашқы кезеңіне екі міндет қойылды. Олар: сыналушылардың мақсаттарын анықтау және бастапқы қалыптарды өлшеу. Зерттеу үшін келесі менторлық құралдар қолданылды: SMART-мақсат, SWOT-талдау, «Ондық шкала» және қосымша «20 сауал», «Не үшін?» техникалары.


Экспериментті ұйымдастыру барысында осы 3 құралды негізге алу себебі – SMART мақсатты қою техникасы болса, SWOT – оны талдау тәсілі, ал «Ондық шкала» – мақсатты бағалау әдісі. Бұл үштік-тәсілді психологиялық тәжірибеде клиент сұранысын анықтап-нақтылау үшін қолдану тиімділігі тексерілді.

Сыналушылардың бастапқы мақсаттарының қатарында «жоғары оқу онын жақсы бітіру», «даяшы қызметіне қажетті дағдыларды меңгеру», «өзіне автомобиль сатып алу», «досымен қарым-қатынасын жақсарту», «оқу төлемақысын ата-анасының қатысынсыз жабу» сынды өздері үшін маңызды жағдайлар аталған. Әрбір сыналушының мақсатына SMART-техниканың көмегімен талдау жасалып, олардың анықтығы, қолжетімділігінің шамасы, өлшенетіндігі, нақты жағдайға сәйкес екендігі, сондай-ақ орындалу уақыты анықталды. Бұл процедура аяқталған соң, білімгерлердің мақсаттарындағы түйінді мәселелерді табу үшін, SWOT-талдау әдістемесі жүргізілді. Қарастырылып отырған сұраныстар төрт өлшеммен талданды: «мақсаттың күшті жағы», «мақсаттың әлсіз жағы», «мақсаттың мүмкіндіктері» және «мақсаттың тәуекелдері». Сыналушылардың сұраныстарын талдау нәтижесінде кейбір түйткілді мәселелер анықталды. Эксперимент барысында білімгерлер мақсаттарының орындалуындағы белгісіздіктердің себептерімен бетпе-бет келді: бұлар көп ретте өз-өздеріне деген сенімсіздік, қорқыныш, батылсыздық сынды келеңсіз мінез бітістері мен жауапкершілік алуға дайын болмаулары немесе шектеулі пайымдардың салдары екен.

Сыналушыларды өз сұраныс-мақсаттарымен түйістіру үшін, «Ондық шкала» менторлық құралының көмегімен, бағалау процедуралары жүргізілді. Бұл субъективті бағалау үрдісі болғанымен, әр сыналушының берілген мәселеге өзіндік қатынасын анықтайтын жеке деңгейдегі өлшеу тәсілі. Әйтсе де, оны барынша объективті жағдайға жақындату мақсатында, қосымша «20 сауал» және «Не үшін?» техникалары қолданылды. Мысалы С1 (сыналушы) үшін ондық ұпаймен шкалалануы тиіс «Курстық жұмыстың тәжірибелік бөлімін жүргізе алатыныма сенімдімін» тұжырымының нәтижесі төртке тең болды. Оның себебін анықтау мақсатында, қосымша жүргізілген «Не үшін?» техникасы «студент эксперименттік нәтижелерді өз бетінше өңдей алмайды» деп аталатын тұжырымды шығарды. Бұл – шектеулі пайым екені түсіндіріліп, С1-ге өз бетінше орындау тапсырмасы берілді: Н.Вуйчич жөніндегі бейнефильмді көріп, оның қиындықтарды еңсерудегі ерік-жігері туралы өз толғаныстарымен бөлісу. Ынталандыру үшін берілген осы мотивациялық тапсырмадан кейін, С1-мен келесі менторлық сессияда қарастырылатын психологиялық жағдайлар келісіліп, уақыты мен мерзімі нақтыланды.

Сонымен, менторлық қызмет үрдісіндегі SMART-мақсат, SWOT-талдау, «Ондық шкала» құралдарының тізбегін қолдану арқылы, психологиялық тәжірибеде барысында клиенттің сұранысын анықтап-нақтылау тиімділігі дәлелденді. Мәселен, SMART бес өлшемді болса, біздің экспериментте ол 3 пен 4 аралығын көрсетті; SWOT төрт өлшемді, оның нәтижесі – 2 мен 3 аралығында болды; «Ондық шкала» 4 пен 6 аралығын танытты. Анықтау экспериментінде қолданылған негізгі менторлық құралдар бойынша алынған нәтижелер топтастырылып, сыналушылардың бастапқы қалыптарының деңгейлері анықталды (1-сурет).

1. Төменгі деңгей: 10 балл (SMART-мақсат – 3, SWOT-талдау – 3, Ондық шкала – 4)
2. Орташа деңгей: 11 балл (SMART-мақсат – 4, SWOT-талдау – 2, Ондық шкала – 5)
3. Жоғары деңгей: 13 балл (SMART-мақсат – 4, SWOT-талдау – 3, Ондық шкала – 6)



1-сурет. Менторлықтың психологиялық қырларын зерттеу аясында, сыналушылардың бастапқы қалыптарын өлшеу сынақтарының нәтижесі

Менторлық құралдарды психологиялық тәжірибеде қолдану тиімділігін толыққанды тексеру үшін, анықтау экспериментінен кейін, олардың сыналушының шектеулі пайымына әсерін зерттедік. Бұл үрдіс менторлық құралдар арасынан ой-сананы трансформациялауға қабілеттілерін іріктеп, сыналушылардың пайымдары мен иланымдарын өзгерту үшін тәжірибе жүргізуге ұласты. Таптаурын болған сыналушылар тұжырымдарының бағыттарын ауыстыру сын-міндерді сауалдарға, ал сыншыларды кеңес берушілерге айналдыру арқылы, оң өзгерістер үрдісін қамтамасыз етуге бағытталды. Бұл мақсатқа «Жауапкершіліктің шегі» және «Мәселені шешімге айналдыр» менторлық құралдары қолданылды. Эксперименттің алғашқы техникасы бойынша сыналушыларға атқаратын қызметтеріне және отбасыларына қатысты, өздеріне тән екі элеуметтік рөлді анықтап, жауап парақтарында берілген кесте бағандарына толтыру ұсынылды. Осыдан соң, келесі тапсырмаларды орындау тапсырылды: таңдаған рөлі бойынша серіктесін анықтап, 5-бағанаға жазу; әр рөлінің аясында өзіне тиісті жауапкершіліктерді 3, 4-бағандарға жазу; әр рөл бойынша серіктесіне тиісті жауапкершіліктерді 6, 7-бағандарға жазу. Тапсырма орындалғаннан соң, рефлексия жүргізілді: «3 және 6-бағандар ақпаратын салыстырыңыз, олардың көлемдері бірдей ме? Жауапкершілік қай бағанда көп, қай бағанда аз?», «Осы жағдай көңіліңе қонады ма? Осындай жауапкершілік бөлінісін өзгертуге қалай қарайсың? Не себепті?», «4 пен 7-баған ақпараттарын салыстыр. Олар тең бе? Жауапкершілік қай бағанда көп? Қай бағанда аз?», «Бұл жағдай көңіліңе қона ма? Жауапкершілік бөлінісін өзгертуге қалай қарайсың? Не себепті?». Рефлексия барысында түрлі реакциялар кездесті. Мысалы, С10 (сыналушы) инсайт күйін өткерді; оның жауабынан ой-санасының ұлғайғаны, жауапкершілікті сезінгені, өзіне тиесілі міндеттерді басқаға емес, өзі орындауға тиістігін түсінгені сезілді. Нәтижелерді салыстыру үшін және бір мысал келтірейік: С8 шыдамдылық таныту керектігін алға тартты; бұдан оның жеке шекараны сақтай алмай, қалыптасқан жағдайға көнбістік танытып отырғанын байқадық.

«Жауапкершілік шегі» техникасынан кейін, сыналушылардың оң нәтижелерін бекітіп, ала алмаған нәтижелерді жетілдіруі үшін «Мәселені шешімге айналдыр» жаттығуы жүргізілді. Олар өздерін толғандырып жүрген бір мәселені жазып, оны шешу қиындығының ішкі және сыртқы екі түрлі себебін көрсетіп, кестеге түсіреді. Бұдан кейін ішкі себептерді «маған жасау қажет» деп, ал сыртқы себептерді «мен» сөзінен бастап қайта жазу немесе болымсыз етістіктерді болымды етістіктерге айналдырып жазу керектігі тапсырылды. Тренингтен соң әдеттегідей рефлексия жүргізіліп, келесі сауалдарға жауап алынды: «Себептерді өзгерткеннен кейін не болды?», «Себептерді қайта оқығанда не сездің?» С18-дің жауабы: өзіме сенімім артты;

жағдайдың мен ойлағандай шешілетініне көзім жетеді; мазасыздықтан арылдым; барлығын уақтылы орындаймын; барлығына үлгеремін. С20-ның жауабы: батыл болуым керектігін түсіндім; өзгерісті басқалардан күтпеу керек, өзім өзгергенім жөн. С3 жауабы: армандамай, орындау қажет; ойлануға көп уақыт кетеді, жасау – тез! Рефлексиядан байқағанымыз, сыналушылар мәселені өңін айналдыра жазу арқылы, әрекет етудің қажеттігін ұғынды; оларға мәселелерді шешімге айналдыруға қозғау керек болды.

Қалыптастыру-түзету-дамыту жұмыстары менторлық құралдардың ой-сананы кеңейту нәтижелілігін көрсете отырып, оларды психологиялық тәжірибеде қолдану тиімділігін танытты. Эксперимент барысында сыналушылардың нәтижелерін бекіту және бастапқы қалыппен салыстыру үшін, «Оң тұжырымды бекіту» менторлық құралын қолданып, бақылау экспериментін жүргіздік. Жаттығу барысында олар өздері таңдаған құндылықтарды ұстану себептері жөнінде дәлелді тұжырымдар алды және осы құндылықтарға сәйкес пайымдарды ұстануларын арттыратын аффирмацияларға ие болды. жиыны туындады. Мұндай тұжырымдар жасампаз пайымдардың әсерлі көзі және кез-келген күмәнді жеңудің қуатты әлеуеті.

Сыналушылардың пайымдар мен құндылықтарының өзгеруіне байланысты, бастапқы нәтижелерімен салыстыру үшін, қорытынды шкалалау жүргізілді. Оның нәтижесі бойынша едәуір ілгерілеу анықталды: мысалы, С1-дің бастапқы қалыбы 4 болса, қорытынды шкалалау 8 (100%); С12-нің бастапқы нәтижесі 5 болса, қорытынды нәтижесі 7 (40%); С13-тің бастапқы шкалалауы 6 болса, қорытынды шкалалауы 9 (50%). Сыналушылардың зерттеу нәтижелері 3 деңгейге топтастырылды: төмен деңгей – 4/6; орташа деңгей – 5/8; жоғары деңгей 8/10. Бастапқы қалып пен қорытынды шкалалаудың салыстырмалы нәтижелері 2-суретте бейнеленді.



2-сурет. Менторлық құралдардың ой-сананы дамыту әлеуетінің нәтижелері

Қорытынды

Шығармашылық – күрделі психологиялық іс-әрекет. Бастауыш сынып оқушылары жинақтаған тәжірибелер арқылы тұлғалық мүмкіндіктерін дамытады. Шығармашылық әрекет оқушының өзін дамыту мен іс-әрекеттерін басқару кезінде жаңа әдіс-тәсілдерді іздеумен ерекшеленеді. Осыған орай сабақ үрдісінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырудың жолдарын қарастыру керек.

Ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының уәждемесі мен шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін қатар дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді ұсынамыз.

Бастауыш сынып оқушыларының көпшілігі бұл жас деңгейлерінде баяу қабылдайды, дегенмен есте сақтау қабілеттері жақсы дамиды. Психологиялық зерттеулерде, балалардың басым көпшілігінде көшбасшылыққа деген қызығушылық жоғары. Осындай ерекшеліктерді цифрлық технологиялар қамтамасыз етеді.

Көптеген психологтар мен педагогтардың В.В. Давыдов, А.К. Дусавицкий, Д.Г. Левитес, В.В. Репкин, Г.А. Цукерман, Д.Б. Эльконин сынды психологтар мен педагог ғалымдардың пікірінше, бастауыш сыныптағы оқушылармен жобалау арқылы жұмыс жасауда ерекше дайындық қажет.

Көркемдеуіш құралдардың көркем шығармада берілуін таныстырылым ретінде микро-жоба ретінде ұйымдастыруға болады. Мысалы, 4-сыныптарда Абайдың Крыловтан аударған «Есек пен бұлбұл» мысалындағы аллегория, теңеу, кейіптеу көркемдеуіш құралдарын танытуды 3 кезеңде жобалаймыз.

1 – кезең: Мәтін алдындағы кезең. Бұл кезең бойынша мұғалім алдын-ала тақырыпты дайындап, топқа бөледі, жобаның бағыты анықталады. Мысалы, өзара пікірталас, сұхбат аралас таныстырылым.

2 – кезең: Мәтін барысындағы кезең.

Тақырыпқа сәйкес оқушылар көркемдеуіш құралдардың анықтамаларына, осы тақырып төңірегіндегі зерттеу жұмыстарына жүгінеді.

Жобаға бөлінген келесі сағатта көркемдеуіш құралдарды психолингвистикалық тұрғыдан талдау жасайды, яғни, ассоциация тудыратын анимация немесе суреттер, бейнежазбаларды пайдалана отырып ойларын дәйектейді. Мысалы, есек пен бұлбұлдың анимациясын жасау, өлеңдегі мазмұнымен түсіндіру

Осы кезеңнің келесі қадамына сәйкес оқушылар сұрақтар дайындайды, басқа да топтармен пікір алмасады.

3 – кезең: Мәтін соңындағы кезең. Оқушы мен мұғалімнің қорытынды кезеңі. Оқушылар бір-бірін бағалайды. Мұғалімнің пікірін тыңдайды.

Мұндағы аллегорияны таныту бастауыш сыныпта суреттелген оқиға ұқсас оқиғаны іздеумен, немесе оқушылардың қабылдауына сәйкесінше бейленумен жүзеге асырыла алады. Ол, үшін жобаның бірінші кезеңінде мұғалімнің тарапынан оқушыларға тапсырмалар мен сұрақтар беріледі. Үшінші кезеңде сұрақтар мен тапсырмалардың орындалғандығы немесе орындалмағандығы нақтыланады. Жоба барысында көркемдеуіш құралдардың ашылуы, оқушылардың жеке ізденістеріне тікелей байланысты болады.

Осылайша, көркемдеуіш құралдарды пайдалана отырып, оқушылардың көркемдеуіш тәсілдермен сөйлем құрауы, немесе пікір алмасуын сұрау арқылы сыни ойлау дағдысын қалыптастыруға да болады.

Сонымен, цифрлық технология оқушылардың уәждемесін арттыруда маңызды рөл атқарса, жобалау шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып ашуына мүмкіндік береді деген тұжырымға келеміз.

Цифрлық жобалау бастауыш сынып оқушысына дәстүрлі әдісті қажет етпейтін, ойын жеткізуге тиімді мүмкіндік тудырады. Цифрлық дизайнды жобалау оқушының психологиялық қабылдауына тиімді. Өйткені, мұндай сабақ кезеңінде берілген тапсырмаларды қабылдау уақыты немесе қабылдау деңгейі оқушының жеке құзіреттілігіне беріледі. Әдеби білімді қалыптастыру бағытындағы тапсырмалар жеке оқушыға немесе шағын топтарға да берілуі мүмкін.

Көркем шығарма белсенді танымдық қызмет атқаратындықтан, оқушының ойлау сапасына оң әсерін тигізе алады. Дегенмен, бастауыш сынып оқушыларындағы әдеби білімді дамыту эстетикалық критерийлерді басшылыққа ала отырып, көркем мәтінге талдау жүргізу мен

көркемдеуіш құралдарды бағалау дағдыларын дамыту тек оқу үдерісі мәселелерімен ғана емес, оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түсіндіріледі. [6, 224].

Цифрлық жабдықтарды қолдана отырып, сыныптағы оқушылардың алуан түрлі ақпаратты қабылдауы әр түрлі ақпарат түрлерін дауыстық, графикалық, бейне және аудио ақпарат техникалық құралдар арқылы біріктіруге мүмкіндік береді. Егер оқу материалының мазмұны оны мәтін мен диаграмма түрінде түсіндіруге мүмкіндік берсе, бұл материалды ұсыну әдістерін кеңейтуге көмектеседі [7].

Жобалау әлеуетін шығармадағы көркемдеуіш құралдарды таныту мақсатындағы әдістемелерді әзірлеу кезінде оқу үдерісін бастауыш сынып оқушыларына негіздеп цифрландыруда үш негізгі әсерін ескеру қажет:

1. Көркемдеуіш құралдарды түсіндірудің тиімділігін арттыру,
2. Көркемдеуіш құралдарды тану, байланыстыру қызығушылығын арттыру,
3. Жаңа білім алу қарқындылығын арттыру.

Осылайша, цифрлық жобалау кезінде баланың жан-жақты дамуына көмектеседі, сонымен қатар жаңа ақпаратты игеруге деген қызығушылығы артады.

Бастауыш сыныптардағы әдеби білімді дамыту үдерісінің есәтті ұйымдастырылуы мұғалімнің мәтінді оқу кезінде қандай міндет қойғанына және белгілі бір мәтінді игеру үшін қандай әдістеме немесе алгоритм таңдағанына байланысты. Қазіргі бастауыш білім берудегі әдебиеттік оқу сабағы балалар мен мұғалімнің өзара шығармашылығын, оқуды еркін талқылауды, эмоционалды сапаны осы сабақтың маңызды сапасына айналдырады [8].

Сабақты ұйымдастырудың тағы бір міндетті талабы – әдеби шығарманың түр-жанрлық ерекшелігін және оның көркемдік ерекшелігін, тілдік құралдарды қолдану ерекшеліктерін, аналитикалық және синтетикалық сипаттағы тапсырмалар мен жаттығулардың ақылға қонымды үйлесімін, оқушылардың оқу және сөйлеу дағдыларының қалыптасу деңгейін бақылау мен есепке алуды жүзеге асыру.

Дегенмен, көркем шығарманы қабылдаудың заңдылықтары оның жалпы түрде мәтінмен оқудан бұрын, оқу кезінде және оқудан кейін жұмыс істеу ретін белгілейді. Е.И. Матвееваның 1-2 сыныптардағы әдебиеттік оқу сабақтары 3-4 сыныптардағы сабақтардан айтарлықтай ерекшеленуі керек деген пікірімен келіспеуге болмайды. Жалпы алғанда, әдебиеттік оқу сабағының моделі келесідей болуы мүмкін:

Мәтінді талдау және оның мағынасын түсіндіру кезеңі мұғалімнің оқушылармен бірге сабақтың негізгі танымдық міндетін тұжырымдауынан басталады.

Бастауыш сынып мұғалімдері үшін басты қадам – балаға ақпаратты іздеу, алу және өндеу мақсатында цифрлық технологияларды пайдалану мүмкіндігін көрсету. Осылайша оларды ақпараттық қоғам жағдайында жайлы өмір сүруге дайындау, балаларды өз денсаулығына зиян келтірмей ақпараттық құралдарды пайдалануға үйрету міндеттеледі [9].

Цифрлық технологияларды қолдану дәстүрлі оқу пәндерін оқытуды өзгерте алады, оқу материалын есте сақтау және түсіну процестерін оңтайландырады, балалар еңбегін ұтымды етеді, ең бастысы балалардың оқуға деген қызығушылығын жоғары деңгейге көтереді.

Осылайша, мектептегі сабақтарда цифрлық жобалауды әдеби мәтіндерді оқытуда қолданудың пайдасы:

– әдеби мәтіндерді зерттеу, өздеріне таныс технологиялық көмекке жүгіну арқылы сабақтың барысына үлес қосу оқушылардың мотивациясы мен танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді, ой-өрісін кеңейтеді және интерактивті оқыту технологиясын қолдануға мүмкіндік береді.

– оқу-тәрбие процесінде цифрлық технологияларды қолдану оқуды қарқындалтуға және дараландыруға, пәнге деген қызығушылықты арттыруға көмектеседі және субъективті бағалаудан аулақ болуға мүмкіндік береді. Әдеби мәтіндерді оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану психологиялық кедергілерді жеңуге көмектеседі [10].

Цифрлық жобалау көркемдегіш құралдарды оқыту әрекетінде түгелдей өздік жұмысты қамтамасыз етпейді, дегенмен оның пайда болуы мен дамуына ықпал ете алады. Мұндай жағдайларда дәстүрлі оқытудағыдай оқушының жекелік ерекшелігі, ой-қиялы шектелмейді, бір-бірлерін тыңдап, бірлесе оқуға, шешім қабылау мүмкіндіктері жасалады. Бастауыш мектепте қалыптасқан өзара қарым-қатынас, бірін-бірі тыңдау, бірлесіп оқу, үйрену мәдениеті қалыптасуы, кейін негізгі мектепте жобалау әрекетін жүргізудің басты құралдары бола алады.

Қорыта келгенде, цифрлық технологиялар арқылы жобалауды ұйымдастыру көркем мәтінді оқыту үдерісіндегі тұлғалық әрекетті іске асыруды қамтамасыз етеді. Педагогикалық әдебиеттерде жиі кездесетін тапсырманы таңдау, жұмыс түрін, топ мүшелерін таңдау аз қолданылатыны белгілі. Ал, цифрлық жобалау әрекеттері оқушының тақырып тәңірегінде ізденуіне, өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін ашуға мүмкіндік тудырады.

Бастауыш мектепте жобалау әрекеттерін пайдалану бала бойында жаңа сапаларды дамытып қана қоймай, осы жаста ойын үстінде дамытын еркін ойлау, ой белсенділігі, елестету – қиялдау қабілеттерінің сақталуына оң әсер етеді. Сондай-ақ, микрожоба барысында олардың мінез-құлқында пайда болатын өз әрекетін ұйымдастыру, өзін-өзі басқара білу, өзгелермен санасу сияқты дағдылары да қалыптасатыны сөзсіз.

Бастауыш сынып оқушыларының әдеби білімін қалыптастыру барысында оқушылардың шығармашылық қабілеті мен сабақ барысындағы зерттеушілік сапасы бір-бірімен тығыз байланысты. Зерттеушілік сапаны жоғарылату үшін оқудың уәждемесіне көңіл бөліну қажет. Сонда, шығармашылық қабілет, зерттеушілік, уәждеме әдеби білімді қалыптастырудағы негізгі факторлар болып есептеледі.

References:

1. Vergeles, G.I. *Tehnologu obýchenia mladshih shkolnikov : ýchebno- metodicheskoe posobie dlia stýdentov fakýlteta nachalnogo obrazovanua / G.I. Vergeles, A.A. Denisova. Sankt-Peterbýrg, 2014. 218 s.*
2. Marantsman V.G. *Literatýrnoe i rechevoe razvitie shkolnikov v ih vzaimosvrazi i spetsifike // Literatýrnoe i rechevoe razvitie shkolnikov. SPb., 1992.*
3. Volkova T.B. *IKT v nachalnoi shkole kak sredstvo povysheniia kachestva obýchenia / V knige: Doshkolnoe i nachalnoe obrazovanie: variativnost podhodov materialy mejdýnarodnoi konferentsu «Chtenua Ýshinskogo» pedagogicheskogo fakýlteta IaGPÝ. FGBOÝ VO «Iaroslavsku gosýdarstvennyi pedagogicheskii úniversitet im. K.D. Ýshinskogo». 2016. S. 80-83.*
4. Moldavskaia N.D. *Literatýrnoe razvitie shkolnikov v protsesse obýchenia. - M.: Pedagogika, 1976. - S. 3*
5. Vergeles, G. I. *Tehnologu obýchenia mladshih shkolnikov : ýchebno- metodicheskoe posobie dlia stýdentov fakýlteta nachalnogo obrazovanua / G.I. Vergeles, A.A. Denisova. Sankt-Peterbýrg, 2014. 218 s.*
6. Lavlinsku S. P. *Tehnologua literatýrnogo obrazovanua: Kommýnikativno- deiatelnostnyi podhod. M.: Protsess-Traditsua, 2003.*
7. Voiýshina, M.P. *Metodicheskie osnovy literatýrnogo razvitua mladshih shkolnikov / M.P. Voiýshina // Metodicheskie osnovy iazykovogo obrazovanua i literatýrnogo razvitua mladshih shkolnikov: posobie dlia stýdentov fakýl. nach. obých. i ýchit. nach. klassov./ Pod red. T.G. Ramzaevoi. –SPb: Spets. lit-ra, 1996. – Razd. 2. - s. 44 - 52. - ISBN 5-7571-0076-1.*
8. Polat, E. S. *Novye pedagogicheskie i informatsionnye tehnologu v sisteme obrazovanua [Tekst] / E.S. Polat, M.Í. Býharkina. M: ACADEMA, 2003. 261s.*
9. Rojina, L. N. *Psihologua vospruiatua literatýrnogo geroia shkolnikami (II-IY kl.) / Lilua Nikolaevna Rojina. - M.: Pedagogika, 1977. - 176 s.*
10. Omorokova M. I. *Hýdojestvennoe proizvedenie v nachalnoi shkole. Spetsifika raboty nad hýdojestvennym obrazom v mladshih klassah / M. I. Omorokova // Aktýalnye problemy metodiki obýchenia chtenuý v nachalnyh klassah / M. S. Vasileva, M. I. Omorokova, N. N. Svetlovskaiia; pod red. M.I. Omorokovoi.- M.: Pedagogika, 1977. – Gl. 3. - Razd. 2. - 216 s.*

А.С. Оспанова¹, Жигитбекова Б.Д.²

¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

² Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

ПСИХОМОТОРЛЫ ДАМУДЫҢ БҰЗЫЛУ СЕБЕПТЕРІ

Аңдатпа

Бұл ғылыми мақалада психомоторлы дамудың – күрделі даму сатысы баяндалып, оның бұзылуына әсер етуші факторлар жан-жақты зерттеліп алынған мәліметтер ұсынылды. Бала дамуына әсер ететін бұзылыстардың бірі сыртқы немесе ішкі жағымсыз фактордың салдарынан орын алатындығы мен бұзылыстардың психомоторлы функциялардың дамуына кедергі келтіру жағдайлары қарастырылған. Күрделі бұзылыстар туындаған жағдайдағы таным процестерінің нашарлауы мен негізгі анализаторлардың бұзылуы жағдайлары туралы жазылған. Сондай-ақ күрделі бұзылыстардың салдарынан сөйлеу процесі мен қарым-қатынас жағдайларындағы бұзылыстардың орын алуы, эмоционалды және мінез-құлық ерекшеліктері мен бұзылыстардың дәлелді мысалдары келтірілді.

Тұқым қуалайтын патология механизмін жан-жақты анықтауға зор мүмкіндік беретін клиникалық, молекулалық, биохимиялық генетика мен цитогенетиканың заманауи жетістіктерінің нәтижесі бойынша алынған мәліметтер талданды.

Түйін сөздер: психомоторлы даму, хромосомалық аурулар, жетекші бұзылыстар, күрделі бұзылыстар, ерте диагностикалау, биохимиялық генетика мен цитогенетика, Даун синдромы, қалыптасу ерекшеліктері.

Оспанова А.С.¹, Жигитбекова Б.Д.²

¹ Казахский национальный женский педагогический университет

² Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

ПРИЧИНЫ НАРУШЕНИЯ ПСИХОМОТОРНОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация

В данной научной статье описано психомоторное развитие - сложный этап развития, а также всесторонне изучены и представлены факторы, влияющие на его нарушение. Принято считать, что одно из нарушений, влияющих на развитие ребенка, возникает в результате действия внешнего или внутреннего отрицательного фактора, а также случаев, когда нарушения мешают развитию психомоторных функций. При серьезных нарушениях учитывают ухудшение когнитивных процессов и случаи срыва основных анализаторов. Также приведены научно обоснованные примеры возникновения нарушений речевого процесса и ситуаций общения, эмоционально-поведенческих особенностей и нарушений вследствие комплексных расстройств.

Проанализированы данные, полученные в результате современных достижений клинической, молекулярной, биохимической генетики и цитогенетики, которые дают большие возможности комплексно определить механизм наследственной патологии.

Ключевые слова: психомоторное развитие, хромосомные болезни, ведущие нарушения, комплексные нарушения, ранняя диагностика, биохимическая генетика и цитогенетика, синдром Дауна, особенности развития.

Ospanova A.S.¹, Zhigitbekova B.D.²

¹ Kazakh National Women's Pedagogical University

² Abay Kazakh National Pedagogical University

CAUSES OF PSYCHOMOTOR DEVELOPMENT DISTURBANCES

Abstract

This scientific article describes psychomotor development - a complex stage of development, as well as comprehensively studied and presented the factors influencing its violation. It is generally accepted that one of the disorders that affect the development of a child arises as a result of the action of an external or internal negative factor, as well as cases when disorders interfere with the development of psychomotor functions. In case of serious violations, the deterioration of cognitive processes and cases of failure of the main analyzers are taken into account. Evidence-based examples of the occurrence of violations of the speech process and situations of communication, emotional and behavioral characteristics and disorders due to complex disorders are also given.

The data obtained as a result of modern achievements in clinical, molecular, biochemical genetics and cytogenetics, which provide great opportunities to comprehensively determine the mechanism of hereditary pathology, are analyzed.

Keywords: psychomotor development, chromosomal diseases, leading disorders, complex disorders, early diagnosis, biochemical genetics and cytogenetics, Down syndrome, developmental features.

Кіріспе: Психомоторлы даму – күрделі даму сатысы. Белгілі бір дәйектілікпен және жеке-леген функциялардың біркелкі жетілуімен, олардың жас ерекшелік физиологиясына сәйкес сапалы трансформациясымен сипатталады. Сонымен қатар, дамудың әрбір келесі сатысы бұрынғысымен тығыз байланысты: психомоториканы дамытудың негізі - әртүрлі экологиялық факторлардың әсерінен жүзеге асырылатын генетикалық бағдарлама. Егер бала дамуы артта қалса, ең алдымен, осы уақытқа дейін тұқым қуалайтын факторлардың рөлін ескеру қажет, сондай-ақ босанғаннан кейінгі кезеңде, босану кезінде (туу кезінде жарақат алу, асфиксия) орын алу-алмау жағдайларын ескеру керек. Әрбір баланың денсаулығының дамуы мен бұзылыстарының орын алу себептері мен салдарын білу маңызды. Бұл ретте зақымданудың салдары орталық жүйке жүйесіндегі бұзылыстар мен қоршаған ортаның әртүрлі жағдайлары, дұрыс диагноз қою және уақтылы жасалған түзету-педагогикалық жұмыстарын жүйелі жүргізілуін талап етеді. [1]

Негізгі бөлім: Бала дамуына әсер ететін дамуға әсер етуші бұзылыстардың бірі сыртқы немесе ішкі жағымсыз фактордың салдарынан болады, ол бұзылыстың ерекшелігін анықтайды немесе психомоторлы функциялардың дамуына кедергі келтіреді. Баланың дамып келе жатқан миына ұзақ уақыт бойы жағымсыз әсер ету психомоторлы дамудың бұзылысына әкелуі мүмкін екендігі белгілі. Олардың көріністері жағымсыз әсерлердің уақытына да байланысты әр түрлі болады. Ми дамуының қай кезеңінде, оның даму ұзақтығына, ағзаның генетикалық құрылымына және ең бастысы, орталық жүйке жүйесіне, сондай-ақ бала көтерген кездегі әлеуметтік жағдайына да тікелей байланысты. Бұл факторлардың бәрінде күрделі интеллекттің, сөйлеудің, көрудің, естудің жеткіліксіздігі түрінде көрінетін әр түрлі дәрежедегі бұзылыстар анықталады. Дене дамуындағы бұзылыстар жеңіл және күрделі бұзылыстар болып бөлінеді. Кешенді ақаулар екі түрлі бұзылыстың үйлесімімен сипатталады, ол ауытқулардың құрылымын анықтайды және оқыту мен тәрбиелеудегі қиындықтарымен сипатталады. Мысалы, көру және есту қабілетінің нашарлауынан моторикадағы күрделі бұзылыстар пайда болуы мүмкін. Күрделі бұзылыстар туындаған жағдайда, жетекші, негізгі бұзылуларды қиындатады. Мысалы, ойлау қабілеті нашар

балада көру, есту, тірек-қимыл жүйесі, эмоционалды және мінез-құлық бұзылыстарының жеңіл бұзылыстарына ұшырауы мүмкін. Жетекші және күрделі бұзылыстардың екеуі де жарақат пен жарақаттануға тән болуы мүмкін. Баланың миының ерекшелігі, оның кішкентай зақымдануына қарамастан тіпті ересек науқастардағы сияқты емес, бірақ орталық жүйке жүйесінің пісіп-жетілу процесіне әсер етеді. Демек, ерте түзету шаралары болмаған кезде сөйлеу, есту, көру, тірек-қимыл аппараты бұзылған бала психикалық дамумен артта қалады.

Жоғарыда сипатталған даму бұзылыстары бастапқы болып табылады. Алайда бастапқы бұзылулармен қатар, құрылымы жетекші ақаудың сипатына байланысты қайталама бұзылулар жиі орын алады. Айталық, жалпы жүйелі сөйлеудің дамымауы бар балалардың психикалық дамуының артта қалуы ең алдымен ауызша есте сақтау мен ойлау әлсіздігінен, ал церебральды сал ауруымен ауыратын балаларда – кеңістіктік көріністер мен конструктивті қызметтің жеткіліксіздігінен көрінеді.

Есту қабілеті бұзылған балаларда сөйлеу тілін түсінуі бұзылады, белсенді сөздік қоры мен байланыстырып сөйлеу тіліндегі бұзылыстар байқалады.

Көру қабілетінің бұзылыстары кезінде бала сөзді белгіленген затпен сәйкестендіруде қиындықтарға тап болады, ол көптеген сөздерді қайталай алады, олардың мағынасын жеткіліксіз түсінеді, бұл сөйлеу мен ойлаудың мағыналық жақтарын дамытуды тежейді. Дамуындағы екінші реттік бұзылулар ең алдымен ерте және мектепке дейінгі жаста қарқынды дамып келе жатқан психикалық функцияларға әсер етеді. Оларға сөйлеу, әр түрлі моторикалық дағдылар, кеңістік көріністері жатады. Дамуында қайталама бұзылыстардың туындауына ерте жастан түзете-дамыту, емдеу-сауықтыру және педагогикалық іс-шаралардың жеткіліксіздігі немесе болмауы, әсіресе психикалық депривацияның әсері. (Психикалық депривация-субъектіге оның негізгі психикалық қажеттіліктерін жеткілікті мөлшерде және жеткілікті ұзақ уақыт бойы қанағаттандыру үшін мүмкіндік болмаған жағдайда пайда болатын психикалық жай-күй. (И.Лангмейер, Матейчек Балалар жасындағы психикалық депривация. – Прага, 1984 ж.) [2].

Мысалы, құрдастарымен қарым-қатынас тәжірибесі жоқ, церебральды сал ауруымен ауыратын бала жеке және эмоционалды-ерік аясының жетілмеуімен, инфантилизм, айналасындағыларға жоғары тәуелділігімен ерекшеленеді. Дамуында анықталмаған ауытқулар, мысалы көру және есту қабілетінің нашар білінетін ақаулары, ең алдымен баланың психикалық даму қарқынын тежейді, сондай-ақ балаларда екінші эмоциялық және тұлғалық ауытқуларды қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін. Мектепке дейінгі мекемелерде өзіне түзету немесе емдеу көмегін алмаған, бұл балаларда талаптанудың төмен деңгейі байқалады. Құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе алмауы және біртіндеп екінші бұзылулар олардың әлеуметтік дезадаптациясын қиындатады. Осылайша, ерте диагностикалау медициналық және психологиялық-педагогикалық түзету дамуында бұзылыстары бар балалардың тұлғасын қалыптастыруда елеулі табыстарға жетуге мүмкіндік береді.

Бала дамуындағы бұзылыстардың пайда болу себептері даму ауытқуларының пайда болуы сыртқы ортаның әртүрлі қолайсыз факторлардың және әртүрлі тұқым қуалайтын себептермен тікелей байланысты болады.

Соңғы уақытта зерде бұзылысының, есту мен көру қабілетінің күрделі бұзылыстары эмоционалды-ерік аясының және мінез-құлық патологиясы, оның ішінде ерте жастағы балалар аутизмінің жаңа тұқым қуалайтын нысандары туралы деректер алынды. Клиникалық, молекулалық, биохимиялық генетика мен цитогенетиканың заманауи жетістіктері тұқым қуалайтын патология механизмін жан-жақты анықтауға зор мүмкіндік береді. Ата-аналардың жыныстық жасушаларының арнайы құрылымдары арқылы – хромосомалар-даму ауытқуларының белгілері туралы ақпарат алуға болады. Хромосомаларда гендердің атауы бар тұқым қуалаушылықтың функционалдық бірліктері шоғырланған.

Хромосомалық аурулар кезінде арнайы цитологиялық зерттеулердің көмегімен хромосомалар санының немесе құрылымының өзгеруін анықтайды, бұл гендік теңгерімсіздікті тудырады. Соңғы мәліметтер бойынша, 1000 нәрестеге хромосомалық ауытқулары бар 5-7 бала келеді.

Хромосомалық аурулар, әдетте, күрделі немесе асқынған ақаумен ерекшеленеді. Бұл ретте жағдайлардың жартысында көру, есту, тірек-қимыл аппараты, сөйлеу тілі бұзылысы мен жиі үйлесетін зерде бұзылысы орын алады. Ең алдымен зияткерлік саланы қозғайтын және сенсорлық ақаулармен жиі үйлесетін осындай хромосомдық аурулардың бірі Даун синдромы болып табылады.

Дамудың аномалиялары тек хромосомалық емес, сонымен қатар хромосомалардың саны мен құрылымы өзгермеген жағдайда гендік аурулар деп те аталады. Ген – бұл белгілі бір мұрагерлік қасиеттің дамуын бақылайтын хромосоманың микроцит (локус). Гендер тұрақты, бірақ олардың тұрақтылығы абсолютті емес. Түрлі қолайсыз экологиялық факторлардың әсерінен олардың мутациясы орын алады. Мұндай жағдайларда мутант гені өзгертілген қасиеттің дамуын көрсетеді. Егер мутация хромосоманың бір микроплотында пайда болса, біз қалыпты дамудың моногендік формалары орын алады. Хромосомалардың бірнеше локусындағы өзгерістер болған кезде - қалыпты дамудың полигендік формалары өзгеріске ұшырайды. Соңғы жағдайда даму патологиясы, әдетте, генетикалық және сыртқы факторлардың күрделі өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады. Орталық жүйке жүйесінің тұқым қуалайтын ауруларының көптеген түрлеріне байланысты, дамудың бұзылуларына себеп болғандықтан, олардың дифференциалды диагнозы өте қиын. Дегенмен, ауруды ерте диагностикалау уақытылы емдеу және түзету шаралары, даму болжамын бағалау, сондай-ақ даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың осы отбасында қайтадан пайда болуына жол бермеу үшін өте маңызды екенін атап өту керек. [3].

Тұқым қуалау патологиясымен қатар, психомоторлы дамудың бұзылуы баланың әртүрлі жағымсыз экологиялық факторларының дамып келе жатқан миының әсерінен пайда болуы мүмкін. Бұл инфекциялар салдарынан, мас күйде болуы, жарақаттар және т.б.

Осы факторлардың әсеріне байланысты интраутерин немесе пренатальды патология бөлінеді (пренаталдық даму кезеңінде әсер ету); каталитикалық патология (босану кезіндегі зақым) және босанғаннан кейінгі (жағымсыз әсерлер) туады.

Қазіргі уақытта босану кезіндегі баланың жүйке жүйесінің зақымдануы жиі кездеседі. Заманауи медицинада бұл тіркесім перинатальды энцефалопатия деп аталады. Перинатальды энцефалопатия әдетте асфиксия және босандыру кезіндегі гипоксия. Іштегі туа біткен жарақаттанудың және асфиксияның пайда болуы ұрықтың дамуына әртүрлі бұзылуына ықпал етеді, оның қорғану мен бейімделу механизмдерін азайтады. Баланың психомоторлық дамуындағы бұзылулардың себептері арасында Rh факторы және қан антигендері арқылы ананың және ұрықтың арасындағы иммунологиялық үйлеспеушілік рөл атқара алады. Резус немесе топтық антиденелер плацентарлы тосқауыл арқылы еніп, ұрықтың эритроциттерінің бұзылуына себеп болады. Бұл ыдыраудың нәтижесінде орталық жүйке жүйесі, жанама билирубин үшін улы болып табылатын ерекше зат эритроциттерден босатылады. Жанама билирубиннің әсерімен мидың және есту ядроларының субкортикалық бөліктері ең алдымен әсер етеді, бұл есту, сөйлеу, эмоционалды аясының бұзылуы мен мінез-құлқының бұзылуына әкеледі. Бұл – билирубин энцефалопатиясы деп аталады.

Мидың құрсақішілік зақымдануларында зерде бұзылысын қамтитын аса ауыр ауытқулар пайда болады соның салдарынан сөйлеу тілінің дамымауы, тірек-қимыл аппаратының, есту қабілетінің зақымдалуы пайда болады. Бұл күрделі ақаулар әртүрлі жұқпалы, әсіресе жүкті әйелдің вирустық ауруларында жиі байқалатын ішкі ағзалардың даму ақауларымен үйлесуі мүмкін. Ұрықтың ең ауыр зақымдануы жүктіліктің бірінші триместрінде ананың ауруы кезінде пайда болады. Болашақ ананың әртүрлі вирустық ауруларында ұрықтың зақымдану жиілігі бірдей емес. Бұл тұрғыдан ең қолайсыз қызамық, қызылша. Ұрықтың зақымдануы жүкті әйелдің жұқпалы гепатитпен желшешекпен тұмаумен және т.б. ауырған кезде де болуы мүмкін. Жүктілік кезінде қызамықпен ауырған жүкті әйелдерде, әсіресе эмбриогенез кезінде яғни 4 аптадан 4 айға дейін мидың даму кемістігі бар балалардың, сондай-ақ жүрек-қан тамырлары жүйесінің кемістігі бар балалардың тууының жоғары жиілігі байқалады, басқаша айтқанда, бұл

әйелдердің нәрестелерінде рубеолярлық эмбриопатия бар. Жүкті әйелде жасырын (латентті) созылмалы инфекциялар, әсіресе токсоплазмоз, цитомегалия сифилис және т.б. сияқты инфекциялар болған кезде жатыр ішілік патология орын алады. [4].

Ұрықтың миының дамуына жағымсыз әсер етуі жүкті әйелде зат алмасуының бұзылуы құрсақта интоксикация да бар. Анасының жүктілік кезінде дәрілік заттарды қолданған кезде құрсақта интоксикация туындауы мүмкін. Дәрілік препараттардың көпшілігі плацентарлық бөгет арқылы өтіп, ұрықтың қан жүйесіне енетіні дәлелденді. Мұндай препараттарға нейрорепликалық сиотворды және тыныштандыратын дәрілер салицилаттың көптеген антибиотиктері, атап айтқанда аспирин анальгетиктер, соның ішінде бас ауруы кезінде қолданылатын дәрілер және т.б. жатады. Ұрықтың миының дамуына жағымсыз әсер әртүрлі горманальды препараттар және тіпті кальций препаратының витаминдерінің үлкен дозалары да әсер етуі мүмкін. Әсіресе, барлық осы препараттардың жүктіліктің ерте мерзімінде уытты әсері жоғары болып табылады. Дамушы ұрыққа қолайсыз әсер жүктілік кезінде ананың ішімдік ішуі мен темекі шегуі. Соңғы жылдардағы арнайы зерттеулер жүктілік мерзімінде алкогольдің ұрпақтарға әсер ету сипаты арасындағы байланысты зерттеді. Жүктіліктің бірінші триместрінде болашақ ананың алкогольді қолдануы, әсіресе, ұрықтың жүйке жүйесінің дамуына әкелетін ұрық жасушаларының өлуіне әкеледі. Жүктіліктің кеш уақытында жүйке және сүйек жүйелерінде, сондай-ақ түрлі ішкі мүшелерде құрылымдық өзгерістерді тудырады. Құрсақішілік кезеңде ұрықтың алкогольдік зақымдануының осындай жүйелі белгілері ұрықтың алкогольдік синдромы деп аталды. Ұрықтың алкогольді синдромы кезінде психомоторлық дамудың айқын білінетін бұзылулары ақыл-ой кемістігін қоса алғанда, әдетте бас сүйегінің, беттің, көздің, құлақ раковиналардың құрылысындағы көптеген кемістіктермен, туа біткен жүрек ақаулары мен орталық жүйке жүйесі тарапынан айқын білінетін дисфункциямен үйлеседі. Ананың созылмалы алкогольізімі, әдетте, есірткіні және дәрі-дәрмектерді жиі қолданып, есірткі әсерімен жүйелі түрде темекі шегумен ұштастырылатыны анықталды. Бұл жағдайларда балада мінез-құлқының бұзылуымен және жиі тырыспалы талмалармен үйлескен дамуында айқын білінетін ауытқулар байқалады. Бұдан басқа, осы балалардың көбі өміршеңдігі төмен физикалық әлсіздігімен ерекшеленеді. Ұрықтың миының дамуына қолайсыз әсер етуі жүкті әйелде жиі жүктіліктің кейінгі токсикозында, әсіресе нефропатияда пайда болатын зат алмасуының әртүрлі бұзылыстары бар. Ұрықтың дамуына теріс әсер қант диабеті сияқты аурулардың салдарынан пайда болады. [5]

Қорытынды: Ұрықтың дамуының бұзылуына әртүрлі физикалық факторлар да әсер етуі мүмкін, бірінші кезекте иондаушы радиация, сондай-ақ жоғары жиіліктегі токтардың әсері, ультрадыбыс және т.б. ұрықтың дамуына тікелей зақым келтіретін әсерден басқа, бұл факторлар мутагендік әсер етеді, яғни ата-аналардың жыныстық жасушаларын зақымдайды және генетикалық ауруларға әкеледі. Психомоторлық дамудың бұзылуы туғаннан кейін әртүрлі қолайсыз факторлардың әсерінен де пайда болады. Бұл жағдайларда органикалық немесе функционалдық табиғаты бар постнаталды ауытқулар байқалады.

References:

1. Aitbaeva A.B *Arнай pedagogika negizderi. Abai atyndaғы QazUÝ 2017j.*
2. Basilova T.A., Aleksandrova N.A. *Kak pomoch малыshý so slojnym narysheniem v razvitu Posobie dlia roditelei, M. : Prosveenie, 2008. – 111 s.*
3. Zaitsev D.V. *Doshkolnaia korrektsionnaia pedagogika. Saratov 2000 g.*
4. Mastiykova E.M. *Rebenok s otkloneniami v razvitu: Ranniaia diagnostika i korrektsua. – M.: Prosveenie, 1992. – 95 s.*
5. Jyrba L.T., Mastiykova E.M. *Naryshenie psihomotornogo razvitiia detei pervogo goda jizni Izdatelstvo: "Meditsina", 1981 god, – 272 str*

А.С. Еспанова^{1*}, Э.А. Айтенова¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада денсаулық, салауатты өмір салтына оң көзқарас, салауатты өмір салтын қалыптастыруға әсер ететін факторлардың педагогикалық-психологиялық аспектілері қарастырылады.

Зерттеу жұмысымызда философиялық, педагогикалық-психологиялық ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып, денсаулық сақтайтын білім беру ортасы үйлесімді дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды екенін тұжырымдаймыз. Осындай орта пайда болған кезде ғана (денсаулық климаты, жоғары мәдениет, жеке жасампаздық) денсаулықты толық сақтау және нығайту, денсаулықты оқыту, денсаулық мәдениетін нығайту, оның рухани-адамгершілік, эстетикалық, физикалық және психикалық дамуы, өзіндік даму мен өзіндік жетілдіру компоненттерін игеру мүмкін болады. Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда, бір жағынан, білім беруді модернизациялауға, ал екінші жағынан, мектеп оқушыларының денсаулығының нашарлау үдерісінің жалғасуына байланысты бастауыш сынып балалардың дені сау және оны жақсартудың тиімді шаралары қажет болып тұр, себебі жас ұрпақ біздің болашақ Жаңа Қазақстанды құратын іргетасы болып табылады. Сондай-ақ, оқушылардың салауатты өмір салтына деген оң көзқарасын қалыптастыруда мінез-құлық факторлары маңызды орын алады: оқу, еңбек және демалыс режимі, отбасындағы және білім беру ұйымдарындағы қарым-қатынас және т.б., бұл оның өмір сүру жағдайлары мен өмір салтын көрсетеді. «Өмір салты» ұғымының функционалдық құрылымы оқу, еңбек, әлеуметтік, интеллектуалдық (педагогикалық-психологиялық көзқарас, ақыл-ой әрекетінің сипаты), физикалық және медициналық белсенділік сияқты аспектілерден тұрады.

Түйін сөздер: бастауыш сынып оқушысы, денсаулық, салауатты өмір салты, оқу, еңбек, демалыс режимі, әлеуметтік-педагогикалық факторлар, әлеуметтік-психологиялық факторлар, дене мен психиканың дамуы.

А.С. Еспанова^{1*}, Э.А. Айтенова¹

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

В статье рассматриваются здоровье, позитивное отношение к здоровому образу жизни, педагогико-психологические аспекты факторов, влияющих на формирование здорового образа жизни.

Анализируя философские, педагогико-психологические научные труды в нашей исследовательской работе, мы формулируем, что здоровьесберегающая образовательная среда имеет решающее значение для формирования гармонично развитой личности школьника. Только при возникновении такой среды (климат здоровья, высокая культура, личное созидание) возможно полное сохранение и укрепление здоровья, оздоровительное обучение, укрепление культуры здоровья, овладение ее духовно-нравственным, эстетическим, физическим и

психическим развитием, компонентами саморазвития и самосовершенствования. В современных социокультурных условиях, с одной стороны, в связи с модернизацией образования, а с другой - продолжающимся процессом ухудшения здоровья школьников, начальные классы становятся более здоровыми и нуждаются в эффективных мерах по его улучшению, поскольку подрастающее поколение является фундаментом, на котором строится наш будущий Новый Казахстан. Также немаловажное место в формировании позитивного отношения учащихся к здоровому образу жизни занимают поведенческие факторы: режим обучения, труда и отдыха, взаимоотношения в семье и образовательных учреждениях и т.д., что отражает условия его жизни и образ жизни. Функциональная структура понятия «образ жизни» состоит из таких аспектов, как учебная, трудовая, социальная, интеллектуальная (педагогико-психологический подход, характер умственной деятельности), физическая и медицинская деятельность.

Ключевые слова: учащийся начальных классов, здоровье, здоровый образ жизни, режим обучения, труда, отдыха, социально-педагогические факторы, социально-психологические факторы, развитие организма и психики.

A.S. Espanova^{1}, E.A. Aitenova¹*

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

PEDAGOGICAL-PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF THE FORMATION OF A HEALTHY LIFESTYLE OF STUDENTS

Abstract

The article discusses health, a positive attitude to a healthy lifestyle, pedagogical and psychological aspects of factors influencing the formation of a healthy lifestyle.

Analyzing philosophical, pedagogical and psychological scientific works in our research work, we formulate that a health-preserving educational environment is crucial for the formation of a harmoniously developed personality of a student. Only with the emergence of such an environment (the climate of health, high culture, personal creation) is it possible to fully preserve and strengthen health, wellness training, strengthening the culture of health, mastering its spiritual and moral, aesthetic, physical and mental development, components of self-development and self-improvement. In modern socio-cultural conditions, on the one hand, in connection with the modernization of education, and on the other - with the ongoing process of deterioration of the health of schoolchildren, effective measures are needed to preserve and strengthen the health of younger schoolchildren, since the younger generation is the foundation on which our future New Kazakhstan is being built. Behavioral factors also play an important place in the formation of a positive attitude of students to a healthy lifestyle: the mode of study, work and rest, relationships in the family and educational institutions, etc., which reflects the conditions of his life and lifestyle. The functional structure of the concept of "lifestyle" consists of such aspects as educational, labor, social, intellectual (pedagogical and psychological approach, the nature of mental activity), physical and medical activities.

Keywords: primary school student, health, healthy lifestyle, mode of study, work, rest, socio-pedagogical factors, socio-psychological factors, development of the body and psyche.

Кіріспе. Бүгінгі біздің зерттеуіміздің өзектілігі өскелең ұрпақтың денсаулыққа деген көзқарасы мен салауатты өмір салтын ұстану мотивтерін зерттеудің практикалық және теориялық маңыздылығына, денсаулыққа оң көзқарасты қалыптастыру қажеттілігіне және оқушылардың өз физикалық саулығын жақсарту мен күшейтуге деген мәселелер болып табылады. Олай дейтініміз, өскелең ұрпақтың физикалық және психикалық денсаулығының жай-күйі мәселесі қазіргі еліміздегі экономикалық, әлеуметтік, моральдық пен экологиялық қолайсыздық жағдайында және оның ажырамас бөлігі ретінде ерекше айқындыққа ие болып табылады.

Осыған байланысты «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында, мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында *салауатты өмір салтын қалыптастыру мемлекеттік саясатының бір бөлігі және ұлттық саясатының құнды басымдықтары қатарынан болып табылатындығы туралы айтылады [1-3].*

Мұның бәрі жас кезінен бастап динамикалық өзгеретін өмір сүру жағдайларына жеке тұлғаны дайындауды талап етеді. Осыған байланысты оқушылардың жеке көзқарастарын, өз денесіне, денсаулығына ақылға қонымды көзқарасын қалыптастыру өзін-өзі жүзеге асыруын, әлеуметтік және жеке салаларда өзін-өзі тануын қамтамасыз ететін ең жоғары құндылықтардың бірі ретінде ерекше маңызға ие.

Денсаулық ағзаның жеке дамуының барлық кезеңдерінде маңызды: туғаннан өлімге дейінгі жасерекшелік кезеңдерін толығымен қамтиды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы денсаулықты ауру мен физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, яғни толық физикалық, психикалық, әлеуметтік әл-ауқат жағдайы ретінде анықтаған болатын. Адам денсаулығы көптеген жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдардың зерттеу пәні болып табылады, мысалы: биология, медицина, әлеуметтану, психология, философия, әлеуметтік педагогика және тағы басқалар. Ал, денсаулық негіздерін зерттеу – бұл биологиялық-медициналық аспект екендігі белгілі. Алайда, барлық медициналық доктриналардың негізінде екі (денсаулықты сақтау және ауруды емдеу) өзара байланысты мақсат болғанымен, іс жүзінде медицина ауру туралы ғылым болып табылады. Адам қоғамдағы қатынастармен және оның әлеуметтік құрылымымен байланысты. *Сондықтан әлеуметтік-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық факторлардың кең спектрін ескермей денсаулық мәселелерін шешу мүмкін емес. Салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы денсаулықты сақтау мәселесі денсаулық мәдениетін жандандырумен тығыз байланысты. Сол себепті жас ұрпақтың бойында оны жаңғырту, қалыптастыру – адамның денсаулығын, ұлттың, халықтың, елдің денсаулығын сақтау екендігін ұмытпауымыз керек және бұл өте маңызды.*

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттердегі проблемаларды жан-жақты көрсете отырып, жас ұрпақтың өз денсаулығына құндылық қатынасын қалыптастыру ерекшеліктері мен ағзаның тіршілігін сақтау мен нығайтудың заманауи талаптарына жауап беру мәселелері әлі де болса толық зерттелмеген. Сондай-ақ, жалпы білім беретін мектеп шеңберінде балалардың СӨС тәрбиелеуді тиімді ұйымдастыруға ықпал ететін педагогикалық жағдайлар да толық анықталағандығын көрсетіп отыр.

Осылайша, қазіргі жағдай қоғамның жеке тұлғаның денсаулығы мен жұмыс қабілеттілігін әр адамның маңызды сипаттамасы ретінде сақтау қажеттілігі мен бастауыш сынып оқушыларының жеке басының қажетті қасиеттерін қалыптастыруға ықпалын тигізетін білім беру жүйесінің жетілмегендігі (барабар ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлардың болмауы) арасындағы қайшылықпен сипатталады.

Ал бұл болса біздің қарастырып отырған проблемамыздың, яғни бастауыш сынып оқушылардың салауатты өмір салтына оң көзқарасты қалыптастырудың қазіргі таңда теориялық және практикалық бағытта қарастырудың өзектілігін анықтайды.

Зерттеу материалдары және әдістері

Мектеп оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру ұғымының мәнін анықтауда философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге, ғылыми еңбектерге теориялық талдау жасау; озық тәжірибелерге контент-талдау және т.б. әдістер қолданылады.

Зерттеуде шетелдік және отандық жұмыстарға талдау жасалып, онда денсаулықты балалар ағзасының жұмыс қабілеттілігі мен үйлесімді дамуының маңызды факторы ретінде қабылдай отырып, балалардың денсаулығын сақтау, олардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерін көрнекті ойшылдар Дж.Локк, А.Смит, К.Гельветий, М.В. Ломоносов, К.Маркс және т.б.; медицина ғалымдары Н.М. Амосов, Ю.П. Лисицин, М.М. Буянов, И.И. Брехман,

Б.Н. Чумаков және т.б.; педагогтар Л.Г. Татарникова, В.В. Колбанов, В.К. Зайцев, С.В. Попов және басқалар зерттеген.

Жоғарыда аталған мәселені зерттеуде бірнеше бағыттар пайда болғандығын аңғаруға болады:

- философиялық-әлеуметтану (А.П. Бутенко, И.М. Быховская, В.З. Коган, А.В. Лисовский, Л.Я. Рубина, М.Н. Руткевич және т.б.) [4];

- медицина-гигиеналық (Н.А. Агаджанян, Н.М. Амосов, В.Е. Апарин, И.И. Брехман, И.В. Давыдовский, Ю.Л. Лисицын, В.П. Петленко және т.б.) [5];

- психологиялық-педагогикалық (М.Н. Алиев, А.В. Барышева, Э.Ю. Бачиева, М.Я. Виленский, П.А. Виноградов, Т.А. Ильина, В.М. Минияров, В.А. Слостенин және т.б.) [6].

Педагогика және психология саласындағы ғалымдардың зерттеулері бастауыш мектеп жасында тұлғаның дамуы үшін ең қолайлы мүмкіндіктер бар екенін көрсетеді (П.П.Блонский, Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, И.С. Кон, Б.Т. Лихачев, А.В. Петровский, В.А. Сухомлинский, К.Д. Ушинский, С.Т. Шацкий, Д.Б. Эльконин). Осы кезеңде балалардың денесінде болатын өзгерістер баланың жеке басындағы орталық неоплазманың қалыптасуына негіз болып, олардың қоғамдағы толыққанды өмірге объективті және субъективті дайындығын білдіреді. Дәл осы уақытта адамның болашақ өмірлік ұстанымының негіздері қаланады, сондықтан құндылық бағдарларын қалыптастырудағы басты рөл бастауыш мектеп жүйесіне жүктеледі.

Зерттеулер көрсеткендей, оқу-тәрбие үдерісі адамның өз денсаулығын сақтауға педагогикалық-психологиялық қызметтің екі жетекші бағытын қамтуы керек:

- педагогикалық үрдісте жастар мен мұғалімдердің ортақ амалдары және қарым-қатынасы арқылы микроәлеуметтік ортаның оңтайлы сыртқы жағдайларын: гуманистік сезімдер, үйлесімді психикалық жағдай, белсенді шығармашылық жағдайларды құру (Ю.К. Бабанский, А.А. Бодалев, Б.С. Гершунский, В.И. Зверева, В.А. Караковский, А.С. Макаренко, А.В. Мудрик, Н.Е. Щуркова және т.б.);

- өзіндік тану, өзіне есеп беру, мақсат қою тетіктері арқылы оқушылардың өзіндік дамыту мен өзіндік тәрбиелеу үшін ішкі жағдайларды: ойларды, қажеттіліктерді, қабілеттерді қамтамасыз ету (Г.В. Акопов, Б.Г. Ананьев, Л.И. Божович, Б.С. Братусь, Т.М. Давыденко, В.М. Минияров, Б.Д. Парыгин, С.Л. Рубинштейн, В.А. Якунин және т.б.) [7].

Салауатты өмір салтына оң көзқарасты қалыптастыру процесі күрделі көп сатылы процесс болып табылады, онда адамның мінез-құлқының жеке жүйесі негізделеді, ол белсенді қозғалыстың қажетті деңгейінің болуын, теңдестірілген тамақтануды, ағза үшін оңтайлы режимді, психикалық тұрақтылықты, қауіпсіз мінез-құлықты сақтайды.

Зерттеу аясында біз салауатты өмір салты ұғымын денсаулықтың тиісті ішкі көрінісін қалыптастыру призмасы арқылы қарастырамыз. Ол белсенділікті, денсаулығының біртұтас бейнесін көре білуді, денсаулығын сақтаудың құндылығы мен маңыздылығын түсінуді және денесінің резервтік мүмкіндіктерін барабар бағалауды қамтиды.

Бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесі денсаулықтың физикалық, психоэмоционалды және адамгершілік компоненттерінің оңтайлы дамуын қамтамасыз ету арқылы салауатты өмір салтына оң көзқарасты жүзеге асыруда үлкен әлеуетке ие.

Мектеп оқушыларында салауатты өмір салтын тәрбиелеудегі жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар тұлғаға-бағдарланған тәрбие тұжырымдамасының (Ш.Амонашвили, Е.Б. Бондаревская, И.С. Якиманская және т.б.) және валеологияның (И.И. Брехман, В.В. Колбанов және т.б.) дамуымен, мектеп оқушыларында есірткіге қарсы бағытты қалыптастыру бағдарламаларын әзірлеумен пайда болды (Т.К. Болеев, А.Г. Макеева және т.б.) [8].

Қазақстанда соңғы жылдары оқушы балалардың СӨС қалыптастырудың әртүрлі аспектілеріне арналған ғылыми-теориялық зерттеулердің айтарлықтай өскенін атап өтуге болады. Олардың ішінде Л.З. Тель, С.А. Назарбаева, А.С. Иманғалиев, Т.К. Болеев, А.В. Косолапов, А.С. Адылханов, Г.С. Акиева, А.В. Ахаев, А.Р. Ерментаева, Д.Ф. Ақбердиева, Ж.З. Торыбаева, Г.Т. Ахметова және т.б. авторлардың зерттеулері ерекше орын алады [9].

Елімізде денсаулық жағдайын талдаудың ресми құжаты «Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндамасы» болып табылады. Қорытынды есепті талдау көрсеткендей, денсаулықты сақтауға қатысты барлық белсенді әрекеттерге қарамастан, мектеп жасындағы балалардың шамамен 90% - физикалық және психикалық денсаулығының ауытқулары бар деп тұжырымдауға болады. Алкоголизм, нашақорлық, нашақорлық, психикалық бұзылулардан зардап шегетін балалар саны едәуір өскенін көрсетіп отыр. Бірінші сыныпқа түсетін балалардың 60%-дан астамы мектептегі, соматикалық және психофизикалық дезадаптация қаупі санатына жатады.

Бұл мәселені шешу осы үдерістің тиімділігіне әсер ететін төмендегі факторларды ескеруді талап етеді:

- әлеуметтік институттардың Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулыққа құқығын растайтын, сондай-ақ әлеуметтік қауіпсіздікке, жеке тұлғаның қылмыстан және/немесе оның қатерінен қорғалуына кепілдік беретін заңнамалық және нормативтік заңға тәуелді актілерді іске асыру тетіктерін нақтылауға қатысты құқықтық (заңдық) факторлар;

- әлеуметтік институттардың өз мүшелерінің денсаулығын қалыптастыруға, сақтауға және нығайтуға қатысу түрлерін, нысандарын және жауапкершілігін айқындайтын әлеуметтік-экономикалық факторлар;

- салауатты өмір салтына оң көзқарасты қалыптастыруды және денсаулықты сақтау, оған қол жеткізу дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін білім беру-тәрбиелеу факторлары;

- отбасылық қатынастарда салауатты өмір салты үшін жайлы психоэмоционалды кеңістік құруға байланысты отбасылық факторлар;

- жеке көзқарасқа негізделген және денсаулық жағдайын диагностикалауға, салауатты өмір салты бойынша ұсыныстар әзірлеуге, тиімді бастапқы, қайталама және үшінші профилактикаға бағытталған медициналық факторлар;

- әл-ауқат, жай-күй, есен-саулықтың мәдени қырларын ұғындыруға, ақпараттар беруде, оны ұйымдастыруда бос уақытты ұтымды пайдалануға, осы орайда денсаулықтың жақсаруына пайдасы бойынша мәдени факторлар;

- әр адамның қарама-қайшылықтардан, мүдделерден және басқа да себептерден туындаған, өзін-өзі тәрбиелеуде, сондай-ақ іс-әрекетте және қарым-қатынаста жүзеге асырылатын жеке тұлғаның өзіндік белсенділігін анықтайтын жеке факторлар.

Олар бізге, денсаулықты сақтауға тиімді үдерісін қалыптастыру келесі қағидаларды сақтау негізінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді: оқушылардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі, кіріктіру мен сабақтастық, жеке-белсенді оқыту, кешенділік, тұтастық пен жүйелілік, т.б. Бұл негізгі рөл атқаратын және салауатты өмір салты компоненттерінің мазмұны мен өзара әрекеттесуін анықтайды.

Жас және психофизиологиялық ерекшеліктерді есепке алу қағидасы – оқытудың мазмұны, формалары мен әдістерінің жас кезеңдеріне және оқушылардың жеке дамуына сәйкестігін болжайды. Қоршаған ортаның жағымсыз үрдістеріне қарсы тұруға барабар дайындықты қалыптастыру мақсатында және оқушылармен жұмыс барысында танымдық мүмкіндіктер мен жеке даму деңгейін, ойлау, есте сақтау ерекшеліктерін, зейіннің тұрақтылығын, темпераментін, мінезін, оқушылардың қызығушылықтарын ескеру қажеттігін пайымдайды. А.В. Хуторскойдің пікірінше, бұл қағида оқушының сыртқы әлеммен үйлесімде дамып, сонымен бірге өзіндік ерекшелігін дамыта отырып, еркін дамуы негізінде оқыту тиімділігінің негізгі критерийі болып табылатындығын айтады [10].

Тұлғалық-белсенділік қағидасы – оқушылардың белсенділік ұстанымы, әр оқушының өз денсаулығын сақтауға жеке қызығушылығын қалыптастыру мен оның жаңа білімді «ашуға» бағытталған өз іс-әрекеті үдерісінде оны дамытуға ықпал ету. Бұл жағдайда балалардың денсаулығына зиян келтірмейтін ішкі әрекетке итермелейтін жеке маңызды мотивтер жаңартылады.

Үздіксіздік пен сабақтастық қағидасы – әрбір алдыңғы кезеңдегі сауықтыру іс-әрекетінің келесі кезеңнің басталуын жүзеге асыратын өзара ынтымақтастық нәтижесінің көрсеткіші, яғни сауықтыру іс-әрекетінің тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды факторлар, даму кезеңдері арасындағы байланысты болжайды және оның мәні бүтіннің немесе оның жекелеген жақтарының әртүрлі элементтерін жүйе ретінде тұтастай сақтау болып табылады.

Тұтастық пен жүйелілік қағидасы – денсаулық сақтау үрдісінің үздіксіздігін, сондай-ақ оның нақты мақсаттарын жүзеге асырудың талаптары мен шарттарын анықтауда реттілігін, жүйелілігін, бірлігін, өзара байланысын білдіреді [11].

Нақтыланған тәсілдер мен қағидаларды ұстану бастауыш мектепте сауықтыру үдерісін құруға, оқушылардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтай отырып, оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл жұмыс мектеп оқушыларының танымдық қабілеттерінің когнитивті-интеллектуалды компоненттерінің даму детерминанттарын, даму тенденцияларын, тұтастай алғанда әрбір жеке баланың болашағы мен қажеттіліктерін бақылаусыз мүмкін емес.

Нәтижелер мен талқылау

Білім беру ошағы болып саналатын мектеп оқушылардың салауатты өмір салты туралы түсініктерін меңгертіп, түсіндіру барысында оң шаралар жүзеге асыруда үлкен маңызға ие. Ғалымдар бұл тәсілді баланың денсаулығын нығайту туралы қамқорлықпен байланыстырады. С.В. Васильев, М.Л. Лазарев, Т.В. Поштарев, О.Ю. Толстова атап өткендей, барлық медициналық-гигиеналық шаралардан гөрі балалармен дұрыс ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысы балалардың денсаулығы мен салауатты өмір салтын қалыптастыруды қамтамасыз етеді [12].

Мектеп ортасы – бастауыш сынып оқушыларының денсаулығына әсер ететін күшті экзогендік фактор. Мектептегі педагогикалық үдерісті гигиеналық нормалау – оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру, жүктеменің бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкестігін сақтауға байланысты.

Дене мен психиканың дамуы, өзіндік даму мен өзіндік жетілдіруі тұлғаның қалыптасуының ішкі факторлары ретінде әрекет етеді. Тұлғаның қалыптасу факторлары оның құрылымы мен даму бағытын анықтайды. Н.А. Агаджанян, Н.М. Амосов, И.И. Брехман, В.В. Колбанов денсаулық сақтау саласына сәйкес келетін төрт факторды ажыратады:

1) соматикалық – дененің әл-ауқаты мен белсенділігі, денені дұрыс дамыту және жаттықтыру, психикалық үйлесімде салауатты рух және байсалды ақыл, жыныстық және ұрпақты болу қызметінің деңгейі мен мәдениеті, қоғамдағы адамгершілікті, ережелерді, нормалар мен негіздерді сақтау қызметі;

2) физикалық – қалыпты физикалық және генетикалық даму; кемшіліктердің, аурулардың және қандай да бір ауытқулардың болмауы; салауатты психологиялық және психикалық жағдай; көбею мүмкіндігі және қалыпты жыныстық даму; қоғамдағы дұрыс мінез-құлық, нормалар мен негіздерді сақтау, өзін жеке тұлға ретінде түсіну;

3) психикалық – объективті дүниенің (сыртқы дүние заттарының) субъективті бейнесін тудыратын психикалық көрінісі. Дені сау адам физикалық және рухани жағынан толық үйлесімді өмір сүреді. Ол бақытты, жұмыстан моральдық қанағат алады, өзін жетілдіреді және сыйақы ретінде ұзақ өмір сүру мүмкіндігі мол;

4) адамгершілік – адам баласының социумдағы мінез-құлық құндылықтарын, көзқарастарын, ынталандыру жолдарымен сипатталады. Гуманизм деннің саулығына тұлғаның рухани құндылықтарын қамтиды, өйткені адамгершілік жақсылық, махаббат пен сұлулықтың жалпыадамзаттық шындықтарымен байланысты.

Факторлардың белгілі бір бөлігі қазіргі мұғалімнің кәсіби қызметімен тікелей байланысты. Салауатты өмір салтына оң көзқарасты қалыптастыруға теріс әсер ететін факторлардың ішінде мыналарды атап өтуге болады: оқу бағдарламасының күрделенуі және соның салдарынан оқу үдерісінің қарқындылығы; оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға қойылатын физиологиялық-гигиеналық талаптардың бұзылуы; оқыту бағдарламалары мен технологияларының балалардың

жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі; инновацияларды педагогикалық тұрғыдан негізсіз енгізу; өмірлік қажетті тәуліктік қозғалыс белсенділігінің тапшылығы; қазіргі жағдайда баланың денсаулығын дамыту және қорғау саласындағы педагогтердің нашар дайындығы; қазіргі балалармен қарым-қатынас ерекшеліктерін білмеу; ата-аналар мен балалардың денсаулыққа қатысты пассивті ұстанымы; қолданыстағы дене тәрбиесі жүйесінің тиімділігінің жеткіліксіздігі.

Аталған мәселелерге байланысты біз анықтау эксперимент жұмыстарын №108 жалпы білім беретін мектебінде жүргіздік, оған бастауыш мектеп жасындағы 59 бала қатысты. Бұл кезеңнің міндеті – мониторинг барысында бастауыш мектеп жасындағы кіші сынып оқушыларының ағзаны, психиканы жақсарту, үйлесімділікте ұстау, оны дамыту, нығайту бойынша ойларын білу. Яғни, аталған мәселелерді анықтау үшін экспериментке қатысушылардан сауалнама алынды және жүргізілу барысы төмендегі мәселені анықтады:

1. Оқушылардың организмнің мән-мағынасын, физикалық және оны жақсартуға бағытталған өмір салты туралы білімі, осы білімнің хабардарлығы.

2. Балалардың денсаулығына, салауатты өмір салтына деген көзқарасы, өзіне және басқа адамдарға оны сақтауға көмектесуге деген ұмтылысы.

3. Салауатты өмір салтының дағдыларын, әдістерін меңгеру, гигиеналық мінез-құлық әдеттерін қалыптастыру, қол жеткізілген нәтижелерді өзін-өзі бақылауға және өзін-өзі бағалауға дайын болу.

4. Балалардың дені сау мен тұтастай адам ағзасын нығайтуға бағытталған өмір салты саласындағы түсініктерін кеңейтуге деген ұмтылысы, балалар журналдарынан, газеттерден, балаларға арналған көркем емес әдебиеттерден, радиодан, теледидардан, интернеттен алынған тақырып бойынша жаңа ақпаратқа деген қызығушылығы.

Жүргізілген анықтау эксперименттің қорытындыларына сүйене отырып, кіші сынып балалардың біздің зерттеу мәселемізге байланысты үш көрсеткішке жинақтадық:

70-100 ұпай: high level – кіші сынып оқушылар адамның денсаулығын сақтауға, аурулардың алдын алуға және тұтастай адам ағзасын нығайтуға бағытталған өмір салты туралы білімдері толық қалыптасқан, олардың психологиялық қырларын жетік меңгерген және өздерінің күн тәртібінде қолдана алады.


40-69 ұпай: medium level – бала тізімдегі сұрақтарға сенімсіз, жартылай жауап береді. Яғни, адам ағзасының мүшелері бойынша орналасуы мен атауының бірқатар қателіктер кеткенін және толық сау ұйқы, күн тәртібін, таңертеңгілік жаттығулар, жүйелі тамақтану, жеке гигиена ережелерін сақтау мәселелерінің түсіндіруде, толық жауап беруге қиналады.

0-39 ұпай: low level – адам ағзасының мүшелері бойынша білімдер аз, шатасулар мен қателіктер кездеседі. Денсаулықты нығайту үшін және оны тиімді тәсілмен дамыту үшін режимді ұстану тәртіптерін анық айта алмайды.

Зерттеу жұмысы мен тестілеу нәтижелері 1-кесте 1-суретте жинақталды.

Кесте – 1 Анықтау экспериментінің нәтижелері

	СӨС бойынша білімдерінің деңгейі			Адамның ағзасы бойынша білімдерінің деңгейі	
	оқушы саны	%		оқушы саны	%
Жоғары	10	15,6%	Жоғары	8	10,4%
Орташа	36	62,5%	Орташа	30	52%
Төмен	13	21,9%	Төмен	21	37,6%



Сурет 1 – Сауалнама қорытынды нәтижелерінің көрсеткіштері

Осылайша, жоғарыда алынған нәтижелер бастауыш сынып оқушыларының денсаулығына деген қажеттілікті тәрбиелеуді оларда СӨС мәні мен адам ағзасының құрылымы туралы ғылыми түсініктерді қалыптастыруды көрсетеді. Алынған нәтижелерді талдау балалардың көпшілігінде салауатты өмір салтын ұстану білімі, дағдылары мен көзқарастарының қалыптас-пағанын анықтауға мүмкіндік берді. Алдағы уақытта осы білімді дамытудың әртүрлі формалары мен әдістерін қолдану арқылы қалыптастыру жұмыстарын жүргізетін боламыз.

Қорытынды. Жоғарыда айтылған ойды тұжырымдай отырып, медициналық, психологиялық және педагогикалық бағыттағы әдебиеттерді зерттеу, бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтына оң көзқарасын қалыптастыруға әсер ететін факторларды зерттеу, қаланың білім беру ұйымдарының қазіргі тәжірибесімен танысу салауатты өмір салтына оң көзқарасты қалыптастыру үдерісінің тиімділігіне әсер ететін ұйымдастырушылық және педагогикалық жағдайлардың жиынтығын анықтауға мүмкіндік берді:

- оқушылардың салауатты өмір салтына деген оң көзқарасын қалыптастыру денсаулық сақтау ортасы болған кезде іске асырылады;

- оқушылардың сауықтыру іс-әрекетінің мазмұны кешенді және тәрбие мен оқыту іс-әрекетінің әртүрлі нысандарында, әдістері мен құралдарында мақсатты түрде жүзеге асырылады, ол іс-шаралар жүйесі және оларды іске асырудың жеке бағдарланған тәсілдері түрінде ұсынылған;

- салауатты өмір салтына оң көзқарасты қалыптастырудың құрылымдық элементтерін қамтитын модельдің болуы және әзірленген диагностикалық құралдардың көмегімен бағаланады;

- мектеп оқушыларымен сауықтыру іс-шараларында вариативті, жеке және топтық саралау қолданылады;

- мектептің білім беру үдерісі субъектілерінің (балалардың, мұғалімдердің, ата-аналардың) салауатты өмір салтын жүргізу мәселелерінде білім, білік және дағдылар деңгейін үздіксіз арттыру ұйымдастырылады.

References:

1. Strategy "Kazakhstan's Way - 2050: common goal, common interests, common future". The message of the Head of State N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan. – Astana, 2012. – December 14.

2. State Program for the development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025 // Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019 No. 988.

3. Message of the President of the Republic of Kazakhstan K.K.Tokayev to the people of Kazakhstan "A just state, a united nation, a blessed society". – Astana, 2022. – September 1.

4. *Explanatory dictionary of Sociology, Pedagogy and psychology // In 4 vols. – M.: GIS, 2015. – Vol.1. – 388 p.*
5. *Psychological and pedagogical dictionary. Second edition. – Almaty: "Arys" barysy, 2011. – P.85-86.*
6. *Philosophical Encyclopedic Dictionary – Almaty: Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the MES RK, 2013. – 220 p.*
7. *Psychology of primary school children. [Electronic resource]: educational and methodical manual / Ural. gos. ped. un-t; author-comp. Yu.E.Vodiha, S.A.Vodiha. – Electron. dan. – Yekaterinburg: [B.I.], 2018.*
8. *Mikhail Morozov Fundamentals of a healthy lifestyle. – Moscow: VEGA, 2014.*
9. *Encyclopedic Dictionary of Education and Science. / ch . ed . Tuimebayev Zh. K. Ed. Board: Abylkasymova A.E., Bekbayev I. B., Kalabaev N.B., Ongarbayev E.A., Praliev S.Zh., Ryzhakov M.V. – Almaty, 2009. – 146 p.*
10. *Khutorskoy A.V. Metasubject approach in teaching: A scientific and methodological manual. 2nd ed., reprint. and additional – M.: Publishing house "Eidos"; Publishing House of the Institute of Human Education, 2016. – 80 p. (The "New Standards" series).*
11. *Aseev V.G. Motivation of behavior and personality formation. – M.: 2016. – P. 73-74.*
12. *Abaskalova N.P. Theory and practice of healthy lifestyle formation of pupils and students in the "school-university" system: Abstract. doct. dis. Barnaul, 2012. - 48 p. 2. Amosov N.M. Thinking about health. – M.: FiS, 2014. – 63 p.*

МРНТИ: 15.21.51

10.51889/1728-7847.2023.1.74.029

М.П. Оспанбаева^{1*}, Ж.Қ. Дүйсенова², Г.Д. Ашықбаева²

¹ М.Х. Дулати ат. Тараз мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, Тараз
² Қ.А. Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан Республикасы, Түркістан
*Omachabbat@mail.ru

ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІНДІК САНА-СЕЗІМІН ДАМУ ҮРДСІНДЕ КОУЧИНГТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫН ЗЕРТТЕУ

Аңдампа

Берілген мақалада «тұлғаның психологиялық дамуы – өзіндік сана-сезімнің кеңейіне байланысты» тұжырымдамасы негізге алына отырып, оны ұлғайтудың заманауи құралы ретінде коучинг үрдісі қарастырылады. Коучинг барысында қолданылатын технологиялардың көпшілігін психотехникалар құрайтындықтан, оның тұлғаны дамытудағы психологиялық әлеуетін негіздеу де, осы мақала аясында қарастырылатын міндеттердің бірі болып табылады. Демек, қазіргі кезеңдегі коучингтік және психологиялық қызметтер интеграциясы немесе өзара байланысы арқылы тұлғалық дамуды қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін зерттеу өзектілігі негізделеді.

Мақалада тұлғаның өзіндік сана-сезімін арттыру жолында, коучинг үрдісінің пәрменділігі жоғары екені, оның тәжірибелік-экспресстік аспектілерімен сипатталды: қысқа мерзімде жоғары жетістікке бағдарлану немесе аз шығынмен көп нәтижеге қол жеткізу. Мәселен, нақты жағдайға қатысты өзіндік сана-сезімнің даму нүктесін өлшеу әрекетін клиенттің өзіне жүктеу процедурасы арқылы, оның жауапкершілігінің еселеп артуына себепкер болу; немесе өзіндік сана-сезімді дамыту траекторияларын маман мен клиенттің бірлесе құруы арқылы танымдық белсенділіктің жоғарылап, бастамашылдықтың қалыптасуы, т.б. Жүргізілген эксперименттік зерттеулердің нәтижесінде, өзіндік сана-сезімді дамыту үрдісінде анағұрлым тиімді деп анықталған коучингтік технологияларды қолдану оңтайлылығы дәлелденді. Зерттеу қорытындысы коучингтік сессия барысында, мәселені барынша айқындау (тұлға сұранысы аясында) кезеңінен бастап-ақ, өзіндік сана-сезімнің даму деңгейінің артатынын көрсетті: сұраныс түйінін тарқату ойға қозғау салып, сананы оятады; мәселенің шешімін табу жолдары жеке ресурстарды жұмылдыруға ықпал етеді;

клиент пен маманның бірлескен әрекеті өзіндік сана-сезімнің жеке әлеуетінің ашылу деңгейін жылдамдатады. Осылайша, адамдарды шынайы арман-мақсаттарымен түйістіру барысында, өзіндік сана-сезімнің даму үрдісіне коучингтік технологиялар жоғары тиімділік танытатыны туралы зерттеу болжамы расталып, ұсынылған мақалада жан-жақты баяндалды.

Зерттеу материалдарын психология саласы бойынша әзірленетін білім беру бағдарламаларында, академиялық мақсатта қолдануға лайық.

Түйінді сөздер: өзіндік сана-сезім, түсіну, шешім, ой қозғау, танымдық сергектік, жауапкершілік, коучинг үрдісі, коучингтік технологиялар.

Оспанбаева М.П. ^{1*}, Дюйсенова Ж.К. ², Ашыкбаева Г.Д. ²

¹ Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, Республика Казахстан, г. Тараз

² Международный казахско-турецкий университет им. Х.Яссави,

Республика Казахстан, г. Туркистан

*Omachabbat@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ СПОСОБОВ ПРИМЕНЕНИЯ КОУЧИНГОВЫХ ТЕХНОЛОГИИ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЯ САМОСОЗНАНИЯ ЛИЧНОСТИ

Аннотация

В данной статье рассматривается изучение проблемы применения коучингового инструмента для развития самосознания личности, в рамках концепции «психологическое развитие личности – результат расширенного самосознания»; так как большинство технологий, используемых в коучинге, составляют психотехники, обладающие экспрессивным психологическим потенциалом, в развитии личности. Поэтому одной из задач (наряду с основной проблемой), поставленной в данной статье, является апробирование их на практике. Таким образом, обосновывается актуальность исследования новых подходов к обеспечению личностного развития, посредством интеграции коучинговых инструментов в практическую психологию.

Высокоэффективность использования коучинговых инструментов в психологической службе подтверждается его результативностью: быстрое осознание первопричины психоэмоциональной проблемы, с наименьшими затратами; освобождение от комплексов и повышение самооценки за короткие сроки; появление инициативности, ответственности и решимости; усердное стремление на достижения большего.

В результате проведенных экспериментальных исследований доказана оптимальность применения коучинговых технологий, как наиболее эффективной, в процессе развития самосознания.

Итоги исследования показали, что в процессе психологического сеанса, с применением коучинговых инструментов, уже на этапе выявления проблемы, включается осознанность клиента: сужение диапазона запроса и его конкретизация стимулирует оперативное мышление, тем самым пробуждая сознание личности, и появление инсайтов, понимания. А на этапе поиска решения психологической проблемы, с помощью совместной когнитивной деятельности, происходит мобилизация личностных ресурсов клиента, что способствует раскрытию ранее не изведенных потенциалов сознания.

Таким образом, подтверждена гипотеза исследования о том, что применение коучинговых технологии оказывает высокую эффективность в процессе развития самосознания, способствует сопряжению людей с реальными мечтами и целями. Данные выводы подробно изложены в представленной статье.

Материалы исследования могут быть использованы как в практической психологии, так и в теоретической – в академических целях, при реализации образовательных программ по психологии.

Ключевые слова: самосознание, осознание, решение, катализатор, познавательная активность, ответственность, коучинговый процесс, коучинговые технологии.

Ospanbayeva M.P.^{1*}, Duisenova Zh.K.², Ashikbayeva G.D.²

¹ M.H. Dulati Taraz State University, Republic of Kazakhstan, Taraz

² International Kazakh-Turkish University named after H.Yasavi, Turkestan

*Omachabbat@mail.ru

THE STUDY OF THE WAYS OF USING COACHING TECHNOLOGIES IN THE PROCESS OF DEVELOPING SELF-AWARENESS OF THE INDIVIDUAL

Abstract

This article discusses the study of the problem of using coaching tools for the development of personal self-awareness, within the framework of the concept "psychological development of personality is the result of expanded self-awareness"; since most of the technologies used in coaching are psychotechnics with expressive psychological potential in the development of personality. Therefore, one of the tasks (along with the main problem) posed in this article is to test them in practice. Thus, the relevance of the study of new approaches to ensuring personal development through the integration of coaching tools into practical psychology is substantiated.

The highly effective use of coaching tools in the psychological service is confirmed by its effectiveness: rapid awareness of the root cause of the psycho-emotional problem, at the lowest cost; liberation from complexes and self-esteem increase in a short time; the emergence of initiative, responsibility and determination; diligent striving to achieve more.

As a result of the conducted experimental studies, the optimality of the use of coaching technologies as the most effective in the process of developing self-awareness has been proved.

The results of the study showed that in the process of a psychological session, with the use of coaching tools, already at the stage of identifying the problem, client awareness is activated: narrowing the range of the request and its concretization stimulates operational thinking, thereby awakening the consciousness of the individual, and the appearance of insights, understanding. And at the stage of finding a solution to a psychological problem, with the help of joint cognitive activity, the client's personal resources are mobilized, which contributes to the disclosure of previously unexplored potentials of consciousness.

Thus, the hypothesis of the study is confirmed that the use of coaching technology is highly effective in the process of developing self-awareness, promotes the pairing of people with real dreams and goals. These conclusions are described in detail in the presented article.

The research materials can be used both in practical psychology and in theoretical psychology – for academic purposes, in the implementation of educational programs in psychology.

Keywords: self-awareness, awareness, decision, catalyst, cognitive activity, responsibility, coaching process, coaching technologies.

Кіріспе

Қарқынды өзгерістер белең алған VUCA-ғаламда, тұлғаның өзіндік сана-сезімінің дамуы аса өзекті мәселелер қатарынан болып табылады. Ақпараттық заманда өзіндік сана-сезім дамуын арттыратын құралдар көп-ақ. Ал, олардың тиімділігі қаншалықты? Не үшін бұл мәселеге қатысты коучингтік технологияларды қолдану ұсынылады? Осы және басқа да сауалдарға жауап беру үшін, әуелі коучингтің артықшылығына тоқталайық.

Әдетте, коучингтік тәжірибеде, клиент сұранысына сәйкес, нақты мәселе қарастырылады. Оның шешімін, үрдіс талабына сай, коучтың ықпалымен, клиенттің өзі іздестіріп, табады. Тұлғаның өзіндік сана-сезімінің дамуына байланысты психологиялық фактор, көп ретте негізгі жағдайдың тасасында қалатындықтан, аса елене бермейді. Оны қалтарыстан алып шығып, жеке психологиялық мәселе ретінде қарастыру, жаңа ізденістерге жетелейді. Мәселен, тұлға (клиент) көкейкесті сұранысын нақтылау үшін, коуч-маманмен өзара әрекеттесу барысында, өзінің ой-

өрісі шеңберінде, белсенді танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асырады. Жеке ресурс, материалдық активтер мен уақыт факторы аясында, қойылған мақсаттың қолжетімділігі, жылдам орындалуы, барынша аз шығынмен және өзіне ыңғайлы жолмен жүзеге асырылуы үшін, адам айтарлықтай ізденеді. Осындай күрделі танымдық үрдіс барысында, тұлға өзінің арман-мақсаттарымен, тілек-қалауларымен және ең бастысы – шынайы болмысымен табысады. Орын алған қайсыбір мәселенің түйінін тарқату немесе мақсатқа жету жолында шешім қабылдап, жеке бастамашылдық таныту үшін, дербестікті сезіну және жауапкершілікті арттыру қажеттілігін түйсіну – клиенттің өзіндік сана-сезімін арттырады [1].

Осылайша, қысқа мерзімде, тұлғаның өз әлеуетін тануы және шынайы қажеттіліктерін түсінуі – оны сапалы даму жолындағы жаңа сатыға көтереді. Ал, осы клиенттің өзіндік сана-сезімінің кеңеюіне әкелген кәсіби әдістер, коучингтік үрдіспен қатар, оны ұйымдастырудың оңтайлы құрылымын қолдана білген коуч-маманның көрегендігі мен іскерлігін танытады. Клиент сұранысының қанағаттандырылуы мен қойылған мақсатының орындалу қадамдарының нақтылануынан тыс, тұлғалық өсу сынды үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін, коучинг үрдісіне қатысушылардың өзара түсінісулері және бірін-бірі өте нәзік сезінулері аса маңызды. Үрдіс барысында алуан түрлі коучингтік технологиялардың арасынан қолайлысын іріктеп, қолдануға немесе алдын-ала қамдануға еш мүмкіндік жоқ. Барлығы табан астында, «дәл қазір, осы жерде» қағидасына негізделі жүзеге асырылады. Сондықтан, коучинг үрдісін сипаттағанда, «коуч – клиент – технология» үштігінің бірлігі өте мәнді. Бұл – тұлғаның өзіндік сана-сезімінің дамуына коучингтің ықпал етуін көрсететін күрделі тетік болып табылады. Демек, үздіксіз дамуды мақсат тұтқан, үнемі ізденіс және жетілу жолындағы жандар үшін, коучингтің тиімділігінің жоғарылығы сөзсіз. Осы тенденцияға байланысты, тұлғаның өзіндік сана-сезімінің даму жолдарын, коучинг үрдісі аясында ғылыми зерттеу, қолданбалы сипаты зор тәжірибелік нәтижелерге әкеледі деп болжанады [2].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Психология ғылымында өзіндік сана-сезім мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Ғылыми әдебиеттерде, осы құбылысты зерттеушілер үшін, оның жүзеге асырылу үрдісі, деңгейлері, құрылымы және олардың бөліктері арасындағы өзара байланысты зерттеу маңыздылығы негізделеді. Бұл зерттеулер, негізінен, екі топтың маңайына шоғырланған. Бірінші топ өкілдері – Б.Г. Ананьев, Л.И. Божович, Л.С. Выготский, И.С. Кон, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, А.Г. Спиркин, В.В. Столин, И.И. Чесноков, Е.В. Шорохов және т.б. жалпы теориялық және әдіснамалық тұрғыдан алғанда, өзіндік сана-сезімді жеке тұлғаны дамытудың жалпы мәселелері аясында қарастырды. Ал, зерттеушілердің екінші бір тобы – А.А. Бодалев, В.С. Магун, Е.И. Савонько, В.Ф. Сафин, Е.Т. Соколова, А.А. Реан, А.И. Липкина және т.б. еңбектерінде өзіндік сана-сезім өзін-өзі тану үрдісі ретінде талданып, ең алдымен тұлғаның өзін-өзі бағалау сипаты мен басқалардың бағалауы, сонан соң өзіндік таным мен басқалардың танымының арасындағы өзара байланыстың арнайы мәселелері сынды қарастырылған.

Өзіндік сана-сезім және «Мен» ұғымдары заманауи психотерапия мен психологиялық кеңес беру қызметтерінің теориялық және практикалық аспектілеріне арналған ғылыми әдебиеттердің өзегі болып табылады. Үшінші мыңжылдық табалдырығында тұрсақ та, А.Н. Леонтьевтің тұлғаның өзіндік сана-сезімі және ішкі «Мен-ін» түйсіну үрдісі психологияда шешілмеген мәселе болып қала беретіні туралы айтқан пікірі әлі күнге өзекті: «Бұл – жеке тұлға психологиясының тәжі болып табылатын, өмірлік маңызы жоғары мәселе» [3, 7-бет].

Соңғы жиырмажылдықта Л.И. Анциферова, Е.Е. Вахрамов, Т.И. Колесникова, В.М. Раева, Н.В. Соловьева және т.б. еңбектерінде ұсынылған, тұлға дамуының әлеуметтік жағдайын бейнелейтін экологиялық, әлеуметтік, виктимологиялық теориялар ықпалымен, өзіндік сана-сезімді зерттеудің жаңа бағыттары пайда болды. Қазіргі таңда өзіндік сана-сезімді психология, философия, педагогика, экология, виктимология, акмеология сынды ғылым салаларының интеграциясынан туындаған жаңа теориялар мен болжамдар заманауи тұрғыда қарастырып, барынша жан-жақты сипаттайды.

Шетелдік әдебиеттер өзіндік сана-сезім психологиясына қатысты тақырыптарға өте бай. Мәселен, психосинтез (Роберто Ассоджолли), назарды шоғырландыру (Юджин Гендлин), ядролық үрдістің психотерапиясы (Маура Силлз) – өзіндік сана-сезімді зерттеу барысындағы өзін-өзі түсіну және өзін-өзі жетілдіру сынды негізгі ұғымдардың ажырамас бөлігі болып табылатын түйсіну мен руханилыққа негізделген инновациялық бағыттар [4].

Өзіндік сана-сезімді тәжірибелік аспектіде зерттеу үрдісі психологиялық кеңес беру, психотерапия және психокоррекцияның практикалық әдістері мен технологияларының мүмкіндігін барынша қолдана отырып, талдаумен тығыз байланысты. Психологиялық әдіс-тәсілдердің, технологиялар мен техникалардың көпшілігі адам санасына, тұлғалық жетілуге, дамуға, өзін-өзі қабылдауға тікелей бағытталғандықтан, олардың барлығы өзіндік сана-сезімді талдауға зерттеуші тарапынан да, жеке адам тарапынан да өз үлестерін қосады. Осылайша, күні бүгінге дейін дәстүрлі психоанализ, гештальт психология, даралық психология, т.б. ғылым салалары жекелеген адамның өзіндік сана-сезімінің қалыптасу және жетілу жолдарын жанама түрде қарастырып келді.

Күнделікті өмірімізге коучингтің қарқынды түрде енуімен, өзіндік сана-сезімнің дамуын зерттеу үрдісіне технологиялық әсерлер зор ықпал етті. Мәселен, сыналушының өзіндік сана-сезімінің даму деңгейін И.И. Чеснокова ұсынған үш компонент арқылы зерттеуге тоқталайық. Оның пікірінше, танымдық (өзін-өзі тану), эмоционалды-құндылық (өзіндік қатынас) және тиімді-ерікті, яғни реттеушілік компоненттер өзіндік сана-сезім мазмұнын құрайды. Тұлғаның өзін-өзі тануын өзіндік сана-сезімнің өзегі ретінде қарастыра отырып, И.И. Чеснокова ақпарат алу және адамның өзі туралы білімін қалыптастыру екі деңгейде болатындығын тұжырымдайды: бірінші деңгейде өзі туралы білімді қалыптастыру ішкі «Мен-ін» басқалармен салыстыру негізінде, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі қабылдау арқылы жүзеге асады; ал екінші деңгей – аутокоммуникация үрдісінде «Мен және мен» шеңберінде, өзін-өзі қабылдау мен өзін-өзі бақылауға сүйене отырып, түсіну және талдау арқылы жүзеге асырылады. Тұлғаның өзіне деген эмоционалды-құндылық қатынасын И.И. Чеснокова «жеке тұлғаның өз танымына деген қатынасын білдіретін эмоционалды тәжірибенің ерекше түрі» деп түсіндіреді. Ал, тиімді-ерікті компонентті И.И. Чеснокова адамның мінез-құлқын ұйымдастыру үрдісі ретінде түсінетін, өзін-өзі реттеу арқылы қарастырады: нақты мінез-құлық актісі шеңберіндегі тактикалық реттеу және жеке тұлғаның мақсатты өзгерістерін жоспарлаумен байланысты стратегиялық реттеу [5, 109-б.].

Біздің ойымызша, өзіндік сана-сезімді дамыту үшін, тұлғаның өзін-өзі тану үрдісінің когнитивті компонентін жандандыру қажет. Оны тәжірибеде сынап көру, белгілі бір салаға қатысты, тұлғаның өзіндік қажеттіліктері мен тілектерін түсінуге мүмкіндік беретін «4 коучингтік сауал» техникасын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл коучинг тәжірибесіндегі белсенді тәсілдердің бірі. Оның мәнісі мынада: клиент коучпен өзара әрекеттесу барысында, төрт негізгі сұраққа дәйекті жауап іздестіреді.

- 1) Нақты не нәрсеге қол жеткізгім келеді және қай салада?
- 2) Бұл нәліктен мен үшін маңызды?
- 3) Оған қалай қол жеткіземін?
- 4) Қалаған нәтижеге жеткенімді қалай білемін?

Коучинг технологиясы клиенттің өзіндік сана-сезімін жандандыруға бағытталғандықтан, біздің ойымызша, «4 коучингтік сауал» техникасын GROW моделінің құрылымдық компоненттерімен салыстыруға болады. Ол бойынша сұрақтарды қойғанда негізгілерін білу керек: коуч сұранысты шешуді білгенімен, клиентті оған бағыттамайды. Клиенттің сұраныс шеңберіндегі даму немесе дайындық деңгейін бағамдау үшін «Не үшін бұлай ойлайсың?», «Бұл әрекеттер қандай болжамға негізделеді?», «Не себепті бұлар дұрыс нәтижеге жетелейді деп есептейсің?» сауалдары қойылады. Ал, коучтың болжамдарын тексеру барысында, маман клиент өрісінде жұмыс істеу маңызын түсінуі қажет. Себебі сұраныс клиент тарапынан жасалып отыр, сондықтан оның шешімін сыналушы коучтың жетелеуші сауалдарының көмегімен, өзі іздестіргені жөн.

Тәжірибеде өзіндік сананың даму үрдісін коучингтік технология арқылы жүзеге асыру үшін, әуелі оның деңгейін анықтау ұсынылады. Бұл «бастапқы қалып» деп аталатын шкалалау тәсілімен, субъективті түрде (сыналушы өзін-өзі шкалалайды) бағаланады. Келесі кезекте өзіндік сананың «өсу нүктесі» анықталады. Ол жаппай бірегейлікке құрылған, әмбебап әдістеме емес; мұнда барлығы барынша жеке. Сондықтан, өзіндік сананың даму деңгейіне байланысты, осы екі процедураны да коучтың сүйемелдеуімен, клиент өзі орындайды.

Сыналушының өзіндік санасының даму деңгейін арттыру үрдісінде оның құндылықтар жүйесін бағдарлау өте маңызды. Бұл үшін оның бейсаналы түрде таңдау жасауына әсер ететін құндылықтардың қайнар көздері анықталады. Мәселен, сыналушының өскен ортасы, өмір сүру салты, қазіргі кездегі айналасы, қызығушылықтары, т.б. Коучингтік зерттеу барысында ұзақ кідірістің алдын алу үшін, кейде қарама-қарсы позициялар ұсынылады. Мәселен, «еркіндік» ұғымына «қаржы», «отбасылық өмірге» – «мансап», «достар» құндылығына «оңашалану» сынды қайшылықтар. Мұндай тәжірибелер тұлға құндылықтарының басымдықтарын анықтау кезінде аса тиімді болып табылады [6].

Экспериментке қатысқан сыналушылардың өзіндік сана-сезімінің дамуының *бастапқы қалыбы* «Саналылық өрнегі» шкаласы арқылы өлшенді. Коучингтік өлшемнің шкаласы ретінде өзіндік сана-сезім мазмұнындағы 8 параметр 10 баллдық жүйеде бағаланды: өзін-өзі тануы, өзін-өзі бағалауы, өзіндік бақылауы, қабылдауы, түсінуі, жауапкершілігі, шешім қабылдауы, білімділік деңгейі. Әр қатысушының өзіндік сана-сезімінің бастапқы қалыбы анықталған соң, эксперименттің келесі кезеңі – оны дамыту деңгейі, яғни «өсу нүктесі» жүзеге асырылды. Ол «Жақтау», «Назар аудару», «Ұмтылу мәндері», «Аулақ болу мәндері», «Уақытқа регресс», «Уақытқа прогресс» сынды коучингтік трансформациялық техникалар көмегімен жүргізілді.

Нәтижелер және оларды талдау

Экспериментке өңірлік жоғары оқу орнының педагогикалық бағытында білім алып жатқан 20 студент қатысты. Сыналушылардың өзіндік сана-сезімдерінің бастапқы қалыптары жеке шкалалау техникасымен өлшенді. «Саналылық өрнегі» әдістемесінің әр секторындағы параметрлар 1 мен 10 арасында бағаланып, шартты түрде белгіленді. Келесі кезекте белгілердің аралары қосылып, сыртқы шеңберлер мен олардың ішіндегі суреттердің аралары айшықталды. Экспериментатордың нұсқауымен ең төменгі бағаға ие болған параметрлар айрықша белгіленді. Барлық процедураларды сыналушылардың өздері жүргізуі «жауапкершілікті үнемі клиентте ұстау» деп аталатын коучингтік технологияның басты қағидасына сәйкес орындалды.


Зерттеу нәтижелері сыналушылардың көрсеткіштерінің орташа мәндерін анықтау арқылы өңделді. 1-кестеде қатысушылардың өзіндік сана-сезімдерінің бастапқы қалыптары бейнеленді. Мұндағы: N – сыналушылар реті, % – өзіндік сана-сезімнің бастапқы қалыбы.

1-кесте: Өзіндік сана-сезімнің бастапқы қалыбы (% есебімен)

N1	77	N6	69	N11	76	N16	87
N2	80	N7	78	N12	77	N17	97
N3	86	N8	82	N13	78	N18	96
N4	67	N9	79	N14	70	N19	94
N5	81	N10	84	N15	88	N20	79

Зерттеу нәтижелерін өңдеудің келесі кезеңінде өзіндік сана-сезім мазмұнындағы параметрлар назарға алынды. Ол үшін әр сектордағы топтық көрсеткіштер есептелініп, олардың орташа мәндері анықталды. Сонымен, сыналушылардың өзін-өзі тануларының деңгейі – 89%, өзін-өзі бағалаулары – 87%, өзіндік бақылаулары – 88%, қабылдаулары – 91%, түсінулері – 92%, жауапкершіліктері – 85%, шешім қабылдаулары – 79%, білімділіктерінің деңгейі – 78%.

Коучингтік технология көмегімен зерттелген сыналушылардың өзіндік сана-сезімдері дамуының деңгейі (бастапқы қалып) 1-суретте бейнеленді.




1-сурет: Коучингтік технология бойынша жүргізілген эксперименттік зерттеудің алғашқы кезеңінің нәтижесі

Анықтау экспериментінен кейін, сыналушылардың өзіндік сана-сезімдерін дамыту мақсатында, жеке ресурстар ауқымын кеңейту жұмыстары жүзеге асырылды. Бастапқы қалыптан ары қарай, өсу нүктесін белгілеу үшін SWOT-талдау тәсілі қолданылды. Оның қорытындысы бойынша, экспериментке қатысушылардың 90 пайыздан астамының күшті жақтары түсіну деңгейі, қабылдау шамасы, өзін-өзі тану мазмұны екен; ал әлсіз жақтары білім көлемі мен шешім қабылдау сапалары болса, тәуекелдер өлшемінде өзіндік бақылау және жауапкершілік, ал мүмкіндіктерге өзін-өзі бағалауды көрсеткен. Осылайша, өзіндік сана-сезімнің *ең жоғарғы даму нүктесі* ретінде түсіну – 92%, қабылдау – 91%, өзін-өзі тану – 89% өлшемдері; *ең төменгі нүкте* ретінде білімділік – 78% және шешім қабылдау – 79%; сондай-ақ *орташа деңгей* ретінде өзін-өзі бағалау – 87%, өзіндік бақылау – 88%, жауапкершілік – 85% белгіленді.

Қалыптастыру экспериментінің алғашқы кезеңінде үлгі ретінде, сыналушыларға демосессия түріндегі коучинг жүргізілді. Өзіндік сана-сезімнің дамуы, жоғары саналылық мазмұнындағы зейін сынды психикалық процессті нақты жағдайға (жеке даму факторлары) шоғырландыра білу және ұзақ уақыт ұстап тұруға жаттығу қажеттігі пысықталды. Мұндай күйді қалыптастыру үшін, үй жұмысы ретінде практикалық психологиядағы релаксация, медитация сынды белсенді техникалармен жүйелі айналысу шарттылығы тапсырылды. Бұл сыналушылардың әрқайсысыларының бойларында «ішкі жаттықтырушының» дамуына ықпал етеді [7].

Өзіндік сана-сезімді дамыту траекторияларын құру әр сыналушымен жеке коучингтік сессия форматында жоспарланды. Шектеулерді шешу үшін, олардың субъективтік тәжірибелері, жеке ресурстары, өзара қарым-қатынастарының жүйесі талданды. Әр сессия өзегін «Егер мұны жасамасаң, не болады?» сынды қамшылаулар арқылы, дамуға деген құлшыныстарын арттыру; сондай-ақ, қызықтыру арқылы, жоғары құндылықтарға жетелеу немесе келеңсіздіктермен күресті алға тарту арқылы, ынталандырулар құрады. Экспериментке қатысушылардың өзіндік болмыстары және дүниетанымдары назарда бола отырып, соған ғана қолайлы стратегиялар пайдаланылды.



2-сурет: Өзіндік сана-сезімнің дамуын зерттеу экспериментінің нәтижесі

Коучингтік сессиялардың соңы әрдайым рефлексиямен аяқталып отырды. Рефлексия үрдіс туралы кері байланыс болудан тыс, эксперимент тиімділігін бағалау құралының да рөлін атқарды. Рефлексия келесі мазмұнда өрбіді: «Өзіндік сана-сезімнің (ӨСС) дамуын жақсартатын үш технологияны ата», «Сіздің ӨСС дамуына көбірек әсер еткен жағдай?», «Шешім қабылдаудың бірінші қадамы қандай?» [8].

Қалыптастыру экспериментінен кейін, «Декарт координаты» техникасы жүргізілді. Бұл – сыналушылардың өзіндік сана-сезімдерінің дамуына, коучингтік технологиялардың қаншалықты әсер еткенін өлшеу үшін қажет болды. Ол «егер мен осыны орындасам не табамын (не жоғалтамын)?» және «егер мен осыны орындамасам не табамын (не жоғалтамын)?» сауалдарына жауап түрінде жүзеге асырылды [9].

Коучингтен кейін сыналушылардың өзін-өзі тану деңгейлері 91%, өзіндік бақылаулары 95%, түсіну шамалары 96%, шешім қабылдаулары 89%, яғни өсу нүктелерінің жоғарғы деңгейін көрсететін өлшемдер 5,8 пайызға артқан; ал, жалпы өсім (сегіз өлшем бойынша) 5,5 пайыз артқан (2-сурет).

Қорытынды

Тұлғаның өзіндік сана-сезімін дамыту үрдісі, ішкі әлеуетті арттыру үрдісімен теңестіріліп, ол үшін коучингтік технологияларды қолдану тиімділігі жоғары деген зерттеу болжамы расталды. Әркімнің табыстылығы оның өзіндік сана-сезімінің даму деңгейімен тығыз байланысты. Дегенмен, сәтсіз өмірлік тәжірибелер барысында, адамдарда шектеулер пайда болады. Олар – тұлға табыстылығын тежейтін келеңсіз факторлар. Сондықтан, жеке нанымдар мен субъективті пайымдарды прогрессивті реттеу және шектеулерді шешу үшін, коучингтік технологияларды қолдану артықшылықтары зерттелді. Әсіресе, коучингтің тұлғаны дамыту әлеуеті, оның кәсіби өсуімен қатар, ондағы өзіндік сана-сезімнің даму маңызын тәжірибеде сыналып, жоғары нәтижелер берді. Экспериментке қатысушылардың өзін-өзі танулары, құндылықтарының бағдарын айқындаулары, өмірлерінің мәнін ұғынулары сынды болмыстың іргелі қажеттіліктері коучингтік технологиялар арқылы зерттелді. Олардың жеке ресурстарына сүйене отырып, жүргізілген өзіндік сана-сезімді трансформациялау техникаларының нәтижелері айтарлықтай жоғары болды. Эксперимент нәтижелеріне қарап, коучингті тұлғаның психологиялық мәселелерін шешетін жаңа, тиімді құрал деп тұжырымдауға болады.

Өзіндік сана-сезімнің даму үрдісін «бастапқы қалып» және «өсу нүктесі» деп аталатын коучингтік алгоритмдер негізінде өлшеу жеке адамның даралық ерекшеліктерін сақтай отырып,

дамытуға мүмкіндік береді. Эксперимент барысында зерттеу әдістерінің тиімділігі сыналушылардың өзін-өзі тану, өзіндік бақылау, түсіну, шешім қабылдау сынды өлшемдерінің өсу нүктелерінің жоғарылауымен тұжырымдалды. Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі өзіндік сана-сезім деңгейінің салыстырмалы көрсеткіштері сыналушылардың оң өзгерістерге ұмтылыстарынан хабар береді: әр адамның өз тағдыры үшін жауапты екенін сезіну санадағы тың серпілістермен сәйкестендіріледі.

Сонымен, сыналушылардың жеке әлеуеттерін ашу мақсатында қолданылған ойға қозғау салу, сананы ояту, ресурстарды жұмылдыру сынды коучингтік техникалар, сол сәттегі сұраныстардың түйіндерін тарқата келе, олардың өзіндік сана-сезімдерінің даму деңгейлерін арттырды. Осылайша, экспериментке қатысушылардың өз арман-мақсаттарымен түйісулерінде коучингтік технологиялардың маңызы мен тиімділігі жоғарылығы туралы берген бағалар зерттеу нәтижелерімен сәйкестікті көрсетті.

References

1. *Stolin V.V. Self-consciousness of personality. – Moscow: Moscow State University, 1983. – 286 p.*
2. *Kusainova M. A., Ospanbayeva M. P. Mentoring tools. – Taraz, 2021. – 78 p.*
3. *Volkova T.G. Psychology of self-consciousness: a textbook. – Barnaul: Publishing House of the Altai University, 2014. – 342 p.*
4. *Kon I.S. In search of self: Personality and its self-consciousness. – M.: Politizdat, 1984. – 65 p.*
5. *Morosanova V.I. Personal aspects of self-regulation of voluntary human activity // Psychological Journal, 2002. Vol. 23. No. 6. Pp. 5-17.*
6. *Konopkin O.A. Mechanisms of conscious self-regulation of voluntary human activity. Collection of scientific papers. – Stavropol: PI RAO, SevKavGTU, 2007. Pp. 12-30.*
7. *Ospanbayeva M.P., Kenzhan A.M. Memlekettik kyzmetshilerdin biliktiligin arttyru urdisinde kasibi-tulgalyk damudy kamtamasyz etudin zamanau-psychologiyalyk strategiyalary // Abai at. Kazak ul'ttyk pedagogikalyk universitetinin khabarshysy: Psychology of seriyasy. – Almaty, №4 (61), 2019. - 32-36 bb.*
8. *Galvey W. Timothy, Work as an internal game: Focus, learning, pleasure and mobility in the workplace. Translated from the English by T.Gutnikova – Moscow: Alpina Business Books, 2015. – 252 p.*
9. *Thomas J. Leonard, Effective coaching. – Moscow: Alpina Business Books, 2008. – 241p.*

М.А. Абсатова^{1*}, А.Б. Дошыбеков²

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

² Қазақ спорт және туризм академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МАМАНДАРЫН ОЛИМПИАДАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ

Зерттеу жұмысы Қазақстан республикасы ғылым және жоғары білім Министрлігінің гранттық қаржыландыру аясында орындалған, ЖТН АР 14871202

Аңдатпа

Олимпиадалық білім беруді дамыту мәселесінің өзектілігі Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында «Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың міндеттерінде: олимпиадалық емес, *олимпиадалық*, паралимпиадалық және ұлттық спорт түрлерін дамыту» деп нақты қоғам алдына қойылған міндеттің анықталғандығымен негізделеді.

Мақалада зерттеушілер ғылыми-педагогикалық, арнайы әдебиетті талдау барысында шетелде және Қазақстанда олимпиадалық білім беруді дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру тәжірибесін қарастырады. Озық олимпиадалық білім беру тәжірибесі бойынша Беларусь, Украина, Ресей мемлекеттеріндегі жүйелі жұмысты атап өтуге болады.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, құндылықтар жүйесін дамытуда олимпиадалық спорт жоғары дәрежеде тұлғаның үйлесімді дамуына әсер етуі анықталған. Спортшы тұлғасын олимпиадалық білім беру негізінде дамытудың психологиялық негіздері анықталған.

Зерттеуді түйіндей келе, аталмыш мемлекеттерде олимпиадалық білім беру жүйелі сипатта екенін басып айтуға болады, ол жастардың барлық категориясын, мектепке дейінгі баладан жоғары оқу орнының студентін қамтитын тұжырымдамалық амалдарда. Жалпы, олимпиадалық білім беруді ендіру, олимпиадалық идеалдар мен құндылықтарды спорт және дене шынықтырумен айналысатын адамдарға дәріптеу бойынша біршама ақпараттық-насихаттық, ғылыми-зерттеушілік және ұйымдастырушылық жұмыстар негізінде жүргізілуде.

Түйін сөздер: олимпизм, олимпиадалық білім беру, мектеп, үйлесімді даму, олимпиадалық идеалдар, тәжірибе.

Абсатова М.А.^{1}, Дошыбеков А.Б.²*

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы.*

² *Казахская академия спорта и туризма, Казахстан, г. Алматы*

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ПОСРЕДСТВОМ ОЛИМПИЙСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В Законе Республики Казахстан «О физической культуре и спорте» одним из задач государственной политики в области спорта выделено: «развитие не олимпийского, олимпийского, паралимпийских и видов национального спорта», что обосновывает актуальность проблемы развития олимпийского образования и определяет конкретные задачи перед обществом.

В статье исследователи на основе анализа научно-педагогической, специальной литературы рассматривают опыт организации работ по развитию олимпийского образования зарубежом и в Казахстане. В качестве передового опыта развития олимпийского образования можно отметить системные работы Республики Беларусь, Украины и России.

Раскрывается влияние спорта, олимпийского спорта на формирование системы ценностей и гармоничное развитие личности. Определены психологические основы развития личности спортсмена посредством олимпийского образования.

Резюмируя исследование можно отметить, что в вышеуказанных государствах преобладает системный характер развития олимпийского образования, и обеспечивает методологическими подходами все категории молодежи, начиная с дошкольного возраста до студентов высших учебных заведений.

В целом, пропаганда олимпийских идеалов и ценностей людьми, занимающимися спортом и физической культурой, внедрение олимпийского образования реализовываются с включением информационно-пропагандистского, научно-исследовательского и организационных работ.

Ключевые слова: олимпизм, олимпийское образование, школа, гармоничное развитие, олимпийская культура, опыт.

Absatova M.A.^{1}, Doshybekov A.B.²*

¹ *Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty*

² *Kazakh Academy of sport and tourism, Kazakhstan, Almaty*

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF FUTURE SPECIALISTS OF PHYSICAL CULTURE THROUGH OLYMPIC EDUCATION

Abstract

The relevance of the problem of the development of Olympic education is justified by the fact that the law of the Republic of Kazakhstan “on Physical culture and sports” defines the task set for a society as “in the tasks of the state policy in the field of physical culture and sports: the development of non-olympic, Olympic, paralympic and national sports”.

In the article, researchers consider the experience of organizing work on the development of Olympic education abroad and in Kazakhstan in the process of analyzing scientific pedagogical, special literature. The experience of advanced Olympic education, systematic work in the states of Belarus, Ukraine, Russia can be noted.

The influence of sports, Olympic sports on the formation of a system of values and the harmonious development of personality is revealed. The psychological foundations of the athletes personality development through Olympic education are determined.

Summing up the research, it can be noted that Olympic education in these countries is systemic in its conceptual approaches, covering all categories of young people, from a preschool child to a student of a higher educational institution. In general, a lot of information, research and organizational work is being carried out on the basis of the introduction of Olympic education, popularization of Olympic ideals and values for people engaged in sports and physical culture.

Keywords: Olympism, Olympic education, school, harmonious development, Olympic culture.

Кіріспе. Қазақстан республикасының мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2022 жылдың 1 қыркүйегінде «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Қуатты ұлттың дінгегі - халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білім терең болуы керек» деп қоғам алдына міндет жүктеген [1].

Қазақстан республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында 2.2 «Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың міндеттерінде: олимпиадалық емес, олимпиадалық, паралимпиадалық ... және ұлттық спорт түрлерін дамыту» деп анықталған [2].

Аталмыш міндеттерді шешу, біздің ойымызша, білім беру жүйесіне олимпиадалық білім беруді ендіруді қажет етеді. Осы тұста қарастырып отырған мәселе олимпиадалық білім беруді дамытудың озық шетелдік тәжірибесін зерттеу және Қазақстанда ендіру мүмкіндіктерін қарастыру бүгінгі таңда аса үлкен сұранысқа ие, себебі олимпиадалық білім беру үйлесімді тұлға дамытудың негізгі факторы болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: ғылыми педагогикалық, психологиялық, арнайы әдебиеттерді талдау негізінде олимпиадалық білім беруді дамыту мәселесі бойынша шетелдік және Қазақстандық тәжірибені жинақтау, озық тәжірибені жүйелеу, олимпиадалық білім берудің психологиялық тұстарын анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

1. Олимпиадалық білім беруді дамыту мәселесі бойынша ғылыми-педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау негізінде озық тәжірибені жинақтау.

2. Олимпиадалық білім беруді дамыту мәселесі бойынша жинақталған тәжірибеге салыстырмалы талдау жасап, әрбір мемлекеттің ерекшеліктерін анықтау.

3. Болашақ дене шынықтыру мамандарын олимпиадалық білім беру арқылы дамытудың психологиялық тұстарын анықтау.

Зерттеудің әдістері мен ұйымдастырылуы: аталмыш мәселе аясында ғылыми- педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау, олимпиадалық білім беруді дамыту бойынша озық тәжірибені зерделеу, жүйелеу, салыстыру, сауалнама, анықтаушы эксперимент. Анықтаушы эксперимент кезеңінде мектеп мұғалімдеріне арналған сауалнама әзірленіп, еңгізіліп, нәтижелік көрсеткіштер зерттеуде анықталаған.

Зерттеудің нәтижелері мен оларды талқылау.

Зерттеуде, ең алдымен, біз жастарды олимпиадалық білім беру негізінде дамытудың озық тәжірибесін жинақтауды жөн көрдік.

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттер мен ғаламтор желісін талдау негізінде олимпиадалық білім беруді дамытуда Беларусь мемлекетін атап өтуге болады.


Беларусь республикасының олимпиадалық білім беруді тарату бойынша жұмысты реттейтін мекеме Беларусь олимпиадалық академиясы. Аталмыш академия 1982 жылы Минск қаласындағы Дене шынықтыру және спорт Академиясында құрылған. Оның негізгі міндеттері:

- Беларусь республикасының халқының арасында Олимпиада ойындарын, олимпиадалық қозғалыс, олимпизм идеалдары, мақсаты мен міндеттерін, қағидаттарын, гуманистік құндылықтарын насихаттау;

- жоғары жетістік спортын, бұқаралық спорт, дене шынықтыруды жан жақты дамуына жәрдемдесу [3].

Елде олимпиадалық білім беру бойынша жұмысты белсендіру әрекеті 2000 жылы қолға алынды, 2001-2005 жылдары «Республикадағы олимпиадалық білім беруді дамыту Бағдарламасы» жүзеге асырылды, оның аясында келесідей жұмыстар:

- олимпиадалық білім беру жүйесінің бірыңғай республикалық жобасын әзірлеу;
- олимпиадалық кітапхана қалыптастыру;
- мұрағат қалыптастыру;
- «Беларустың барлық олимпиада чемпиондары» каталогын шығару;
- студент пен оқушыларға «Өркениет және олимпизм» арнайы курсы әзірлеу (сурет-1).



Сурет-1 Беларусь олимпиадалық академиясының тәжірибесі

